



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

# ҚОҒАМ ЖӘНЕ ДӘУІР

ҒЫЛЫМИ - САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ



1/2007

СЫРТҚЫ САЯСАТ  
ЖӘНЕ  
ҚАУІПСІЗДІК

ІШКІ САЯСАТ

ЭКОНОМИКА

ҚОҒАМ  
ТАРИХ  
МӘДЕНИЕТ

Астана



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ  
ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

2004 жылдан бастап  
әр тоқсан сайын жарық көреді

Бас редактор  
**Болат СҰЛТАНОВ**,  
ҚР Президентінің жанындағы  
ҚСЗИ директоры

Жауапты редактор  
**Нұрлан СЕЙДІН**

Шығаруға жауапты:  
Ү. Нысанбек

Дизайн және беттеу  
Г. Хаткулиева, А. Садуақасов

Редакция мекен-жайы:  
Қазақстан Республикасы,  
050010, Алматы қаласы,  
Достық даңғылы, 87-б  
ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ

Телефон (327) 264-34-04  
Факс (327) 264-49-95  
E-mail: office@kisi.kz  
www.kisi.kz

Журнал Қазақстан Республикасының  
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық  
келісім министрлігінде 2003 ж.  
19 желтоқсанда тіркеліп, тіркеу туралы  
№ 4526-Ж күелік берілген.

Индекс 74007

Журналда жарияланған материалдарды  
көшіріп басқан, микрофильмдеген  
жағдайда журналға сілтеме жасалынуы  
міндетті. Жарияланған мақала  
авторларының пікірі редакция  
көзқарасын білдірмеуі мүмкін.

Алматы қаласы Медеу ауданының  
ҚБ ДООИВА баспаханасы  
050010, Алматы қаласы,  
Уәлиханов көшесі, 115.

Таралымы 500 дана.



ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

## СЫРТҚЫ САЯСАТ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК

**Ақбаршо Искандаров**

Бүгінгі геосаяси өзгерістер жағдайындағы орталықазия аймағындағы жаңа интеграциялық ұсыныстар ..... 3

## ІШКІ САЯСАТ

**Гүлмира Сұлтанбаева**

Қазақстандық БАҚ-тағы саяси коммуникацияның даму бағыттары ..... 6

**Гүлшат Нұрымбетова**

Тәуелсіз Қазақстандағы саяси ақпаратты таратудың демократиялануы ..... 10

**Әбіләзиз Исаев**

Демократиялық қағидаларды жүзеге асырудың басты кепілі – саяси сауаттылық ..... 13

## ЭКОНОМИКА

**Марат Нәрібаев**

Қазақ-түрік экономикалық қатынастарын Қазақстанның сыртқы экономикалық қызметі тұрғысынан жетілдіру ..... 18

**Әдемі Ерасылова**

Бәсекеге қабілетті мемлекет: Швецияның тәжірибесі ..... 21

**Төлеген Тәжібаев, Әнуар Бекешов**

Коммерциялық банктердің несиелік рейтингінің теориялық негіздері ..... 23

## ҚОҒАМ. ТАРИХ. МӘДЕНИЕТ

**Балташ Қаріпов**

Консерватизмнің негізін қалаушы Ж. де Местрдің ілімі ..... 29

**Сәбит Шілдебай**

Қазақстандағы мемлекеттік билік жүйесінің тарихнамасы ..... 32

С.Е. Жүсіповтың рухына ..... 36

## РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

- Болат СҰЛТАНОВ – редакциялық кеңестің төрағасы, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының (ҚСЗИ) директоры, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
- Нұрлан СЕЙДІН – жауапты редактор, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы ҚСЗИ-дың жетекші ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты
- Нұржамал АЛДАБЕК – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Шығыстану факультетінің деканы, тарих ғылымдарының докторы, профессор
- Мәулен ӘШІМБАЕВ – Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары, саяси ғылымдарының кандидаты
- Камал БУРХАНОВ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігі Ш.Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының директоры, саяси ғылымдарының докторы, профессор
- Ержан ЖАТҚАНБАЕВ – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Экономика және бизнес факультетінің деканы, экономика ғылымдарының докторы, профессор
- Санат КӨШКІМБАЕВ – Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы ҚСЗИ директорының бірінші орынбасары, саяси ғылымдарының кандидаты, доцент
- Қуанышбек ҚАРАЖАН – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Тарих факультеті Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор
- Әбдімәлік НЫСАНБАЕВ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігі Философия және саясаттану институтының директоры, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор
- Сайпулла САПАНОВ – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті халықаралық қатынастар кафедрасының доценті, саяси ғылымдарының кандидаты
- Марат ТӘЖИН – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрі, социология ғылымдарының докторы, профессор
- Болат ТЛЕПОВ – Алматы қаласы әкімі аппараты Ішкі саясат департаменті директорының орынбасары, саяси ғылымдарының кандидаты

## РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

- Болат СУЛТАНОВ – председатель редакционного совета, директор Казахстанского института стратегических исследований (КИСИ) при Президенте РК, кандидат исторических наук, доцент
- Нурлан СЕЙДИН – ответственный редактор, ведущий научный сотрудник КИСИ при Президенте РК, кандидат исторических наук
- Нуржамал АЛДАБЕК – декан Факультета востоковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, доктор исторических наук, профессор
- Мәулен АШИМБАЕВ – заместитель Руководителя Администрации Президента РК, кандидат политических наук
- Камал БУРХАНОВ – директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова МОН РК, доктор политических наук, профессор
- Ержан ЖАТҚАНБАЕВ – декан Факультета экономики и бизнеса Казахского национального университета имени аль-Фараби, доктор экономических наук, профессор
- Санат КУШКУМБАЕВ – первый заместитель директора КИСИ при Президенте РК, кандидат политических наук, доцент
- Қуанышбек ҚАРАЖАН – заведующий кафедрой новой и новейшей истории Казахстана Исторического факультета Казахского национального университета имени аль-Фараби, доктор исторических наук, профессор
- Абдумалик НЫСАНБАЕВ – директор Института философии и политологии МОН РК, академик НАН РК, доктор философских наук, профессор
- Сайпулла САПАНОВ – доцент кафедры международных отношений Казахского национального университета имени аль-Фараби, кандидат политических наук
- Марат ТАЖИН – министр иностранных дел РК, доктор социологических наук, профессор
- Болат ТЛЕПОВ – заместитель директора Департамента внутренней политики аппарата акима города Алматы, кандидат политических наук

# Бүгінгі геосаяси өзгерістер жағдайындағы орталықазия аймағындағы жаңа интеграциялық ұсыныстар

**Акбаршо ИСКАНДАРОВ,**

Тәжікстан Республикасының Қазақстан Республикасындағы  
Төтенше және Өкілетті Елшісі, саяси ғылымдарының кандидаты

**Б**іздің пікірімізше, көптеген сарапшылар кейбір құрылымдардың тиімділігіне күмәнмен қарайды. Түрлі көпжақты құрылымдардың пайда болуын сарапшылар мүше-мемлекеттердің осы ұйымдардың қызметінің тиімсіздігі мен даму қарқынына қанағаттанбағаннан кейін пайда болуда деген болжам айтуда. Егер біз Орталық Азияға көңіл бөлетін болсақ, біз оған көптеген елдердің геосаяси қызығушылық танытып отырғанын ескеруіміз қажет.

Сондықтанда интеграциялық ұйымдардың құрылымы мен саны және конфигурацияларының үнемі өзгеріп отырулары осыдан. Уақыт өткен сайын интеграциялық жобаларға жаңалар қосылып отырады. Соңғы екі жылда аймақ елдері мен оларға басқада мемлекеттерді біріктіруге бағытталған үш ұсынысты байқауға болады. Бұл – 2005 жылдың ақпанында Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев ұсынған Орталықазия мемлекеттерінің одағы, АҚШ-тың «Үлкен Орталық Азия» жобасы және «Орталық Азия қосылған Жапония» диалогы. Бір ескертін мәселе, осы ұйымдарды жобалауда ұсынушы жақ ең бірінші геосаяси факторды басты назарда ұстаған, өйткені жаңа ғасырда бұл идеология немесе принциптер емес нақты мүдделерден туындап отыр. Орталықазия аймағында геосаяси күрес аймақтан тыс мемлекеттердің бай табиғи қорды, яғни отын-энергетика көздерін бөлуге ықпал етуге негізделген.

Осы тұста өзінің мерзімімен, дайындығымен және болашағымен көпшіліктің назарын аудартқан, Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Орталықазия мемлекеттерінің одағын құру жөніндегі ұсынысы іс жүзіне асқан жағдайда аймақ мемлекеттерінің әлемдік қауымдастыққа тиімді интеграциялануларында, ұлттық экономикаларын дамытуда, бәсекегеабілеттілік деңгейлерін арттыруда маңызды фактор болмақ.

Бұл ұсыныс аймақ мемлекеттері арасында олардың қуатын пайдалана отырып біртіндеп интеграция мәселесін шешуге, экономикалық реформаларды үйлесімді іске асыруға, еркін сауда аймағын, кеден одағын, тауарлар, қаржы, жұмыс күші, қызмет көрсетудің ортақ нарығын қалыптастыруға, сонымен қатар Еуропалық Одақ сияқты ортақ валютаны енгізуге мүмкіндік берер еді. Сондай-ақ Н. Назарбаевтың айтуынша өзі ұсынып отырған құрылымды құру аймақта ұлы державалар арасындағы экономикалық басымдыққа қол жеткізудегі бақталастықтан туындап отыр [1].

Ұсынылып отырған Одақ уақытша саяси және экономикалық бірлестік емес, керісінше ұзақ мерзімге бағытталған, мемлекеттер арасындағы саяси және экономикалық жоспардағы интеграциялық мәселелерді тиімді шешуге бағытталған мемлекетаралық өзара әрекеттесетін орган.

Н. Назарбаевтың интеграциялық үрдістердің инициаторы ретінде бұл алғашқы ұсынысы емес екенін атап өткен жөн. Ол КСРО ыдырап жатқан тұста одақтық мемлекет шеңберіндегі байланыстарды сақтауға шақырған. Ал 1994 жылы ТМД алдында қызметін тоқтану немесе бірлестікті реформалау үшін нақты шешімдер қабылдау қажеттігі тұрған шақта, Н. Назарбаев халықаралық қауымдастық тарапынан жалпы оң баға алған Еуразиялық Одақ тұжырымдамасын ұсынды. Онда біртіндеп бір ортақ мемлекет құру жөнінде айтылған. Алғашқы кезеңде конфедерация, сосын өкілеттікті – Атқарушы хатшылыққа жүктеген, ортақ басқарушы орган құру айтылған. Ал түбінде азаматтығы, бюджеті бір, ортақ қаржы органдары бар Одақ құру көзделген [2]. Жобада: «Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, өтпелі қоғам тек ұжымдық біруге арқылы сәтті жаңаруға қол жеткізе алады. Сонымен қатар, біз ТМД-ның кейбір мемлекеттері өз беттерінше осы мәселеде оң шешім табуға тырысуда, бірақ одан әлі қандай да бір нәтиже шыққан жоқ. Жаңа жағдайда экономикалық интеграцияны іс жүзіне асырмайынша ол солай қала бермек» деп атап көрсетілген [3]. Яғни, бұл жерде бұрынғы КСРО-ның әкімшіл-әміршіл экономикасын қалпына келтіру туралы әңгіме қозғап тұрған жоқ, керісінше экономикалық дағдарыстан бірлесіп шығу әдісін, қалыптасқан шаруашылық байланыстарды сақтап отырып, біртіндеп нарықтық қатынастармен негізделген жаңа түрін қалыптастыру жөнінде әңгіме қозғалуда. Бірақ ол кезде Н. Назарбаев ұсынған Еуразиялық Одақ жобасы ертелеу болып, оның шынайылығы мен болашағының зор екендігіне қарамастан ТМД басшыларының қолдауына ие болмады. Соған қарамастан, осы жобада айтылған көптеген ұсыныстар, яғни көпдеңгейлі және түрліжылдамдықтағы интеграциялық принциптері Достастық шеңберіндегі интеграциялық үрдістердің дамуына белгілі бір дәрежеде ықпал етті.

Қазақстан басшысының интеграциялық мәселелердегі қажырлығы мен табандылығы оны өз мүмкіндіктерін біріктіруге нақты әлеуттері жеткілікті елдердің бүгінгі мен келешегіне аландайтын президент-интегратор ретінде даңқын шығарды. 1999 жылы қыркүйек айында Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан елдерінің мәдениет

және ғылым қайраткерлерінің халықаралық кездесулері барысында сөйлеген сөзінде, Орталық Азияда геосаяси және геоэкономикалық ортақ кеңістік қалыптастырудың маңыздылығын жеткізді: «Біздің стратегиялық экономикалық мақсатымыз – бұл бірыңғай экономикалық кеңістік, ортақ сауда-кедендік аймақ, тұтас валюталық одақ және ортақ экономикалық стратегия қалыптастыру» деп атап өтті [4].

Қазақстан басшысының Орталықазия елдері одағын құру туралы жаңа бастамасы, біздің ойымызша бүгінгі күні аса маңызды, бұл ұсыныс болашақта аймақ мемлекеттерін әлемнің негізгі ойыншыларының қатарына қосатын шынайы құрылымға айналуы әбден мүмкін. Егер бұл бастама толық іс жүзіне асатын болса, аймақ мемлекеттері үшін аса тиімді жоба болар еді.

Орталықазия елдері одағын құру идеясы болашағының зор болуы оны тиімді ететін бірқатар факторлармен байланысты болуда.

Бұл, біріншіден, аймақ мемлекеттерінің тұрақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында ұлттық экономикалардың қорларын біріктіру оң нәтиже беріп, ұзақ мерзімді өсімге жеткізеді. Экономикалардың өзара тиімді әрекеттесулері елдердің саяси жүйелерінің тұрақтылық пен баяндылықтың кепіліне айналуына жеткізеді.

Екіншіден, көпжақты ынтымақтастық үрдісімен институционалды сипаттағы әр бір мемлекеттің артықшылықтарын тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін белгілі позитивті факторларға тікелей байланысты. Олардың қатарына этникалық, тілдік тұтастық, сақталынған ортақ инфрақұрылымдар жатады. Мысалы, энергетикалық және көлік байланыстары, құқықтық жүйе мен стандарттардың ортақ негізі.

Үшіншіден, Н. Назарбаевтың ұсынысын іске асыруға айталықтай ыңғайлы жағдай қалыптасуда. Аймақ мемлекеттерінде тәуелсіздік алғаннан бері интеграция тақырыбы өзектілердің қатарында келеді. Елдерде дамудың маңызды тұстары бойынша интеграцияның қажеттілігі жөнінде түсінік қалыптасқан, бір-бірімен жақындасу үрдісінде ымырашылықтың маңыздылығын сезінуге мүмкіндік беретін тәжірибе жинақталған.

Бірақ, тәжірибе көрсеткендей, жоғарыда аталған оң үрдістер біругудің алғышарттарын қалыптастыру үшін жеткіліксіздеу. Аймақ елдері тәуелсіз даму барысында дербес ұзақ жол жүріп өтті және олардың көп жағдайда экономикалық даму үлгілері мен нарыққа өтудегі тұжырымдамалары әр алуан. Саяси жүйелерінде де біраз алшақтықтар бар. Аймақта жаңа одақ құру мүмкіндіктерін қарастырғанда, біріктіру үрдісін тежейтін факторларды да ұмытпаған жөн.

Экономикалық реформалардың қарқынындағы айтарлықтай ауытқушылықтарды, аймақ елдерінің түрлі саяси бағдарын, олардағы қалыптасқан кең көлемдегі басқару жүйесін ескере отырып, Орталықазия елдері одағын құрудағы басымдыққа ие бұл бүгінгі таңда саяси фактор болуда. Бұл жерде бастысы мемлекет басшыларының саяси ерік жігерлері керек, өйткені интеграция барысында түрлі қиындықтар кездесуі әбден мүмкін. Бұл дегеніміз Қазақстан Президенті Н. Назарбаев ұсынған идеяларды іске асыру, пайда болған қиындықтарды жеңу үлкен дайындықты қажет етеді. Біздің ойымызша, орталықазия елдері одағына мүше мемлекеттер Еуро Одақ мемлекеттеріне қарағанда ұйымшыл жақынырақ болуы қажет. Ол үшін оларда барлық мүмкіндіктер бар. Интеграциялық үрдістердің бастапқы кезеңінде, бірігуге кедергі келтірген басты факторлардың бірі, аймақ мемлекеттерінің арасындағы көшбасшылыққа талас болса, бүгінгі таңда ондай мәселе күн тәртібінде жоқ.

Қазақстан Республикасын аймақтағы көрші елдер, оның айналасында нақты қызмет ететін интеграциялық институт құруға болатын көшбасшы мемлекет ретінде таниды. Тек осылай ғана ұсынылған Одақ шеңберінде интеграциялық үрдіс дами алады. Ал басқа жағдайда оны Орталықазия ынтымақтастығы ұйымының тағдыры күтіп тұр. Бұл жерде айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізу үшін басты назар аударатын мәселе, үкіметтердің бір-біріне сенім арту деңгейіне, ортақ шешімдер қабылдау механизміне байланысты болмақ. Егер әр бір мүше мемлекет кез-келген мәселе бойынша вето құқығына ие болатын болса, интеграция орнынан да жылжымайды. Бұл жерде бірлестік шеңберінде қабылданған шешімдерді іс жүзіне асыратын жүйені мықымдап, осы шешімдердің басқа ұлттық заңдардан басым тұратындай етіп анықтап алған жөн.

Орталық Азия аймағы мемлекеттерінің бірігулеріне қатысты жаңа идеяларды қарастыру барысында, Америка Құрама Штаттарының бастауымен ұсынылған Үлкен Орталық Азияны дамыту және ынтымақтастық бойынша серіктестік аймақтық форумын атамай кетпеуге болмайды. Бұл АҚШ дайындаған бір топ жоспарлау, бақылау және іске асыру бағдарламаларынан тұрады. Жобаның жалпы сипаттамасы 2005 жылдың жазында танымал американдық саясаттанушы Фредерик Старрдың «Орталық Азия үшін серіктестік» мақаласында баяндалған. Ол мақаласында орталықазия аймағында аймақтық қатынастардың жаңа жүйесін қарастырған, яғни оған ол Ауғанстанды Орталық және Оңтүстік Азиялардың арасын байланыстыратын мемлекет ретінде ұсынады. Ф.Старрдың пікірінше, «соңғы кездегі Ауғанстандағы қол жеткізген үлкен жетістіктер, Ауғанстан үшін ғана емес, барлық Орталық Азияға үлкен мүмкіндіктер беріп отыр». Құрама Штаттар Ауғанстан және жалпы аймақ, тиімді нарықтық экономика орнатқан, мемлекеттік басқаруларын ашық және зайырлы жүргізетін, Вашингтонмен оң байланыс орнатқан тәуелсіз мемлекеттердің қауіпсіз аймағына айналуына мүдделік танытып отыр [5].

Соңғы кездері түрлі деңгейде ҰОАБІ тұжырымдамасын қалыптастыруда жұмыстар жүріп жатыр. Жоба бойынша интеграциялық үрдістерді дамыту үшін Әлемдік Банк, Азияның даму банкі, АҚШ-тың сауда және даму жөніндегі Агенттігі, Халықаралық даму агенттігі және т.б. өз жобаларын ұсынуда [6].

АҚШ-тың мұндай жобаларды ұсынып, белсенділік танытуы оның осы аймаққа деген қызығушылығын және оның ұзақ мерзімге созылатындығын байқауға болады. Сарапшылардың пікірі бойынша бұл жоба Орталық Азия елдерінің ұлы көршілері Ресей мен Қытай бағытын әлсіретіп, олардың аймақтағы қатысулары мен ықпалын бәсеңдетіп, оларды жаңа бағытқа бұру, Орталық Азия елдерінде шоғырланған бай қазба байлықтарын өз мүддесіне сай тиімді пайдалану. АҚШ-тың бұл саясатына әзірше аймақ мемлекеттері ашық жауап қайтарған жоқ, басым бөлігі әліптін артын бағуда. Тек Қазақстан ғана өз ұстанымдарын ресми түрде жариялады. Қазақстан АҚШ-тың Үлкен Орталық Азия жобасына, егер ол аймақтағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты сақтауда және нығайтуда қызмет атқаратын болса өзінің қолдау білдіретіндігін мәлімдеді. Бұл мәлімдеме сарапшы топтар арасында қызу пікір-таласқа айналуға айналды. Өйткені бұл мәселе шынымен де жетірет өлшеп, бір кесуді қажет ететін мәселе. Сонымен қатар, бұл ұсыныс болашақта геосаяси сипаттағы қарама-қайшылықтарға тап келуі әбден мүмкін.

Көптеген сарапшылардың пікірінше осы бағыттағы тағы бір көңіл аудармай кетуге болмайтын интеграциялық жоба, ол

АҚШ үйлестіріп отырған «Орталық Азия қосылған Жапония» диалогы. Жапония ұсынған осы форматтағы алғашқы кездесу 2004 жылдың соңында өткен еді.

Жоба, Жапонияның ресми тұлғаларының пікірінше, қатар екі вектор бойынша ынтымақтастықты дамытуға бағытталған: Жапония мен Орталық Азияның әр бір мемлекетімен жеке екі жақты қатынастарды нығайту және жалпы Жапония мен Орталық Азияның ынтымақтастығын дамыту.

2005 жылдың наурызында Диалогқа қатысушы тараптар ынтымақтастықтың бес негізгі бағытын бекітті: саяси диалог; аймақшілік ынтымақтастықты дамыту; бизнесті қолдау; интеллектуалды диалог; мәдени байланыстар мен Орталық Азия мемлекеттері мен Жапония арасында екі жақты қатынастарды нығайту мақсатында азаматтармен алмасу. Жапония Үкіметінің 1997 жылы «Ұлы Жібек жолы» дипломатиясының негізінде аймақтағы интеграциялық үрдістерге белсене араласуда. 2001 ж. 11 қыркүйектегі оқиғадан кейін, бұл бағдарлама қарқынды дами түсті. Бұл бағдарлама алғашында негізінен экономикалық сипатта болса, кейіннен саяси астарыда басым түсіп, бағдарламаның мақсатына ланкестікпен күрес қосылды. Аталған бағдарлама шеңберінде жапон үкіметінің аймақ мемлекеттеріне көрсеткен қаржылық көмегінің көлемі 1990 – 2004 жылдар аралығында 2,5 млрд. АҚШ долларын құраған. Қаржы негізінен елдердегі әлеуметтік және экономикалық құрылымдарды жетілдіруге, кадр даярлауға жұмсалған. Жапония аймақ елдеріндегі инвестициялық жобаларға қатысуға әр уақытта өз белсенділігін бәсеңдеткен емес.

Жалпы аймақ мемлекеттері үшін бірігу олардың тиімді дамуына және ХХІ ғасырдың қауіп-қатерлеріне бірігіп тойтарыс берулеріне мүмкіндік береді. Орталық Азия мемлекеттеріне қарама-қайшы келіп тұрған күрделі мәселелер, аймақ мемлекеттерін объективті түрде интеграцияға итермелеуде.

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана «Казахстан на пути ускоренной экономической, социальной и политической модернизации». 18 февраля 2005 г.//www.akorda.kz.
2. Назарбаев Н. О формировании ЕАС//Азия. – 1994. - № 23.
3. Проект «О формировании Евразийского Союза Государств»//Евразийское пространство: интеграционный потенциал и его реализация. - А., 1994. - С.4.
4. Выступление Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева на международной встрече деятелей культуры и науки Казахстана, Кыргызстана, Таджикистана и Узбекистана. Сентябрь 1999 г.
5. Старр Ф. Партнерство для Центральной Азии// Россия в глобальной политике. – 2005. - № 4. - С.72.
6. Сидоров О. Центральноазиатское фианкетто США//Мир Евразии. – 2006. - № 6(31). – С.30.

#### «Новые интеграционные инициативы в регионе Центральной Азии в условиях современной геополитики»

**Ақбаршо Искандаров** – Чрезвычайный и Полномочный Посол Республики Таджикистан в Республике Казахстан

В статье рассматриваются актуальные проблемы продвижения в регионе Центральной Азии новых интеграционных инициатив.

В этом контексте автор анализирует выдвинутую Президентом Республики Казахстан Н.Назарбаевым инициативу по формированию Союза Центральноазиатских государств (СЦАГ), а также другие инициативы, возникшие в регионе с учетом новых геополитических условий.

С этой точки зрения, по мнению автора, предложение о создании Союза Центральноазиатских государств является наиболее своевременным и продуманным. Следовательно, автор приходит к выводу, что реализация данной идеи может стать важным фактором устойчивого развития, повышения уровня конкурентоспособности национальных экономик и успешной интеграции стран региона в мировое сообщество.

#### “New integration initiatives in the region of Central Asia in the conditions of modern geopolitics”

**Akbarsho Iskandarov** – Ambassador Extraordinary and Plenipotentiary of the Republic of Tajikistan in the Republic of Kazakhstan

The article examines pressing issues of new integration initiatives in the region of Central Asia. In this context the author analyses the President of RK Nazarbayev’s initiative on the formation of the Union of Central Asian states, as well as other initiatives, that have emerged in the conditions of new geopolitics.

From this point of view, in the opinion of the author, the proposal on the creation of the Union of Central Asian states is very timely and thorough. Consequently, the author believes that the implementation of this idea can be an important factor of sustainable development, raising the level of competitiveness of national economies and successful integration of states of the region into the world community.

# Қазақстандық БАҚ-тағы саяси коммуникацияның даму бағыттары


Гүлмира СҰЛТАНБАЕВА,

өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті БАҚ менеджменті және жарнама кафедрасының доценті

**К**азіргі уақытта саяси коммуникация қардиналды өзгерістерге ұшырауда. Бұл ақпарат құралдарының техникалық жағынан дамуына байланысты жүзеге асуда. Саяси ақпарат тек техникалық даму деңгейіне ғана емес, саяси идеологиялық сипатына, ақпарат тарату көзіне де байланысты. Қазіргі заманда бұқаралық саяси ақпараттандырудың екі тенденциясы байқалуда /1/. Оның бастысы, нақты қадағу жүйесінсіз өте ауқымды түрлі хабарламаның берілуімен айқындалады. Нәтижесінде қоғамның белгілі бөлігі (аполитизация) саясаттан тыс қалады. Осы тәсілді «ақпараттық бөлшектеу» деп те атайды. Бөлшектеу тәсілі нақты саяси мақсатты көздейді. Қазақстандық БАҚ нарығы да жаңа достастық мемлекеттеріндегідей «ақпараттық бөлшектеу» саясатынан аттап өте алмады. Бұған ақпарат нарығындағы түрлі сипаттағы, түрлі бағыттағы басылымдардың қаптап жарық көруі (дайжест басылымдар, бақыланбайтын электрондық газеттер, көңіл көтерушілік басылымдар және т.б.) мен телеарналардағы «ток-шоу» бағдарламалары мен радиоэфирлердегі музыкалық-ойын хабарлары дәлел.

Саяси ақпараттандырудың келесі тенденциясы - идеологиялық-насихаттық қондырғының ақпараттық ағынды

## Саяси ақпаратқа берілетін комментарий




қатаң бағындыруы болып отыр. Бұл тәсіл әсіресе саяси партиялар мен қозғалыстардың мерзімді басылымдарына тән.

Қазіргі саяси өмірде насихатты негіздеу саласында бірқатар тенденциялар байқалуда. Оның ішінде аудиторияның әлеуметтік ерекшеліктеріне байланысты түрлі басылымдардың бөлшектенуі ерекше байқалуда. Ақпараттандырудың «қалаулы иллюзия» тәсілі кеңінен тарап отыр. Қоғамдық пікірден байқалатыны бірінші орында ақпараттың терең заңдылығы, ішкі әсерлі сипаты емес сыртқы көрінісі, әсіресе жарқын сенсациялық мәні тұрады. Сенсациялық

– аудиторияның мәліметтерді қабылдауына, ұғынуына кедергі келтіретін саяси насихаттың бір құралы болып саналады. Егер сенсация газеттік басылым үшін басым болса, онда ол коммерциялық емес саяси мақсат ұстанғаны.

Соңғы уақытта елдің саяси өміріндегі З.Нұрқаділов пен А.Сәрсенбаев сияқты қоғамдық және саяси қайраткерлердің өлімі ерекше оқыс оқиға ретінде БАҚ-та материалдар легін тудырды /2/. Саяси сипаттағы трагедиялық оқиғалардан соң БАҚ-та түрлі болжамдар мен комментарийлер берілді. Беделді оппозиция өкілінің өлімі Қазақстандағы қоғамдық пікірдің орталығына айналды. Парламент Мәжілісінің депутаты С.Әбдірахманов пен Қазақстан журналистер конгресінің төрайымы Д.Назарбаева дер кезінде Республика басшысына ашық хат жолдап, шындық пен әділдікті қорғауын өтінген-ді /3/.

## Саяси ақпараттың берілу тәсілдері



Саяси ақпараттардың бұқара санасын тез жаулайтыны белгілі. Осы сәтте еліміздегі Парламент пен журналистика институттары халық арасындағы билікке деген сенімді қорғау мақсатында әділ қадам жасады. Трагедиялық жағдайға байланысты Ел басының тікелей эфирдегі халыққа арнауы да бұқара үшін өте қажет коммуникациялық тәсіл еді, әрі бұл президенттік билік тарапынан жасалған дұрыс шешім.

«Сары басылымдардың» пайда болуы Қазақстан және басқа да бұрынғы кеңестік елдердің ақпарат нарығындағы заңды құбылыс деуге болады. Осы сипаттағы басылымдардың көптеп шығарылуы мен «электрондық сары басылымдардың» пайда болуы БАҚ дифференциясының саяси жүйеде орын алғаны деуге болады. Мәселен, веб-басылымдардың ішінде «Навигатор» - билікке байланысты негізделмеген, объективті емес материалдар мен сын жариялауда батылдық танытып отыр. Республикалық «Караван» және аймақтық «Замана» газеттері мен оның көптеген қосымшалары дайы-

жест материалдар, көңіл көтерушілік сипаттағы әңгімелермен шектелуде әрі мемлекеттік органдар бұл басылымдардан аса қауіптен қоймайды. Керісінше, БАҚ нарығындағы «сары басылымның» ұлғаюы мен көбеюі «ақпараттың бөлшектенуі» тәсілінің өміршеңдігін растай түседі. Иллюзиялық көрініске жетудің келесі тәсіліне әлемдегі байсалды әлеуметтік саяси мәселелерге тиісті ақпараттарды ығыстырып, көңіл көтерушілік сипаттағы материалдарды ұсыну жатады. «Ығыстыру» тәсілінің өзіндік ерекшелігі - бұқаралық иллюстрациялық журналдардың жарық көруі болып отыр. Сапалы басылымдардың талдамалық сипаты кездейсоқ емес. Өйткені нақты ақпаратсыз әлеуметтік басқару мүмкін емес және талдамалы әдебиет нақ сол әлеуметтік механизм тұтқасын ұстап отырғандар үшін қажет. Осыдан саяси насихаттың қайшылығы – азшылыққа арналған жеңілдетілген концепцияның байсалды негізделуі мен көпшілік үшін иллюзиялық көрініс келіп шығады /4/. Елдегі басылымдардың ішінде республикалық және корпоративтік иллюстрациялық журналдар ерекше орын алады. Бұлар «сапалы басылымдар» категориясына жататын «Exclusive», «Мир Евразии», «Kazakhstan» және т.б. журналдар. Халықаралық бизнес басылымдар бизнес-элита аудиториясына бағытталған. Басылымдар негізінен инвестиция, энергетика, экономика, мұнай бизнесі, PR және маркетинг мәселелеріне арналған материалдар жариялайды.

**Саяси ақпараттың мақсаты**



Бүгінде саяси масс-медиа нарығында ауқымды тиражбен күнделікті, апталық басылымдар («Егемен Қазақстан», «Kazakhstanская правда», «Айқын», «Литер», «НП», «Время», «Жас қазақ» және т.б.) және сараптамалық басылымдар («Континент», «Ақиқат», «Мир Евразии», «Бәйтерек», «Exclusive» т.б.) жарық көреді.


Түрлі арналардағы «Бетпе-бет» (Хабар), «Дода», «Состояние.kz», «В центре внимания», «Общественное мнение» (31 арна), «Есть дела» (КТК) сияқты интерактивтік бағдарламаларда елдегі саяси жағдай сарапталады. Бұл бағдарламалар бүгінде өзектілігімен, ашықтығымен, өткірлігімен, тақырып алуандығымен, бағдарлама авторларының шығармашылық шеберлігімен ерекшеленеді. Сарапшылар мен саяси шолушылар елдегі саяси мәселелерді талқыға салып, ойларын бөліседі. Тікелей эфирден миллиондаған аудиторияға тарайтын хабарларда талқыға салынған мәселелер жайлы ұсыныстар айтылады. Осындай интерактивтік бағдарламалар халықтың саяси сауаты мен мәдениетін арттыруға көп себін тигізері анық.

Саяси коммуникация үрдісінде көпшілікке арналған иллюзиялық көріністерді қабылдаушы рөлін бұқара атқарады. Бірнеше мыңдаған ауыл тұрғындары мен көптеген қарапайым қатардағы қала азаматтарының элиталық топтарға арналған

басылымдардың аудиториясына айналуы неғайбыл болса керек. 2006 ж. автор Қазақстандағы ауыл тұрғындарының саяси санасына, саяси сауаттылығы мен саяси белсенділігіне әсер етуші факторларды айқындау мақсатында сауалнама жүргізген болатын (Халықаралық еңбек ұйымының Орталық Азия елдерін қолдаудың аймақтық жобасының қолдауымен жүргізілді). Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданына қарасты «Қоғалы» елді мекені тұрғындары арасында жүргізілген сауалнама нәтижесі көпшілік саяси насихат тұжырымдамасының объективтілігін дәлелдей түседі. Тұрғындардың 97% сараптамалық басылымдар жайлы хабары жоқ. Ауыл тұрғындарының басым бөлігі мемлекеттік БАҚ-қа сенім артады. Респонденттердің үштен бірі БАҚ-тағы саяси тақырыпқа қызығады. Ауыл азаматтарының басым көпшілігі үшін билік пен халық арасындағы байланыс ашық та түсінікті /1-9 дигараммалар/.


БАҚ-тағы саяси ақпараттардың қоғамдық пікір, қоғамдық сананы қалыптастырудағы рөлі өте маңызды. Масс-медиа саяси ақпараттарды жариялап, таратқанда адам мүддесі, адамның рухани дүниесі, ізгілік пен шындық принциптері, өнегелік нормалары басты орында тұратындығын ұмытпауы тиіс.

**Қазақстандық БАҚ-тағы саяси ақпарат берілу деңгейін бағалау**



Өркениет дамуының ақпараттық кезеңі адам әрекетінің барлық саласын басқаруда, соның ішінде саясатта да күн тәртібіне түбегейлі жаңа ақпараттық тәсілдердің даму қажеттілігін ұсынуда. Сондықтан саясат әлеміне, билік үшін күрес-тайталастың әлеміне қазіргі кезде ақпараттық принциптерге сүйенген коммуникациялық сайлау технологиялары белсене енуде. Саясатты басқару және алға қойылған саяси

**Қазақстандық БАҚ-тағы маңызды ақпараттар**



мақсаттарға жету үрдістеріндегі менеджерлік, маркетингтік және жарнамалық тәсілдердің өзектілігін әлеуметтік салаларға ғылыми әдістемелердің жүйелі түрде енуінен деп санауға болады.

Саяси коммуникация сайлау науқандары кезінде жарнамалық тәсілдерді идеологиялық қару ретінде пайдаланады. Саяси жарнама өзара байланыса, әрекет ете отырып, бұқаралық қоғамдық-саяси сананы тиімді жаулайды. Сайлау технологиялары коммуникациялық үрдістер арқылы жүзеге асады. Саяси коммуникацияның теориялық модельдерін меңгеру саясаттехнологтардың табысының кепілі деп санауға болады. Жалпы, сайлау технологияларының қаншалықты кәсіби де сауатты жүргізілуі саяси коммуникацияның соншалықты деңгейде дамығанын білдіреді. Сайлау технологиялары мен саяси коммуникацияның қазақстандық тәжірибесін сараптау қортындылары төмендегіше.

Қазақстандағы сайлау технологияларының пайдаланылуы саяси жүйенің өзгеруіне тікелей байланысты. Еліміздегі қазіргі заманғы саясаттану ғылымында сайлау технологияларының пайдаланылу кезеңдерін төртке бөледі /5/.

Бірінші кезең: командалық-әкімшілік жүйе жағдайындағы сайлаулар (1989 жылға дейін). Түрлі сипаттағы саяси технологияларды жасанды түрде пайдаланумен ерекшеленді.


Екінші кезең: «басқарылмайтын демократия» жағдайындағы сайлаулар (1989-1994 жж.). Саяси технологиялар дамуының осы кезеңі сайлау процедуралары мен нәтижелерінің белгісіздігімен ерекшеленді, яғни электоралдық науқан «ережелері» белгісіз болды, ал мемлекет электоралдық үрдістерді бақылауды әлсіреткен болатын.

Үшінші кезең: мемлекеттік аппарат қорларының көмегімен жүзеге асқан сайлаулар (1995-1999 жж.). Бұл кезеңнің басталуы елдегі саяси жүйенің өзгерістеріне сәйкес келді. Басқа технологияларға қарағанда әкімшілік қорларды пайдалануға мүмкіндіктер берілуімен ерекшеленді.

Төртінші кезең: саяси технологияларды белсенді пайдалану арқылы жүргізілген сайлаулар (1999-2004 жж.). Аталмыш кезеңде саяси кеңесшілер мен PR-қызметі нарығының өкілдері белсенді түрде қатыстырылған 1999 ж. парламенттік және президенттік сайлаулардан басталды.

Автордың пікірінше, Қазақстанда 2004 жылдан бастап электронды сайлау жүйесі енгізілуіне байланысты сайлау технологияларының жаңа кезеңі басталды. Осы кезеңнің басталуы «Сайлау» автоматты сайлау жүйесін пайдалану болып саналды. Бұл кезең Парламенттегі партияларға бөлінген орынның көбеюімен, сайлау жүйесінің реформалануымен, оппозициялық күштердің пайда болуымен, электорат белсенділігінің артуымен және шетелдік PR-технологтар жұмысына саяси кеңесшілерден тұратын жергілікті ұлттық командасының тартылуымен ерекшелінді.

**Саяси ақпараттың берілу жолдарын таңдау**




Еліміздегі электронды сайлау демократиясының перспективасы сайлаушылардың келу деңгейін жоғарылатуға әсерін тигізуі мүмкін. Бірақ азаматтық қоғам әлсіз тарамдалса, өкілеттік институттар қажетінше бірігіп, келісімге келмесе, партиялар арасындағы жарыстар, сайлаушылар арқылы жүргізілетін шынайы үміткерлерді сайлау төмендетілсе, өкімет коррупцияға ұшыраса, заң аяққа тапталса, оппозициялық қозғалыстар басып тасталса, онда саяси құқықтар мен азаматтардың бостандығы жай ғана жасанды болғаны.

2004 ж. кәсіби сайлау технологияларының пайдаланылуы бірнеше бағытта жүргізілді. Бұл үміткерлер арасындағы теледебат үрдісі мен барлық саяси партиялар мен блоктардың саяси жарнамасы нарығындағы бәсекелестіктің пайда болуына әкелді.


«Отан» партиясының кеңесшілері БАҚ мүмкіндіктерінен басқа әлеуметтік топтардың жиылысын да шебер ұйымдастырды. Мұндай шаралар партияны қолдаушылардың шоу-концерті, форумы түрінде өтті. Партияның сайлау алды платформасының насихатталуы кәсіби ұйымдастырылған коммуникациялық стратегия мен технологияны айқындайды. «Асар» партиясы көптен ұмыт болған технологияны жаңғыртып, «Асар – ел ішінде» автокеруенімен ел аралады. «Ақ жол» партиясының коммуникациялық стратегиясы ірі мегаполистерге бағытталғандықтан аймақтық жерде партияның бағдарламасы, саяси брендті көп танымал бола қоймады.

**Қазақстандағы басқарушылар мен басқарылушылар арасындағы қарым-қатынас деңгейі**




«Ақ жол Қазақстан», «Жас Алаш», «Мегаполис», «Дала мен қала», «Страна и мир», «Экспресс К» және т.б. басылымдар сайлау алды науқанында саяси партиялардың коммуникациялық стратегиясын жүргізуші басты БАҚ алаңына айналған еді.

**БАҚ, саяси топтар, саяси партиялар арасындағы байланысты бағалау**



2004 ж. ҚР Парламенті Мәжілісіне сайлау алды науқанында «Жас Алаш» газеті «Ақ жол» партиясының жетекшілері мен стратегиялық платформаларын жайлы циклды материалдар жариялап отырды. Саяси сипаттағы материалдардың ішінде оппозициялық бағыттағы материалдар циклі мен оппозиция жетекшілері Ж.Тұяқбай, О.Жандосовтармен сұхбаттары ерекшеленеді. Басылымның журналистері Е.Қарин, Д.Сәтпаев сияқты тәуелсіз саяси сарапшылармен және «Ұлт тағдыры» қозғалысының жетекшісі Д.Көшіммен сұхбаттар ұйымдастырып отырды. Газеттің аудиториясы ауылдық жерлерде көбейгенімен, ірі мегаполистерде (Алматы қ., Астана қ.) зиялы қауым өкілдері аса ынталылық танытпайды және республикалық басылымның кейбір «сарғылттым» реңіне сенім арта қоймайды.

### Бұқаралық ақпарат көздерін таңдау



Н.Ә.Назарбаевтың басты кеңесшісі Е.Ертісбаев Президент сайлауы алдында да республикалық масс-медиада әрекеттегі Президенттің позициясын кәсіби тұрғыда өте дәлелді негіздеп бере отырып, оппозиция атына сын айтады. «Хабар» арнасындағы «Жеті күн» бағдарламасында кеңесші 2005 ж.

4 желтоқсандағы сайлау жайлы болжамдары мен ойларын дәлелдей түседі /6/.

Болашақта Қазақстандағы саяси коммуникацияның дамуы сайлау науқандары үрдістерінің сауатты жүргізілуіне, азаматтардың саяси белсенділігіне, саяси үрдістерде жаңа ақпараттық технология үлгілерін пайдалануға, әдеп нормалары мен мінез-құлық нормаларын сақтауға, саяси ойыншылардың кәсіби сенімдеріне байланысты.

### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Грачев М.Н. Политическая коммуникация//Вестник российского университета дружбы народов. Серия политология, №1, 1999;
2. Казинформ 13 ноября 2005 г.; Интерфакс-Казахстан, 29 ноября 2005 г.; Литер, 19 ноября 2005 г.; Жас казах, 22 ноября 2005 г.; www.gp.kz; www.navi.kz, www.mizinov.net, www.zonakz.net и др.
3. Если Вы не сможете на этот раз защитить ПРАВДУ, то в будущем нас ждут новые кровавые разборки/ ҚР Парламентінің Мәжіліс депутаты С.Әбдірахмановтың арнауы. Мәжіліс Үйі, 21 наурыз 2006.
4. Панарин И.Н. Информационная война, PR и мировая политика. М.: Горячая линия-Телеком, 2006. - 352 с.
5. Морозов А., Қасымбекова А. Эволюция политических технологий в Казахстане на примере избирательных кампаний/ www.kazpravda.kz
6. «Жеті күн». «Хабар», 16 қаңтар 2006; Разум и правда против лжи и клеветы/Е.Ертысбаевтың сұхбаты/ "Экспресс К", 30 сәуір 2004 .

### «Развитие политических коммуникаций в казахстанских СМИ»

Гульмира Султанбаева – доцент кафедры менеджмента и рекламы СМИ КазНУ им. Аль-Фараби

Данная статья посвящена вопросам развития политических коммуникаций в казахстанских СМИ. В данное время политическая коммуникация терпит кардинальные изменения. Это связано с техническим развитием СМИ. Распространение политической информации зависит не только от уровня технического развития, оно связано и с политической идеологией и методами распространения информации. В настоящее время информирование политической массы развивается в двух направлениях. В статье дается подробный анализ этих направлений.

### “Development of political communication in Kazakhstan mass media”

Gulmira Sultanbayeva – assistant lecturer of the management and advertising mass media department of KazNU named after Al-Farabi

The given article is dedicated to the issues of development of political communication in Kazakhstan mass media. Presently political communication is undergoing radical transformation, which has to do with technical development of mass media. Political information depends not only on the level of technical development but also it is connected with political ideology and methods of information proliferation. Currently information provided to political masses is developing in two directions. The article outlines a thorough analysis of these two ways.

# Тәуелсіз Қазақстандағы саяси ақпаратты таратудың демократиялануы

Гүлшат НҰРЫМБЕТОВА,

Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің теориялық және қолданбалы саясаттану кафедрасы, саяси ғылымдарының докторы

**Қ**азақстан тәуелсіздігі жылдарында қоғамымыздағы көптеген мәселелерге қатысты ұстанымдар, көзқарастар түбірімен өзгерді. Солардың қатарында азаматтардың саяси өмірге қатысуы, ақпарат мәні, оны тарату мәселелеріне де қатысты көзқарастың қайта қаралғанын айтуымыз керек. Саяси белсенділікті арттыруға ықпал ететін тетіктердің арасынан біз ақпаратты, оны жеткізуші бұқаралық ақпарат құралдарының ролін ерекше атап едік. Себебі, бүгінгі күні қоғам өмірінде ақпарат мәні зор. Шамасы «Мәліметі мол адам - жер-жаһанның иесі» деп бекерден-бекер айтылмаса керек. Ақпарат адамдар санасына, азаматтық позициясын анықтауға, азаматтық және саяси белсенділігіне, өмір сүруіне, тұрмысы мен демалысына шешуші тұрғыдан ықпал етуде.

Заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға, оны таратуға Қазақстанның 1995 ж. қабылданған Конституциясы бойынша әрбір адам құқылы. Сондықтан, осы әрбір қазақстандық азамат құқын жүзеге асыруда бұқаралық ақпарат құралдарының орны ерекше. Бүгінде тек экономикалық және қаржылық қызметте ғана емес, сонымен бірге саяси белсенділік те ақпараттық және байланыс технологияларын пайдаланудан тікелей тәуелділігін тәжірибенің өзі дәлелдеуде. Бұқаралық ақпарат құралдарының қандай түрінің болмасын саясаттануын байқамау мүмкін емес, әрі олардың саясаттағы ролін біржақты бағаламау керек. Ол күрделі де көпқырлы институт деуімізге толық негіз бар. Себебі, ол тұрғындарды елде және нақты шетелдерде болып жатқан оқиғалар мен құбылыстар туралы ақпаратпен қамтамасыз ету үшін саналуан ұйымдар мен элементтерден құралады. Егер осы ақпараттық құбылысты қарапайым ақпаратты жинау, оны аздап өңдеу, техникалық құралдар көмегімен оны жеткізу, адамдардың оны қабылдауы және жеткізген ақпарат негізінде олардың іс-әрекетке көшуі сияқты схема бойынша жүреді десек, онда ешқандай мәселе де туындамаған болар еді. БАҚ-ты күрделендіретін, оның маңызды функцияны, қоғамды саясаттандыру мен тұрғындардың саяси сауаттылығын көтеруді орындауында. Адам мұндай ақпараттық ағымда субъекті де, объекті де болып табылады. Мысалыға, қай телеарнаны алып қарасаңыз да, күнделікті саяси шолуларынан басқа, арнайы саяси сараптамалық бағдарламалары бар. Айта кетер болсақ, «31»-арнаның «Состояние KZ», «Хабар» арнасының «Жеті күн» апталық сараптамасы, Коммерциялық телеарнаның «Портрет недели» бағдарламасы. Бұқаралық ақпарат құралдары саяси шолулар, саяси талдаулардан басқа

өз оқырмандары, өз көрермендері мен өз тыңдаушыларымен тікелей байланыс арқылы қоғамдық пікірді қалыптастыруға тырысады. Мысалы, «31»- арна саяси тотализатор арқылы екі жақты байланыс орнатуға мүмкіншілік береді. Ал, кейбір басылымдар өзекті мәселелер бойынша тұрғындарға сауалдар қою арқылы қоғамдық пікірді анықтауды жүзеге асырады.

Екінші жағынан, бұқаралық ақпарат құралдарынан халықтың саяси шығармашылығы негізінде белсенділігі көрініс табады. Сөзімізге «31»-арнаның «Дода», «Точка над I», «Центр внимания», «Тұжырым», «Хабар» арнасының «Төртеу түгел болса», Коммерциялық телеарнаның «Что делать?» бағдарламалары дәлел бола алады.

Сонымен, бұқаралық ақпарат құралдары, қандай түрі болмасын, мемлекет пен қоғам арасындағы ақпараттық байланысты орнатушы тиімді каналға айналып отыр. Мәдениет және қоғамдық келісім министрлігі жүргізген социологиялық зерттеуге сүйенер болсақ Қазақстан тұрғындарының 40.6% газетті күнделікті оқиды, ал тұрғындардың 80.1% теледидарды күнделікті қарайды /1/.

Еліміздегі демократиялық өзгерістер бұқаралық ақпарат құралдарын да қамтуда. Сөз еркіндігі деңгейі, ақпаратты және оны қоғамда тарату мүмкіндігі ашық жолмен жүзеге асырылуда, яғни ақпаратты тарату демократияландырылуда.

Қазақстандағы ақпаратты таратуды демократияландырудың бір белгісі мемлекеттік, мемлекеттік емес, қоғамдық бұқаралық ақпарат құралдарының қатар өмір сүруі. Мемлекеттік емес БАҚ дамуына жаңа жол ашқан "Нарықтық қатынастарға өту кезеңіндегі БАҚ қорғау туралы" 1992 жылы қабылданған Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы болып табылады.

2004 ж. 1 қаңтарына республикада 1965 БАҚ, оның ішінде 1260 газет, 529 журнал, 164 теле-, радиокөпманиялар және 12 ақпараттық агенттік қызмет жасап отыр. Олардың 80% мемлекеттік емес БАҚ құрайды/2/. Бұдан бар болғаны 3 жыл бұрын республикада 1300 БАҚ, ал олардың 70% мемлекеттік емес меншікте болған. Биліктің БАҚ қатысты жүргізіп отырған кереғар саясатына қарамастан, олардың саны күнге өсуде /3/.

Мемлекеттік және мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдарының бір-бірінен айырмашылығы тек меншіктік тұрғыдан ғана емес, сонымен бірге ақпаратты тарату әдіс-тәсілдерінде дер едік. Мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдық пікірді қалыптастырудағы негізгі реттеуші ролін атқаруға талаптануда. Сонымен, мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдары халыққа ақпаратты ресми тұрғыдан ғана жеткізіп отырады. Ал, мемлекеттік

емес, тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдары халық алдына таңдау мүмкіндігін бере алады. Таңдау мүмкіндігі саяси үрдістерге тек біржақты көзқарасты, біржақты пікірді берумен шектелмей, балама пікірді де қатар беріп отыру арқылы жүзеге асырылады.

Мұндай балама пікірлерді беру арқылы ақпаратты жеткізу халыққа ой-түрткі де бола алады. Ақпарат таза, сол қалпында қабылданып, басшылыққа алынбайды, керісінше ол ой елегінен өткізіліп адамдардың жаңа, шығармашылық түрін қалыптастыруға ықпал етеді.

Дегенмен, еліміздегі тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарының санына қарамастан, олардың халықты шынайы да әділ ақпаратпен қамтамасыз ету мүмкіндіктері шектеулі. Мұны біз кейбір бұқаралық ақпарат құралдарының заңды, заңсыз жолдармен қудалануынан көруімізге болады. Мысалыға, газет офисін өртеу, газет, теледидар тілшілерін қорқыту, үркіту тәсілдерін қолдану. Бұл жағдайды социологиялық зерттеулер нәтижесі де дәлелдейді. Қазақстан бұқаралық ақпарат құралдарын әртүрлі саяси көзқарастарды жеткізуде сауалнамаға қатысқан респонденттердің 54% еркін емес, тек 33% еркін деп есептейді. Яғни, өкімет тұрғысынан ақпарат мазмұнын реттеуге ұмтылушылық бар екенін көрсеткен/4/.

Бұқаралық ақпарат құралдары азаматтардың саяси белсенділігін арттыру мақсатында, әсіресе, сайлау науқанында кеңінен пайдаланылуда. Бұған дәлел соңғы 1999 жылғы президенттік және парламенттік, 2004 ж. парламенттік, 2005 ж. президенттік сайлау науқандарында бұқаралық ақпарат құралдарының атқарған ролін ерекше айта кеткен жөн.

Социологиялық зерттеулер де мұны дәлелдей түседі/5/. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің саяси ақпарат, саяси мәлімет көзі ретінде басымдық беретін дерек көздері ретінде 56%-газет-журналдар, 92%-теледидар, 23%-радионы көрсеткен. Ал жас мөлшері негізінде бұқаралық ақпарат құралдарының басымдық реті өзгереді: 18-30 ж. аралығындағы топтың 42% - теледидарды, 38% - интернетті, 12% - радионы таңдаған. Яғни, жастар газет-журналдар оқығаннан гөрі теледидар, интернет, радио арқылы ақпаратпен танысады. 30-45 ж. аралығындағы топ өкілдерінің 45% - газет-журналдар, 32% - теледидар, 22% - радионы көрсеткен.

Саяси ақпарат көзін таңдаудағы айырмашылық білім деңгейі мен жынысына байланысты күрделене түседі. Мысалыға, жоғары білімді адамдар теледидарға қарағанда газет-журналдарға басымдық береді, сонымен бірге ХХ ғ. жетістігі болып табылатын интернеттен де ақпарат алудан

Кесте-2 Сіздің негізгі саяси ақпарат көзіңізбен, саяси жаңалықтар көзіңіз. Өзіңіз басымдық беретін үш ақпарат құралын көрсетіңіз.

	Білім деңгейі бойынша	Теледидар	Газет-журналдар	Радио	Интернет
1.	Жоғары білімді	42%	55%	22%	38%
2.	Орта білімді	44%	28%	26%	-
3.	Арнайы орта білімді	46%	15%	18%	-

Кесте-3 Сіздің негізгі саяси ақпарат көзіңізбен, саяси жаңалықтар көзіңіз. Өзіңіз басымдық беретін үш ақпарат құралын көрсетіңіз.

	Жынысы бойынша	Теледидар	Газет-журналдар	Радио	Интернет
1.	Әйел	48%	35%	28%	18%
2.	Еркек	32%	48%	26%	25%

бас тартпайды. Ал орта және арнайы орта білім топ өкілдері теледидарды өздерінің ақпарат көзі ретінде таныйды.

Кестеден әйелдерге қарағанда ер адамдар газет-журналдар мен интернетке көп мән беретінін көреміз. Ал әйелдер үшін ақпарат көзі ретінде бірінші орында теледидар тұр.

Сонымен бірге, 2004 ж. парламент сайлауының ақпараттық қамтамасыз етілуін сауалнамаға қатысқан респонденттердің 62% толығымен немесе жартылай қанағаттанарлық деп бағалаған/6/.

Бірақ осы азаматтарға жеткізілетін ақпарат шынайылығы жөнінде пікірлер тіптен өзгеше. 2004 ж. Парламент сайлауы қарсаңында жүргізілген социологиялық зерттеуде ақпарат сапасы, Қазақстандағы саяси жағдай туралы шынайы мәліметті жеткізу мәселесінде респонденттер жауабынан келесі нәтижені аламыз. Қазақстандағы ашық ақпарат сапасын респонденттердің тек 24% жақсы, 58% орташа, 11% төмен деп бағалаған. Ал елдегі саяси жағдай туралы тұрғындарды ақпаратпен қамтамасыз ету деңгейін респонденттердің 48% жеткіліксіз, тек 26% жақсы деп есептейді. Жалпы халықты шынайы, әділ ақпаратпен қамтамасыз етуде бұқаралық ақпарат құралдарының тәуелсіз, еркін қызметі жағдайында ғана мүмкін. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің 43% Қазақстандық газеттердің («Егемен Қазақстан», «Қараван», «Қазақстанская правда», «Время», «Жас Алаш», «Аргументы и Факты-Казахстан») саяси ақпараты мен жаңалықтарына сенбейтіндігін көрсеткен. Ал теледидар желілерінің саяси ақпараты мен жаңалықтарын қабылдауда тіптен өзгеше жағдай, тәуелсіз желілерге қарағанда мемлекеттік желілерге тұрғындар арасында сенім басым. «Хабар» саяси ақпараты мен жаңалықтарына - 37%, «КТК» - 22%, «Еуразия І» - 13%, «Қазақстан І» - 7%, «Ел арна» - 3% сенеді. Себебі, тұрғындардың басым көпшілігі осы арналарды тұрақты қарайды: «Хабар»- 65%, «КТК» - 41%, «Еуразия І» - 36%, «Қазақстан І» - 30%, «Ел арна» - 15% /7/. Біздің ойымызша, мұның себептерінің бірі дәл осы мемлекеттік телеарналар ғана бүкіл Қазақстан аймағында көрсетіледі. Мысалыға,

ауылдық, селолық жерлерде «Хабар», «Қазақстан І» арналарының желілері ғана тартылған. Бұл өз кезегінде, 2004 ж. сайлау науқанында билікпен өте тиімді пайдаланылды. «Хабар» телеарнасының «Жеті күн» бағдарламасында сайлау қорытындысында «Отан», «Ақ жол», «Асар» саяси партиялары мен «АИСТ» саяси блогының жеңіске жету мүмкіндігі туралы болжау ақпаратының берілуі, сайлаушыларға ықпал еткені сөзсіз.

Кесте-1 Сіздің негізгі саяси ақпарат көзіңізбен, саяси жаңалықтар көзіңіз. Өзіңіз басымдық беретін үш ақпарат құралын көрсетіңіз.

	Жас мөлшері	Теледидар	Газет-журналдар	Радио	Интернет
1.	18-30 аралығы	42%	5%	12%	38%
2.	30-45 аралығы	44%	38%	26%	6%
3.	46-60 аралығы	46%	45%	28%	-
4.	60-жоғары	52%	45%	42%	-

Сонымен бірге, бұл болжаулардың сайлау нәтижелерімен сай келуі саяси бағалаушылардың (эксперт) көрегендігі немесе жоспарланған сауегейлік деуімізге болады. Ақпараттың біржақты берілуі өз таңдауларын әлі жасамаған сайлаушыларға объективті таңдау жасауға мүмкіндік бермейді.

Яғни, Қазақстан азаматтары бұқаралық ақпарат құралдарын өздерінің ақпарат алу көздері ретінде көрсете отырып, олардың сапасы мен шынайылығына көңілдері толмайды. Сонымен бірге, саяси ақпарат пен жаңалықтарды таратуда әлі күнге дейін біржақты, сынар ақпарат беру үстемдік етіп отыр.

Әрине, БАҚ пен билік арасындағы өркениетті қарым-қатынасты қалыптастыруға жасалған талпыныстарды жоққа шығара алмаймыз, бірақ БАҚ туралы заңды қабылдаудың ұзаққа созылуының өзі-ақ оның сипатының өзгергенін дәлелдейді. Бүгінгі күні бұқаралық ақпарат құралдары мен билік арасындағы қарым-қатынас біржақты қалыптасып отыр. Себебі, билік институттары мәселені әлімжеттілік тұрғысынан шешуге тырысып отыр дер едік. Кейбір басылымдар мен телеарналардың, сонымен бірге журналистердің құдалауға ұшырауы ойлантарлық жәйт. Осы негізде ақпаратты таратудағы жаңа кезең туралы да айтуымызға болады. Жоғарыда көрсетілген қысым мен шектеулерге қарамастан, тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдары саяси үрдіске ықпал етуге ат салысудан бас тартпай отыр.

Дегенмен, тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдары Қазақстан азаматтарының саяси белсенділігін арттыруда өзіндік ерекше роль атқарып отыр деген қорытындыға

келеміз. Бұқаралық ақпарат құралдары тек кіріс көзіне айналмай, жеке, әрі тәуелсіз қоғамдық институт ретінде қалыптасуы қажет. Тек сонда ғана ақпаратты таратудағы бостандық туралы айта аламыз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Шукенова А.А. Культурные предпочтения казахстанцев // Саясат, 2001, N-1, 20-б.
2. О соблюдении прав человека и гражданина в Республике Казахстан в 2003 году // Доклад комиссии по правам человека при Президенте РК. – Астана, 19.04.2004. с. 9.
3. Ашимбаев М.С. К вопросу о факторах и особенностях политического развития Казахстана // Саясат, 2001, N-3, с.21.
4. Национальный опрос избирателей Казахстана. Опрос провело Агентство БРИФ Центральная Азия. 2004 г. июль. С. 64.
5. Нұрымбетова Г.Р. Қазақстан халқының саяси қатысуы: сипаты мен жолдары. Монография. – Алматы, 2005. 189-190-бб.
6. Национальный опрос избирателей Казахстана. Опрос провело Агентство БРИФ Центральная Азия. 2004 г. июль. С. 55.
7. Сонда. С.10.

**«Демократизация распространения политической информации в суверенном Казахстане»**  
**Гульшат Нурымбетова** – доктор политических наук, кафедра теоретической и прикладной политологии КазНПУ им. Абая

За годы независимости Казахстана некоторые принципы и взгляды по отношению к отдельным вопросам общества изменились. К таким вопросам, в частности, относятся участие граждан в политической жизни, сущность информации и ее распространение, так как они требуют нового переосмысления и новых взглядов. В статье дается анализ влияния информации на политическую активность граждан и раскрывается роль СМИ в распространении информации.

**“Democratization of political information proliferation in the sovereign state of Kazakhstan”**  
**Gulshat Nurymbetova** – PhD, political science, theoretical and applied political science department of KazNPU named after Abay

During the years of independence of Kazakhstan some principles and outlooks in the relation to some issues of society have changed. Among them is participation of citizens in political life, the essence of information and its spreading demands new rethinking and new approaches. The article gives analyses of influence of information in political participation of citizens and the role of mass media in providing information. Today information plays a substantial role in the life of society.

# Демократиялық қағидаларды жүзеге асырудың басты кепілі – саяси сауаттылық

Әбіләзиз ИСАЕВ,  
Өл-Фараби атындағы Қазақ ҰУ-нің аспиранты

**К**азіргі саяси жүйелердің негізгі белгісі – демократия. Біздің еліміз үшін де аса маңызды мағынаға ие болып отырған өркениетті әлемнің айшықты сипаты – ол қоғамды демократияландыру. Осы саяси процесті күшейтуде қоғам мен мемлекет алдына көптеген саяси талап-тілектер мен міндеттерді шешу пайда болады. Қоғамдағы саяси процестердің қалыпты дамуы саяси тұрақтылық пен бірлікті талап етеді. Саяси ғылымдардың да көтеретін мәселелері тікелей қоғамымыздың саяси қауіпсіздігін, саяси дамуын теориялық тұрғыдан қамтамасыз етіп отырады. Осы жерде саяси білім мен саяси тәрбие, саяси әлеуметтендіру, саяси сана, саяси құндылықтар, саяси мәдениет үлкен рөл атқарады.

Жастарға білім беруді, оның ішінде саяси білім беруді қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымынан, мәдени құндылықтарынан, ұлттық дәстүр, рухани негізден бөле-жара қарауға болмайды.

Саяси білім азаматқа өзі өмір сүріп отырған қоғамдық және саяси құрылыста, мемлекеттегі өз орны мен рөлін, құқығы мен міндеттерін дұрыс ұғынуға, жете түсінуіне көмектеседі. Саяси білім беру арқылы – адамды күрделі әлеуметтік-саяси жағдайда өз орнын таба білуге, басқа адамдардың мүдделері мен құқын құрметтей отырып, өз мүддесін қорғай білуге үйрету. Сонымен қатар ол азаматтарды демократиялық тәртіпті және оны қамтамасыз ететін мемлекеттік, қоғамдық ұйымдарды сыйлауға баулиды.

Бүгінгі таңда кімнің қандай кәсіппен айналысқанына қарамастан саяси және құқықтық білім әр адамға қажет. Өйткені ол сол қоғамда тұрып, тіршілік еткендіктен басқа адамдармен, ұйым мекемелермен және мемлекетпен қатынаста болады. Ал құқықтық-саяси білімі жоқ адамдар қандай да бір саяси істерде амал-айла, қулықтың жетегінде кетеді. Адамдардың саяси сауаттылығына қоғам да мүдделі. Саяси сауаттылық қоғамды деспоттық басқарудан, адамгершілік құндылықтарға қарсы негізделген жүйеден сақтандырады.

Қазіргі қоғамдық сұраныс - өз ісіне мығым, жұртшылықпен араласуда жеке басындағы барлық шынайы жағымды қасиеттерін байқата алатын жеке тұлғаны тәрбиелеуді талап етеді.

«Осы заманғы білім беруді дамыту кадрлардың біліктілігі мен оларды қайта даярлауды ұдайы арттыру және Қазақстан халқы мәдениетінің одан ары өркендеуі, - дей келе, білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге қарсы нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құрамдардың бірі» - деп, атап өтті Елбасы өз Жолдауында [1].

Еліміздегі білім беру саласындағы реформалар арқылы жастар арасында демократиялық саяси мәдениетін

қалыптасуы мен таралуы жүзеге асады. Республиканың білім жүйесіндегі жүріп жатқан реформалардың бірі – білімді гуманитарландыру, ізгілендіру. Президенттің тікелей нұсқауымен 1994 жылы 25-тамызда Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Ұлттық Кеңес бекіткен гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы қабылданды. Аталмыш құжатта: «Жоғарғы мектептегі гуманитарландыру қоғам дамуының алғы шарттарын қалыптастыруға, жастарды нарықтық қатынастар жағдайында жұмыс істеуге әзірлеуге тиіс болғандықтан, қоғамда болып жатқан өзгерістерді алдын ала анықтап, оларды бейнелеп отыруға тиіс» - деп көрсетілген. Кез келген жастың жоғарғы оқу орнын бітіргенде игеруге тиісті негізгі жеке қасиеттер, адамгершілік өлшемдер мен гуманитарлық бағдарлар жиынтығы ретінде мыналар танылады:

- философиялық даярлық (өйткені дүние тану мен түсінудің негізін құрайтын да, мірдің мәнін іздегенде құндылық бағдар беретін де осы);

- нарықтық экономиканың әлеуметтік бағытталуы туралы қазіргі түсіктердің негізінде қалыптасатын экономикалық біліктілік;

- әлемдік өркениет тарихындағы неғұрлым мәнді идеялар мен тұлғаларды білу, мәдениеттің негізгі кезеңдеріне түсінік беру;

- әлеуметтік-мәдени даму заңдылықтарын түсіне отырып тарихи жылнамаға талдау жасай білу;

- қазіргі өркениет жолдарын пайымдау қабілеті; қоғамдағы институттардың құрылымы мен функциялары жайында нақты түсініктің болуы; тарих субъектілері, оның ішінде осы заманғы әлеуметтік күштер, қазіргі қоғамның әлеуметтік құрамы туралы кең ауқымды түсінік; әлеуметтік-технологиялық даму мәселелерінде еркін бағыт-бағдар ұстау [2] – деп, білім жүйесін ізгілендірудің мақсат-міндеттері айқындалған.

Демек, жеке тұлғаның үздіксіз даму, қалыптасу, кәсіби жетілген танымының болуы үшін ең алдымен, адам факторының тек өндірісте ғана емес, өмірдің барлық саласында алдыңғы қатарға шығуын талап етеді.

Білім саласын гуманитарландыру дегеніміз әрбір ғылымда адамның ішкі жан дүниесінің, адамгершілік қасиеттерінің, жеке басының дұрыс қалыптасуына (қоғамның қажетіне сай) бағыттау, соған негіздеу. Адам мен қоғам туралы білім жүйесін қалыптастыратын білім берудің адамгершілік жағын дамыту.

Осыған байланысты жоғарғы оқу орындарының негізгі міндеті маманды тек қана біліммен қаруландырып қоймай, сонымен қатар олардың жеке басының жан-жақты қалыптасуына, дамуына, шығармашылық қабілетінің жетілуіне, кәсіби және саяси мәдениетінің қалыптасуына өз дәрежесінде көңіл бөлу.

Жас азамат ертерек саяси өмірдің қыр-сырын түсіне бастаса және оның адамгершілік принциптеріне сүйенген негізі болса, онда қоғамда жастар арасында белсенді, өркениетті саяси мәдениет жылдамырақ қалыптасары сөзсіз.

Саяси білім алудың немесе саяси білімді, саяси сауатты болудың мәні мен мақсаты неде? Неге біз халықтың, оның ішінде жастардың саяси сауатты болуына мүдделі болып отырмыз? Егер Қазақстан Республикасында халықтың үштен бірін жастар құрайды десек, онда бұл өте үлкен де пәрменді, белсенді, шешуші күш. Бұл сұраққа былайша жауап беріп көрейік:

– Мемлекетте жастардың саяси сауатты болуы алдымен өздерінің қандай саяси құқықтары мен бостандықтары бар екенін білуімен қатар және ол құқықтарды орынды да тиімді пайдалана білуге үйретеді;

– Жастардың мемлекеттегі немесе саяси жүйедегі саяси ұйымдар мен саяси тұлғалардың қандай да бір саяси қулық-сұмдық, амал-айла, іс-әрекеттерінің жетегінде кетпеуіне көмектеседі;

– Мемлекеттік саяси маңызды мәселелерді (сайлау, референдум т.б.) шешуде халықтың саяси белсенділігінің төмендемеуіне, абсентеизмге бой алдырмауға көмектеседі;

– Мемлекеттегі немесе қоғамдағы болып жатқан саяси реформаларды, саяси құбылыстарды дұрыс қабылдауға, түсінуге және саяси дұрыс баға бере отырып, оны саяси дұрыс таразылауға көмектеседі;

– Жастардың жаппай саяси бассыздыққа, саяси теріс іс-әрекеттерге бармауына септігі тиеді;


– Жастардың бойында патриоттық сезімді, қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға, дамытуға, шыңдауға үлес қосады;

Елімізде саяси білімді берудің қандай жолдары мен мүмкіндіктері бар десек, 1-суретке назар аударып көрелік:

**Саяси білім беруді негізгі 6-ға топтастырдық:**

– **оқыту-тәрбиелеу процесі** – яғни, бала-бақшада, мектепте, арнаулы және жоғарғы оқу орындарында, арнайы курстарда – айналаны қоршаған ортамен танысу, дүниетану, құқық негіздері, адам және қоғам, саясаттану, азаматтық білім, өзінді өзін таны, тарих пәндері, сонымен қатар сынып сағаттары, іс-шаралар, тәрбие сағаттары, апталық саяси ақпарат сағаттары, пікірталастар, сөзсайыстар т.б. жүргізу арқылы іске асатындығы белгілі. Оқытудың мен тәрбиелеудің жаңа технологияларын пайдалана отырып, жас ұрпаққа саяси білім мен тәрбие беруде, саясат туралы алғашқы жалпы ұғымның қалыптасуына аталған процестің орны өте үлкен. Себебі, алғаш рет Отан, мемлекет, елбасы, өзінің жеке құқықтары мен міндеттерін, ортақ конституциялық талаптарды дәл осы оқыту-тәрбиелеу процесінде алады;

– **бұқаралық ақпарат құралдары** арқылы саяси білімнің берілуі жалпы әлемдегі, елдегі түрлі саяси жағдайлар мен оқиғаларға, жаңалықтарға саяси сараптама жасай отырып, өзіндік талдауға, ой түйуге үйретеді;



Сурет 1 - Саяси білімнің берілу жолдары

– **жұртышылықпен жұмыс** – жалпы көпшілікке саяси мәні бар акциялардың, митингілердің, жиындардың т.с.с. өткізілуі халықты тікелей саяси іс-шараларға қатыстыра отырып, саяси сауатын ашады. Мысалы, соңғы кездері партия, қозғалыстардың (кезіндегі «Асар», «Қайсар», «Отан» т.с.с.) немесе қалалық әкімшіліктің ұйымдастырып жүрген іс-шараларын айтсақ та жеткілікті. Сайлау кезеңіндегі науқандық жұмыстар бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, түрлі жарнама, афишалармен азаматтардың сайлауға қатысу құқығын, сайлау қағаздарын қалай толтыру керектігін түсіндіріп жатады;

– **тұрмыстық** – адам өмірде кез келген ортада - отбасы, достар, қызметтестер т.б. арасында болады. Сол ортада пікір алмасу, пікір таластыру, түрлі қатынаста болу арқасында да саяси білімді аз болса да алады. Саяси білімнің берілуінің бұл түрі ең жеңіл қабылданатын, бірақ соншалықты терең және сауатты емес түрі деп есептеймін;

– **халықарлық саяси білім беру** – БҰҰ, ЮНЕСКО, мемлекетаралық, үкіметаралық т.б. ұйымдардың, қорлардың арнайылап ұйымдастырған іс-шаралары негізінен мемлекеттік қызметкерлерге арналады;

– **өздігінен іздену арқылы** – әр азаматтың өз қызығушылығынан туындаған әрекет түрі, яғни түрлі саяси әдебиеттер мен ақпараттарды ешкімнің ықпалынсыз өзі ізденіп саяси сауатын ашуы және байытуы.

Енді, саяси білімді берудің жалпы тиімділік, нәтижелілігіне байланысты топтастырып көрелік, оны 2-суреттен көруге болады:

2-суретімізді тереңірек түсіндірер болсақ, бұл жерде саяси білімді тек біліп, игеріп қана қоймай, сонымен қатар өмірде іске асыруына байланысты бес деңгейде қарастырдық. Мысалы, ең жоғарғы сатыда саяси білімді жетік және барынша терең меңгерген, сондай-ақ күнделікті өмірінде қолданып іске асырып жүрген, қоғамға, ортасына, тіпті мемлекеттік, халықаралық дәрежеде ықпал ете алатындар, яғни, кәсіпқой - саясатшылар, саясаттанушылар топтастырылды. Олар мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатын айқындап, халықаралық саясатқа ықпал ететін мемлекет басшылары, халықаралық ұйымдардың өкілдері, әлемде болып жатқан саяси өзгерістерге өз көзқарастарын білдіріп, келесі саяси іс-әрекеттерге болжам, талдау, сараптама жасаушы саясаттанушылар.

Екінші сатыға саяси білімді теориялық тұрғыда жетік және барынша терең меңгерген, бірақ іс жүзінде саясатқа ықпал ететіндей емес, ықпалы болса да аз, басқаға түсіндіре

алатын, өздіген талдау-сараптама жасаушы жоғары білімді саясаттану пәнінің мұғалімдері, жоғары шенеуніктер (үкімет мүшелері, әкімдер, әртүрлі дәрежедегі депутаттар).

Үшінші сатыға студенттер мен қызметкерлерді жатқызған себебіміз, жоғарыда айтылған екеуінен айырмашылығы, бұл топтағылар арнайы пәннің көмегімен немесе курстардан өту арқылы саясат туралы ұғымды, оның қыр-сырын ұғынады. Бұл жерде осы сатыдағылардың өзіндік көзқарастары жоқ деген ұғым туындамау керек. Өзіндік көзқарастары болғанмен мемлекеттің ішкі-сыртқы саясатына ықпалы төмен немесе жоқ.

Төртінші сатыға топтастырылғандар оқушылар, сондай-ақ өмірде болып жатқан саяси процестер қызықтыратын, өздігінен ізденіп жаңалықтар тындайтын, оқитын халықтың бір бөлігі. Бұл топтағыларға әсіресе бұқаралық ақпарат құралдары (теледидар, радио, газет-журнал, оқулықтар) мен мектеп, бала-бақша бастапқы саяси танымын қалыптастыруға үлкен әсер етеді.

Соңғы сатыда көпшілік, қарапайым шаруа, жұмысшыны қарастырдық. Бұл топта саясатпен еш жұмысы жоқ, тек «мемлекет, президент, үкімет, депутат, сайлау, әкім т.б.» ұғымдарын білетін, соларды «асыраушы, қамқоршы» деп есептейтін халықтың бір тобы.

Әрине, бірден айта кететін жайт, осылай топтастырудан басқа да жолдарын қарастыруға болады, мысалы **саясатқа ықпал етушілер** (яғни, саясатты өздері жасаушылар) және **саясаттың ықпалында болушылар**.

Саяси білім жастардың санасын қалыптастыра отырып, қандай саяси құндылықтардың пайда болуына, дамуына әсер ететіндігін мына 3-суреттегі топтастыру стратегиясынан байқауға болады:

Қазақстанда өмір сүріп отырған бұрынғы «комсомолдың тікелей мұрагері» Қазақстан Жастар Одағы еліміз бойынша 13 облыстық және 2 қалалық комитеттерге ие. Дәл КСРО кезеңіндегідей өз ізбасарлары етіп «Ұлан» (бұрынғы пионер) және «Жұлдыз» (октябрат) ұйымдарына басшылық пен жетекшілік ете отырып, олардың жұмыс үйлесімділігін және бағдарламаларының іске асырылуын бақылауға алған. Жастар арасында патриотизмді насихаттауда «Мен – Қазақстан азаматымын» атты аймақтық акцияларды жүйелі өткізіп тұрады. Аталған шаралар Қазақстан жастарының қосымша саяси білімдерін толықтыра отырып, саяси әлеуметтенуіне зор ықпалын тигізеді сөзсіз. Жалпы Қазақстан Жастар Одағының



Сурет 2 - Саяси білімді игеру деңгейі



Сурет 3 - Саяси білімнің саяси құндылықтарға әсері

негізгі бағдарламасы, жұмыс бағыты төмендегідей болып табылады:

- қоғамда жастардың құқықтары мен бостандықтарын, мүдделерін қорғау, мемлекеттік органдарда білдіру және қолдау көрсету;
- дарынды жастарға барлық білім, ғылым, мәдениет салалары бойынша қолдау білдіру, ары қарай дамуына көмектесу: жастардың жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал ету;
- салауатты өмір салтын насихаттау;
- талантты жастарды анықтау және қолдау; жастарды ақпараттық қамтамасыз ету;
- жастар арасында патриотизмді насихаттау, адамгершілік және рухани құндылықтарды қалыптастыру;
- жастарды әлеуметтік қамсыздандыру және жұмыспен қамтамасыз етуге жағдай жасау;
- халықаралық ынтымақтастыққа қол жеткізу және аймақтық даму.

Алдағы уақытта Қазақстан Жастар Одағының бастамасымен мемлекеттік тілдегі республикалық «Жастар радиосын» ашу кезекті үлкен жоспарда тұрғандығы, жастар даусының ақпараттық құрылымдардан естілуі, өздерінің мүдделерін радио арқылы жеткізуге талпынысы жастар арасында саяси әлеуметтену процесінің қарқынды жүруіне алып келеді.

Сондай-ақ, Қазақстан Жастар Конгресінің жетекшісі – Мадияр Қожахметов 2005 жылғы желтоқсан айындағы Республика Президентін сайлауға еліміз бойынша жастардың 70 %-і қатысқандығын, яғни шамамен 2 650 553 (бұл жерде 18-29 жас аралығы алынды) дауыс беруге құқылы жастың 1 855 387,1-і саяси белсенділік танытқандығын алға тартты. Осы көрсеткіштен жастардың саяси санасының өсіп, саяси белсенділігінің артып келе жатқандығын және ел ертеңіне немқұрайды қарай алмайтындықтарын байқатады.

Нұрбол Баймұхановтың басшылығындағы «Қайсар» жастар саяси қозғалысы да өз саяси іс-әрекеттерін әрдайым көпшілікке байқатып келеді. Сайлау алды науқанындағы және сайлаудан кейінгі Алматы көшелеріндегі «Елбасын қолдау» акциялары жұршылыққа мәлім.

Қазақстан жастарының өз бастамаларымен 2006 жылы тамыз айында «Бейбіт өмір үшін», «Ядролық қарусыз» атты

Хиросимо, Нагасаки трагедиясының 61 жылдығына орай жұртшылыққа өткізген саяси сабақтары, Алматы қаласындағы Панфилов паркіндегі сурет жарыстары, «Жасыл ел», «Таза ауа» бағдарламалары бойынша қала көшелеріндегі тазалық пен ұқыптылықты сақтау мақсатында жол полициясымен бірлесе жүргізген шілде-тамыз айларындағы акциялары (150 көше тазалығының бұзылу фактісін тіркеуі) олардың саяси мәдениетінің жылдан жылға өсіп-жетіліп, дамып келе жатқандығының бір көрінісі ғана.

Қазақстан студенттер альянсының 2005 жылы 15-қыркүйекте ұйымдастырған «Бұл біздің – Байрақ!» атты акциясына 150 мыңдай студент қатысып, еліміздің көк байрағы туралы насихат жүргізсе, 2006 жылғы 15-қыркүйекте «Бұл біздің – Өнұран!» акциясына 200 мыңға жуық студенттер мен жалпы жастарды тартты [3]. Бір мезгілде бүкіл еліміз бойынша мемлекеттік әнұран шырқалды.

Жастарға саяси білім мен тәрбие беруде, оларды саяси әлеуметтендіруде әскердің де өзіндік орны мен ықпалы аз еместігі белгілі. Әскер – жастардың Отан алдындағы борышын өтейтін, Отанға деген патриоттық сезімді ерекше қалыптастыратын, болашақ өмірге бейімдейтін саяси өмір мектебі. Қазақ әскерінде «Отан» саяси партиясының ұйымдастыруымен сарбаздар арасында патриоттық әндерден «Жас ұлан» байқауы өткізілді [4]. Осы шараға ұқсас Қазақ радиосында жыл сайынғы «Патриоттық әндер» байқауы Қазақстандық өнер жұлдыздарының арасында өткізу дәстүрге айналған.

Қазақстан ұлттық телеарнасының қазақтың байырғы ұлттық өнерінің бірі – айтыс арқылы қазақ тілді қауымға «Елбасы жолдауы – халықты қолдауы» тақырыбымен әрдайым елдің ыстық ықпалына бөленіп, көңілінен шығып жүрген суырып салма ақындарын пайдалана отырып Жолдауды түсіндіруін, насихаттауын таза «саяси сабақ» деп баға береміз.

Соңғы жылдары Қазақстан студенттерінің жазғы демалыс кезеңінде құрылыс жұмыстарына тарту мемлекет тарапынан үлкен қолдау тауып келеді. Мұнда жастарға еңбек тәрбиесі берілсе, өз кезегінде қаражат мәселесін де шешіп алуға қолайлы жағдай жасалған. Елімізде болып тұратын табиғи апат салдарынан зардап шеккен аймақтарға осы студенттердің құрылыс отрядтары тартылып, Отанға, халыққа жәрдем қолын созуда.

Қазақстан Республикасы Президентінің 10-қазан 2006 жылғы №200 жарлығы бойынша «Патриоттық тәрбие беру» тұжырымдамасы да Қазақстан жастары арасында саяси тәрбие жүргізу мәселесімен дұрыстап айналысуға жол ашады [5]. Осы Жарлықты жүзеге асыру мақсатында 2007 жылдың қаңтар айынан бастап республикалық әскери-патриоттық «Қазақстан патриоты» басылымы шыға бастамақ. Мұнда жоғары сынып оқушылары мен студент-жастар бойында терең патриоттық сезімді қалыптастыру нысана етілген. «...Онда оқырман жүрегінде Отанға деген сүйіспеншілікті арттыруға әсерін тигізетін жарияланымдар басылады» – дейді, журналдың бас редакторы Серік Жұмабекұлы [6].

Демократиялық қағидаларды жүзеге асырудың басты кепілі – халықтың саяси сауаттылық деңгейі болып табылады. Бұқара өзі өмір сүретін қоғамға лайықты, өзінің тағдырына тура әсер ететін заңдардың жазылып, талқыланып,

қабылданып жатуына енжар қарамай, осы үрдістерге белсене атсалысуы керек. Сонда ғана әділетті заңдар дүниеге келеді. Бұл – мәселенің бірінші жағы. Заң қаншалықты жетілген болса да, ол үнемі бұзыла беруі немесе мүлдем орындалмауы мүмкін. Мәселенің екінші жағы осыдан – заңның орындалуының халық сайлаған депутаттар тарапынан бақылауынан көрініс береді. Өркениет тарихында сырттай қарағанда демократияның барлық нышандары көрініп тұрғанымен, шын мәнінде демократияның ізі де болмаған қоғамдар аз емес. Конституцияның, сайлау туралы заңның болуы, сайлаулардың жүріп жатуы, сайлауға баламалы кандидаттардың түсуі сияқты құбылыстардың бәрі толыққанды демократияның мысалы бола алмайды. Билікке әділ емес жолмен келген саясатшылар сөз жүзінде демократияның барлық белгілерін жасанды алға тарта отырып, іс жүзінде өздерінің түпкілікті мүдделерін іске асыра береді. Мұндай жағдайлар халық бұқарасының саяси сауаты төмен жағдайында үнемі ұшырасып отырады.

Социализмнің күйреуі мен экономиканың капиталистік нарыққа көшуі басымдықтардың ауысын туғызды. Бұрында, «мемлекет – қоғам - жеке адам» қатынасы болса, енді, «жеке адам – қоғам - мемлекет» қатынасына айналды. Ал басымдықтардың ауысуы диалектиканың заңдары негізінде бұрынғы қасаң қағидалар орнына қоғамдағы жеке адамның дүниені ұғынуы мен өмірін қалыптастыруы қажеттігін туғызады. Осы мақсатта Қазақстан Республикасы Президентінің 2006жылғы 14-қарашадағы №216 Жарлығымен мақұлданған Қазақстан Республикасының 2007-2024жылдарға арналған орнықты дамуға көшу тұжырымдамасында анық көрсетіледі. Онда, орнықты дамудың саяси негізі, азаматтық қоғамды дамыту, білім және ғылым бөлімдерінде:

- патриоттық бағдардағы саяси партиялардың, қоғамдық қозғалыстардың қызметі арқылы халықтың азаматтық санасын тәрбиелеу;
- жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу жүйесін дамыту;
- орнықты дамуды қамтамасыз ету процесінде жұртшылықтың рөлін күшейту;
- халықтың ақпаратқа қол жеткізуін кеңейту;
- елдің әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсенді қатысуға дайын бәсекеге қабілетті тұлғаны дайындау;
- оқушылардың түрлі санаттарының толыққанды білім алуға тең қол жеткізуін қамтамасыз ету, жоғары сынып

оқушыларын олардың жеке қабілеттері мен білім алуды жалғастыруға қатысты ынта-ниеттеріне, еңбек нарығында өздерін көрсете білуіне және өз орнын табуына сәйкес оқыту үшін жағдай жасау;

- оқушыларды әлеуметтендірудің кең мүмкіндіктерін жасау, мектеп түлектерін кәсіптік білім беру бағдарламаларын меңгеруге тиімді даярлау шаралары «электрондық үкіметті» дамыту жолымен қабылдануы тиіс» – деп тұжырымдалады [7].

## ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы. Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында // Қазақстан Республикасының Президентінің Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. - Астана: Елорда, 2006. - 44 б.
- 2 Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Ұлттық Кеңес. Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 40 б.
- 3 Қазақстан студенттер альянсы 2006 жылғы 15-қыркүйекте «Бұл біздің – Өнұран!» акциясын өткізді /// www.khabar.kz. 2006/16/09.
- 4 Қазақ әскерінде «Отан» саяси партиясының ұйымдастыруымен сарбаздар арасында патриоттық әндерден «Жас ұлан» байқауы өткізілді /// www.khabar.kz. 2006/21/09.
- 5 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан Республикасы азаматтарына 2006-2008 жылдарға арналған «Патриоттық тәрбие беру» туралы мемлекеттік бағдарлама. ҚР Президентінің жарлығы №200. - Астана: Ақорда, 2006. 10 қазан // Егемен Қазақстан. - 2006. - 13 қазан. № 250 (24503).
- 6 Жұмбабекұлы С. «Қазақстан патриоты» атты жаңа журнал шығады // Егемен Қазақстан. - 2006. - 22 қараша. - №286 (24539).
- 7 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 14-қарашадағы № 216 Жарлығымен мақұлданған. Қазақстан Республикасының 2007-2024 жылдарға арналған орнықты дамуға көшу тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан. - 2006. – 18 қараша. - № 284.

## «Политическая грамотность – гарантия осуществления демократических принципов»

Абилъазиз Исаев – аспирант КазНУ им. Аль-Фараби

Данная статья освещает сложную тему формирования и развития в среде молодежи Казахстана демократического сознания. В статье исследуются пути и механизмы внедрения политических знаний и образования через принципы социализации; рассматриваются политическое образование и воспитание как процесс развития социально-политического потенциала молодежи Казахстана; проанализированы механизмы и институты освоения политического знания и воспитания; определены место и функции общественных предметов и эффективность используемых методов обучения молодежи республики.

## “Political literacy- guarantee of conduct of democratic principles”

Abilaziz Isayev – post-graduate at KazNU named after Al-Farabi

The given article examines a complicated theme of formation and development of democratic conscious in the minds of youth of Kazakhstan. The ways and mechanisms of introduction of political knowledge and education through the principles of socialization are being analyzed. Political education and upbringing as a process of development of socio-political potential of youth of Kazakhstan are also examined. The mechanisms and institutes of studying political knowledge, the place and function of public entities and effectiveness of utilization of methods of educating young people of the republic are all given critical analysis.

# Қазақ-түрік экономикалық қатынастарын Қазақстанның сыртқы экономикалық қызметі тұрғысынан жетілдіру

**Марат НӘРІБАЕВ,**

ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ-дың жетекші ғылыми қызметкері,  
экономика ғылымдарының кандидаты

**С**онғы жылдардағы экономикалық дағдарыстан кейін Түркия едәуір даму қарқынның ұлғайтты. Макроэкономикалық күйзелісті артқа қалдырып, халықаралық қаржы институттары мен шетел инвесторларын кеңінен тарта отырып өнеркәсіп салаларын ғана емес, сонымен қатар ауыл шаруашылығын және қызмет көрсету салаларын дамытуға мүмкіндік туғызды.

Экспортқа товар шығаратын өңдеу секторы, халықаралық бағыттарда жүк таситын көлік-коммуникация салаларының мүмкіндігі арта түсті. Сыртқы экономикалық қызметін жетілдіру ниетімен көптеген жаңа шараларды іске асырды. Олардың ішінде елдегі инвестициялық климатты жақсарту, өндірісте инновациялық бағыттарды ұстану, кедендік тарифтерді және салық жүйесін жетілдіру шаралары бар.

Осы тұрғыдан жыл сайын кеңейіп дамып бара жатқан Қазақстан мен Түркия арасындағы екі жақты экономикалық қарым-қатынасты талдап, оны әрі қарай жетілдіру бағыттарын анықтау өзекті ғылыми мәселе екені анық.

## Түркия экономикасының қазіргі жағдайы

Түркия экономикасының 1960-70 жылдардағы дамуы негізгі өндіріс салаларын, атап айтқанда тау-кен өндірісі, энергетика, кара және түсті металлургия, мұнай өнімдерін өңдеу, автомобиль жасау және тағы басқа салаларды дамыту арқылы жүргізілді.

1980-ші жылдары экономикада күрделі реформалар орын алып нарықтық қатынастар орнады. Рынок механизмдері мен жеке меншік бизнеске кеңінен жол бере отырып, Түркия өкіметі өте сауатты экономикалық саясат жүргізді.

Халықаралық Валюта Қорының талабына сәйкес өте қатаң қаражат тәртібін іске асырды. Экономиканың даму бағдарын, онымен айналысатын барлық үкіметтік және үкіметтік емес құрылымдарды халықаралық стандарттарға сәйкестендіруге тырысты.

Түркия экономикасына 1999 ж. болған қатты жер сілкінісі және 2001 жылғы экономикалық кризис өзінің кері әсерін тигізді. Алайда Б.Эджевит басқарған үкімет тиісті макроэкономикалық тұрақтандыру шараларын тиімді пайдаланып, аз уақыттың ішінде елді дағдарыстан алып шықты.

2003-2005 жылдары Түркия экономикасына 131 млрд. АҚШ долларын құрайтын шетел инвестициясы тартылды. Бұл әрине экономиканың тездеп өсуіне өз әсерін тигізді. Соңғы жылдары Түркия экономикасы халықаралық деңгейде

үлкен бәсекелестік қабылетіне ие болды. Өнеркәсіптің өңдеу салалары жақсы дамуға мүмкіндік алды. Жеңіл өнеркәсіптің барлық түрлері – тоқыма, киім тігу, тамақ өндірісінің көптеген түрлері сапалы түрде дамыды. Сонымен қатар химия, металлургия, электрондық, электротехника өндірістері, кеме жасау, машина жасау, туризм салалары өркендеді. Ел экономикасы экспорттық сипат ала бастады.

Дегенмен барлық мәселе ойдағыдай шешілді деуге болмайды. Әлі де экономиканы артқа тартатын факторлар аз емес, олар - электр энергиясының тапшылығы, жұмыссыздық деңгейінің өсуі, сыртқы сауда балансының кемістігі, тағы сол сияқты. Осы мәселерді және басқа да өзекті сауалдарды орынды шешу үшін Түркия Үкіметі көптеген жаңа жоспарлар мен жобаларды іске асыру үстінде.

## Қазақстан мен Түркия екіжақты өзара экономикалық қатынастары

Түркия дүние жүзінде бірінші болып Қазақстанның егемендегін таныған және оның өсіп өркендеуіне өзінің шын ниетін білдірген мемлекет. Бұған екі елдің тарихи, мәдени және рухани жақындығы да себеп болды. Сондықтан болар осы екі мемлекеттің арасында экономикалық қарым қатынас бәрінен бұрын басталды. 1990 жылдың желтоқсан айында екі елдің мемлекеттік делегациялары бір біріне ресми сапар шегіп алғашқы қазақ – түрік құжаттарына қол қойды.

1991 ж. қыркүйек айында Қазақстан Президентінің Түркияға сапарында осы екі елдің мемлекетаралық қатынастарының негізін қалаған маңызды құжатқа – мемлекеттеріміздің өзара қарым қатынастарының принциптері мен мақсаттары туралы декларацияға қол қойылды. Сөйтіп болашақ экономикалық және сауда қатынастарының түрлері мен бағыттары анықталды.

Қазақ-түрік ара қатынасын жаңа биік деңгейге көтерген және бір маңызды құжат – Қазақстан Республикасы мен Түрік Республикасы арасында дипломатиялық байланыс орнату жөнінде Протокол 1991 ж. наурыз айында қабылданды.

Содан бері екі мемлекет өзара екі жақты және жан жақты қатынастарын нығайтатын жетпістен аса декларация, келісім - шарт, протокол, және тағы басқа халықаралық ресми құжаттар қабылдады. Қазіргі кезде екі жақ та осы қабылданған құжаттарды ойдағыдай іске асыру үшін бар мүмкіндіктерін жұмылдыруда. Мына төменде аталған салаларда біраз жетістіктерге қол жетті: сауда, ортақ кәсіпорын ашу, көлік және коммуникация, мұнай-газ саласы, жеңіл және тамақ өнеркәсібі, қаржы-банк жүйесі, тұрғын үй құрылысы, туризм саласы, тағы басқа.

Егерде 1994 ж. екі жақ бірігіп ашқан ортақ кәсіпорындар саны 53 болса, 2006 ж. олардың саны 1200-ге жетті.

Екі мемлекет қабылдаған келісім шарттарды уақтылы жүзеге асыру мақсатымен 1993 ж. *Үкіметаралық қазақ-түрік ортақ комиссиясы* құрылды. Ол өз мәжілістерінде екі ел байланысының өзекті-өзекті мәселелерін талқылап, қабылдаған шешімдерін тиісті мемлекеттік органдарға ұсынып отырды.

Сонымен қатар сауда, өндіріс, көлік, ауылшаруашылық салаларындағы қатынастырды тереңірек дамыту ниетімен үкіметтік емес *Қазақ-түрік іскерлік Кеңесі* құрылды. Бұл ұйым да аталған салалардағы көптеген шараларды үйлестіруге өз үлесін қосып келеді.

Енді Қазақстан мен Түркия арасындағы экономикалық байланыстардың негізгі бағыттарына тоқталайық.

**Сауда.** Түркия сауда саласындағы қазақстанның негізгі әріптестерінің бірі. Өзара сауда көлемі бойынша бұл ел Ресей, Алмания, АҚШ, Украина, Ұлыбритания, Италиядан кейін жетінші орында.

Сыртқы сауда бойынша екі ел арасындағы тауар айналымы мына төмендегі көрсеткіштермен сипатталады (1 кесте).

Кесте 1

Сауда айналымының негізгі көрсеткіштері, млн. АҚШ доллары

	2001	2002	2003	2004	2005	9 ай 2006
Тауар айналымы	211,2	271,2	308,2	489,5	657,0	585,5
Экспорт	74,3	97,5	99,2	147,1	157,0	182,8
Импорт	136,9	173,7	209,0	342,4	400,0	402,7
Сальдо	-62,6	-76,2	109,8	195,3	243,0	219,9

*Мәтін: ҚР ҚМ кеден Комитетінің мәліметтері*

Таблицада көрсетілгендей Түркияға шығаратын өнімдермізден гөрі, олардан алатын бұйымдарымыз әлде қайда көп болып тұр. Егер де 2001 ж. импорт экспорттан 1,8 есе көп болса, 2005 ж. айырма 2,5 есе өсті. Қазақстан экспортының құрамы негізінен минералды шикізат, металл, ауылшаруашылық өнімдері, тоқыма өндірісінің бұйымдары, тері, жүн және тағы сол сияқты бұйымдар.

Ал Түркиядан алатын бұйымдарымыз (импорт) мыналар: электротехникалық машина және құрал-жабдықтар, пластмасса бұйымдары, химия және өндіріс салаларының өнімдері, көлік құрал-жабдықтары, киімнің барлық түрлері және тағы басқа.

Қазақстан мен Түркия арасындағы сауда байланыстары әлі өз деңгейіне жеткен жоқ, қазір жедел даму үстінде. Ел басылардың өзара келісімдері бойынша жақын уақытта оның жалпы көлемі 1 млрд АҚШ долларын құрамақ.

**Ауылшаруашылық** саласындағы қатынас 1993 жылдан бастау алды. Түркия кәсіпорындары жүн, ірі қара мал және қой – ешкілердің терісін көптеп сатып ала бастады. Сонымен қатар олар Қазақстанда тері өңдейтін және одан дайын киім-кешек тігетін ортақ кәсіпорындар ашты. Оларға мысал ретінде Арқалық қаласындағы «Әсел», Үштөбедегі «Томирис-тараншылар», Шымкенттегі «Ет» және тағы басқа көптеген өндіріс орындарын айтуға болады.

Сонымен қатар астық өңдейтін, ұннан тағам жасайтын ортақ кәсіпорындар көбейе бастады. Олардың бәрі дерлік

Түркияда жасалған құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Қазақстанда жасалған «Астық», «Тағам» сияқты ірі жобалар түріктің «Окан холдинг», «Ймна», «Эфес» сияқты фирмаларың күшімен іске асырылып отыр.

**Көлік және коммуникация** саласында екі мемлекет арасындағы қатынастар жақсы дамыған: автомобиль және темір жол арқылы жүк тасу, әуе қатынастары, телекоммуникация және байланыс құрал жабдықтарын өндіріп сату жеткілікті деңгейдегі байланыс түрлері. Қазақстан мен Түркия 1992 мамыр айында қол қойған Келісім бойынша Алматы мен Стамбул арасында тұрақты әуе қатынастары орнатылды. 1993 жылғы қабылданған ресми құжат автомобиль жүк тасу қызметін көлік қатынасының негізгі түріне айналдырды.

Түрік фирмаларының көмегімен 1995 ж. Павлодар, Талдықорған, Текелі қалаларында жаңа телефон жүйелері іске қосылды. «Алкатель-Телеташ» фирмасының жәрдемімен Орал қаласында «Комтел» атты ортақ кәсіпорын ашылып, ол ауылдық жерлерде радиотелефон байланысын қамтамасыз ететін жабдықтар шығара бастады.

Темір жол қатынасын дамытуда Теджен-Серакс-Мешхед бағытын ашудың маңызы өте зор болды. Өйткені транзиттік көпір бола алатын осы бағыт арқылы Парсы және Оман шығынақтарына, сонымен қатар Түркия арқылы Еуропа елдеріне шығуымызға мүмкіндік туды.

**Мұнай-газ** саласы екі жақтың ынтымақтастығын әрі қарай дамыта түсуге зор ықпалын тигізді. Түрік ұлттық мұнай компаниясы негізгі құрылтайшы бола отырып «Қазтүрікмұнай» ортақ кәсіпорны құрылды. Ортақ келісім бойынша осы кәсіпорын Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарында көлемі жағынан 25 мың шаршы километр жерді алып жатқан аймақта мұнай қорын зерттеу, өндіру, өңдеу және сату мәселелерімен айналысады.

2000 ж. аяғына дейін осы істерге 280 млн доллардан аса инвестиция тартылды. Соның арқасында мұнай мен газдың жер астындағы қоры зерттеліп, бағаланып бітті, жүздеген мың тонна мұнай өндіріле бастады, оларды ағызатын құбырлар салынды.

Жоғарыда аталған Түрік ұлттық компаниясы халықаралық ірі АМОКО мұнай компаниясымен қосыла отырып Қазақстанның солтүстігінде мұнай мен табиғи газ өндіретін ортақ тағы бір кәсіпорын ашты.

Осы саладағы үлкен жетістік ретінде Қазақстанның Баку-Тбилиси-Джейхан бағытымен мұнай айдайтын трубопровод құрылысына қатысуын айтуға болады. Оның ресми ашылуы 2006 ж. 25 мамырында болғаны белгілі. Бұл бағыттың мұнай жүргізу мүмкіндігі өте мол болғандықтан (жылына 100 млн тонна) Қазақстан үшін болашағы өте зор деп бағаланып отыр.

**Жеңіл және тамақ өнеркәсібі** бойынша біздің елде көптеген ортақ кәсіпорындар ашылып, ойдағыдай жұмыс істеп жатыр. Мысал ретінде Өскеменде сүт өнімдерін өндіретін, Петропавлда – макарон шығаратын, Алматыда сусын дайындайтын және косметика жасайтын кәсіпорындарды айтуға болады.

Ұлтаралық белгілі «Кока - кола» компаниясының түрік филиалы Алматыда «Кока-кола алматы ботлерс» ірі ортақ кәсіпорнын ашты. Ол алкогольсіз сусындардың неше түрлерін шығарып, көптеген халықты жұмыспен қамтамасыз етіп отыр.

Түрік бизнесмендері Қазақстаннан тері мен жүнді көптеп сатып алуда. Оларда жеңіл, оның ішінде тоқыма өнеркәсібінің жоғары деңгейде дамығаны белгілі. Киімнің небір түрлерін, келісімді тондар тігіп, оларды Қазақстан ғана емес бүкіл аймақтың, тіпті еуропаның рыногына көптеп шығаруда.

**Банк және финан**с жүйесі де екі ел қатынасында жақсы дамыған сала. Бұған түрік жағынан олардың атақты «Ziraat bank», «Emlak bank», «Demir bank» сияқты банктері үлкен үлес қосты. Соның арқасында біздің елімізде «Kazakhstan

Ziraat international bank», «Demir Kazakhstan bank», «Internatinal bank Almaty», «Turkish-Kazakhstan internatinal bank» сияқты ортақ финанстық құрылымдар пайда болды. Осы банктердің тиімді қызметі арқасында елімізге көптеген түрік инвестициялары келді, олар біраз өндіріс салаларын жетілдіруге, ортақ сауда айналымын дамытуға мүмкіндік берді.

Үкіметаралық келісім бойынша 1993 ж. түркияның «Эксимбанкі» Қазақстанға арналған өте тиімді және көлемді несие жүйесін ашты. Келісілген 200 млн доллардың 144,3 млн – инвестиция ретінде, ал қалған 55,7 млн доллары әртүрлі тауарлар түрінде берілді. 1997 ж. осындай несие жүйесінің екінші кезегі ашылды, оның көлемі 300 млн доллар деңгейінде бекітілді.

Осы несиелердің арқасында Алматы, Астана, тағы басқа қалаларда біраз мейманханалар, емделу орталықтары, өндіріс орындары іске қосылды. Жалпы Түркия жағынан Қазақстанға соңғы 14 жылда 937,1 млн АҚШ доллар көлемінде инвестиция тартылды.

**Туризм** саласындағы қарым қатынас басқаларға қарағанда кешірек басталды. Осы саладағы байланысты дамыту мақсатында қабылданған үкіметаралық келісімге 1998 ж. маусым айында қол қойылды. Қазақстан сияқты Түркияда да тарихи-мәдени мұралар, ескерткіштер, қызғылықты өлкелер көптеп кездеседі.

Туризм қызметін дамыту ниетімен Х.А. Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті 2004 ж. қазан айында Түркістан қаласында түрік тілді елдердің туристік компанияларының бірінші құрылтайын өткізді. Орындалып жатқан істерді талдай келе, болашақта туризм саласын дамыту мәселелері, осы бағытта әр елдің қосатын үлестері жөнінде ұсыныстар қабылданды.

\* \* \*

Қазақстан мен Түркия арасында экономикалық қатынастары талдай отырып, олардың жақсы қарқынмен дамып келе жатқанын атап айту керек. Дегенмен бұл салада барлық мүмкіндіктер іске қосылды деуге болмайды. Бұл байланыстарды жетілдіру үшін көптеген жұмыс атқарылуы қажет. Оның негізі бағыттары былай дамынғаны жөн.

Әрине, өзара байланыстың дәстүрлі саласы ретінде сауда-саттық қатынасты жетілдіре отырып оның көлемін ұлғайту шарт. Бірақ осы тұрғыдан Қазақстан тауарларын көптен шығаруға тырысуымыз керек. Ол үшін сыртта сұраныс табатын тауар түрлерін анықтап, олардың сапасын көтеріп, бағаларын ықшамдау қажет.

Түркиядан түсетін инвестицияларды тиімдірек жұмсауға ұмтылайық. Атап айтқанда Түркия капиталын Қазақстанда кластерлік стратегияны дамытуға жұмсағанымыз жөн.

Ауылшаруашылығы бойынша шешілмей жатқан көп мәселерді қарастыру керек. Қажетті тұқым дайындау, бақша мен жеміс-жидек өімдерін өндеудің жаңа технологиясымен алмасу, сол сияқты Түркия арқылы Қазақстан астығын басқа елдерге шығару мәселесін анықтайық. Ұшырылған қазақстанның жер серігі Түркия үшін де бағалы қызмет атқара алады. Осы мүмкіндікті толығырақ пайдалану қажет.

Басқа салаларда да – көлік-коммуникация, спорт, туризм, финан-банк жүйелерінде де игерілмей жатқан мүмкіндіктер аз емес.

Қазақстан мен Түркия араларындағы байланысты ұзақ мерзімде жоспарлаған кезде негізгі экономика және финан-тетіктерімен қатар екі елді жақындастыратын тарихи-этникалық, мәдени-гуманитарлық қосымша факторларды кеңінен пайдаланған дұрыс. Түркия Қазақстанның стратегиялық серіктесі, сондықтан олардың экономикалық, әлеуметтік байланыстары әрі қарай тоқтаусыз және кеңінен дами беруі керек.

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Тайыров С. Береке түбі бірлікте // Заман Қазақстан, 1993, 9 сәуір.
2. Сарыбай Қ. Бауырластық қатынастар даму үстінде // Егемен Қазақстан, 2000, 14 наурыз.
3. <http://www.customs.kz>
4. <http://www.kutup.dpt.gov.tr>
5. <http://www.turkey.polpred.ru>

#### «Развитие казахстанско-турецких экономических отношений в процессе совершенствования внешнеэкономической деятельности Казахстана»

**Марат Нарибаяев** – ведущий научный сотрудник отдела экономических исследований КИСИ при Президенте РК, кандидат экономических наук

В данной статье рассмотрены вопросы развития казахстанско-турецкого торгово-экономического, научно-технического сотрудничества как важного элемента в процессе совершенствования внешнеэкономической деятельности Республики Казахстан.

Проведенный анализ современного состояния двусторонних отношений Казахстана и Турции позволил определить наиболее приоритетные направления и перспективы их развития.

#### “Development of the Kazakhstan-Turkish economic relations in the process of advancement of foreign economic activities of Kazakhstan”

**Marat Naribayev** – leading research fellow of economic research department of KazISS under the President of RK, candidate in economics.

This article examines the issues of development of the Kazakhstan-Turkish trade and economic, research and technical cooperation as an important element in the process of advancement of foreign economic activities of the Republic of Kazakhstan.

The conducted analyses of the modern state of bilateral relations between Kazakhstan and Turkey allowed determining the most important direction and prospects of their development.

# Бәсекеге қабілетті мемлекет: Швецияның тәжірибесі

Әдемі ЕРАСЫЛОВА,

ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ-дың ғылыми қызметкері

**Ә**лемде бәсекеге қабілеттілік бүгінгі таңда өзекті мәселе болып отыр. Бұл әлеуметтік дамудың, экономикалық өсімнің негізгі жетістік жолы. Нарықта тауарлар мен қызметтердің еркін және әділетті өндірілуі мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігін анықтайды, яғни бұлар халықаралық нарықта сынаудан өтіп, сонымен қатар ұзақ жылдар бойы өз халықтарының кірістерін дамытады.

Әлемдік тәжірибеде бәсекелестіктің жоғарғы деңгейі сапалы ұлттық саясат пен институттар нәтижесі арқылы жетеді, бұлар ауыспалы нарық кезеңінде үнемі дұрыс шешім қабылдай отырып, экономиканы жоғарғы сатыға қозғалтады.

Сонымен қатар, жоғарғы сапалы және технологиялық басымдылықтың нәтижесінде тауарлардың тез өтімділігіне сәйкестенеді. Фирмалар үшін бәсекеге қабілеттілік, ғаламдық стратегия барысында әлемдік нарықта бәсекелесу. Көптеген үкіметке бәсекеге қабілеттілік бұл жаратымды сыртқысауда балансы. Ал кейбір экономистерге бәсекеге қабілеттілік өндірістегі шығынның төменгі тауар бірлігіне әкеледі.

Бүгінгі таңда, мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін жоғарғы деңгейге жеткізу, Үкіметтермен жеке Министрлікке үлкен міндеттеме, жүктеме болып отыр. Әрине бұл мемлекетте ішкі және сыртқы саясатты әлемдік бәсекеге сай талдай отырып, тауар өндірімінде нақты шешім қабылдайтыны айқын.

Мысалға, бәсекеге қабілеттілікті бұл мемлекетаралық бәсекелестікті талдау болып отыр, яғни «құпия жетістік» арқылы қай-бір мемлекеттің жетістікке жетуі. Бұл үшін әлемдік тәжірибеде, бәсекеге қабілетті мемлекеттерді анықтайтын бірнеше рейтингтер бар. Бұлардың біреуі Әлемдік экономикалық форумда жарияланатын бәсекеге қабілеттіліктің жыл сайынғы берілігін есеп.

Бұл есепке сай 2006 жылы Швеция 3-ші орын иеленді. Бұл мемлекет 2005 жылмен салыстырғанда 4 сатыға жоғары көтерілді. Бұл рейтингті Швеция жоғарғы макроэкономикалық көрсеткіші мен керемет макроэкономикалық менеджменті үшін алды. Бұл көрсеткішті ескере отырып мемлекеттегі үлкен салық мөлшерімен жоғарғы әлеуметтік міндеттегі бюджетке әкеледі. Мемлекетте керемет институталған басылым құрылымы бар, бұлардың бірінші беттерінде денсаулықсақтау мен бастапқы білім дәрежесі орналасқан. Швеция иілгіштік нарықтан және кереметтелген бизнестен, Швецариядан бірнеше сатыға артта (Бәсекеге қабілеттілік рейтингінде 1-ші орында). Алайда әлемдік деңгейге сай білімділігімен және технологияның дамуымен мемлекеттің экономикасының бәсекеге қабілетті етеді. 2005-ші жылы бұл мемлекеттің ЖӨ өсімі 2,6% құрады. Өндірістік өнімнің өсімі 2,4% құрады. 2006 жылы бұл көрсеткіш 6% құраған.

Жүз жылда, артта қалған мемлекеттен, (Европадағы кедей мемлекеттің бірі) Швеция экономикасы дамыған мемлекетке айналды. Бұған табиғи қорлар ықпал етті: гидроэнергия, орман, темір рудалар. Швед орманы үлкен сұранысқа ие болды.

1970 жылдың ортасында бәсекелестік күреске байланысты сыртқы нарықта мемлекет экономикалық дағдарысқа

ұшырады. Өндірістегі өнімнің 25% пайызы төмендетілді. 1975-1977 жылдары Швед өндірісі әлем нарығында өзінің 25% еншісін жоғалтты.

Құрылымдық терең дағдарысқа ұшыраған, кейбір өндіріс өскіні, мемлекеттен үлкен көлемде көмек ала бастады.

1977 жылдың тамыз айынан бастап үкімет бәсекеге қабілеттілігін орната бастады. Осы кезде Швеция европаның валюталық құрылымынан шықты.

Швецияның экономикалық даму тенденциясы темір рудасынан кара металлургияға, электротазаттарға, химиялық және фармацевтік өнімдерге байланысты бай болды.

Экономистердің қараң болжамына қарамастан, Швеция экономикалық дағдарыстан шыға алды. Жалғасқан экономикалық өсім, 1983 жылы швед моделін өмір сүру қабілеттілігін көрсетті.

1990 жылы швед экономикасы үлкен талпынысты көрді. Швецияда жақсы дамыған ауылшаруашылық секторы бар. XX ғасырдың 80 жылдарында швед бидай өнімі, Бразилия және АҚШ мемлекеттерін арзан бидайымен қамтамасыз ете бастады. Бұл агроөнімінің қайта құрылуына әкеліп соқтырды, яғни бұның салдарынан жоғарғытехнологиялық өндіретін машиналар керек болды.

Мәдени және тарихи жетістіктер экономиканың даму салдарына тигізді. Кәсіпкерлік швед салтының бөлшегі болып табылады. Швецияның өткен ғасырының өзінде қарумен әшекейлер өндірілген. Әлемдегі бірінші «Стура Коппарберг» компаниясы Швецияда пайда болған, қазірге дейін мемлекеттердегі ірі экспортқа кіреді.

Мемлекетте еңбек ақысы өте жоғары, үлкен салық мөлшері мен қоршаған ортаға деген күзет қатаң талапта. Бірақта экономикалық және саяси тұрақтылық, экономикалық субъектілердің құқылы қорғалуы, орнықты қаржылық-валюта, жоғарғы деңгейлі жұмыс күші шетелдік инвестицияның қызығушылығын тудырады.

Сонымен қатар, Швецияда монополиялық өндірісі жоғарғы деңгейде. Ол өндірістің жарқын болашағын көрсетеді мысалға мыналар: кара металлургия, машиналар, тұрмыстық электроника.

Тауарлардың экспортқа қызметі соңғы жылдары швед экономикасының алға жылжытатын күші болып отыр.

Швецияның бәсекеге қабілеттілігінің жоғарғы рейтингін бірнеше факторлардан тұрады:

Біріншіден, өндірістің жоғарғы техникалық деңгейінің салдарынан экономикалық стратегияның өсімі.

Швецияның ең маңызды экономикалық ерекшелігі экспортқа деген керемет беталыс. Швеция жүз жыл бұрын экспорт өндірісіне табиғи ресурстарды салды. Өткен ғасырдың сексенінші жылдарында Швецияның экономикалық даму тенденциясына шикізат өндірісінен технологиялық, яғни транспорт, электротазулар, байланыс құралы, химиялық және фармацевтикалық өндірісіне көшті. Осы тауарларға экспорт өнімі өсті.

Иә, осы кезде сыртқы нарыққа 25% ұлттық өнімдер, 30% өндірілген өнімдер шығарылды.

2005 жылы Швеция экспортқа тауарларды шығару арқылы өзін қорландырды, 49% пайызы ЖІӨ-ға кетті. 80% пайызы экспортқа өндірілген тауарларды жіберді, яғни ABB, Ericsson, Volvo, Saab т.б. тәрізді. Экспорттағы Швецияның тауарларың көбінесе Германия, АҚШ, Ұлыбритания, Норвегия осы мемлекеттер алады.

Екіншіден, ғылым және білімге инновациялық қолдау көрсету. Мұндай саясат мемлекетке күшті инновациялық базисті құруға рұқсат етеді. Швеция ондаған жылдар бойы білімге, ғылыми зерттеулерге көптеген қолдау көрсетті. Соңғы жылдары шығыс НИОКР-ға, ЖІӨ-нің 4,3 деңгейін құрады.

Мемлекетте әлемдік лидерден бірнеше фирмалар бар. Кәсіпкерлік сектор инвестиция жағынан 86% швед инвестициясы құрады.

70 жылдары ұялы байланыс телефоны Ericsson мен қолданылды. 1981 жылы Nordis Mobile Telephony компания құрылды. 1992 жылы екі швед телекоммуникациясы қазіргі заманға сай ұялы телефонды шығарды.

Швеция еуропадағы телекоммуникацияны нарыққа шығарған алғашқы мемлекет болды. Бұған қоса осы сектордың дамуына әкімшілік және салықтық стимулдар шығарды. Мемлекет жұмыскерлерін компьютерлендірді. Осының салдарынан Швеция информациялық технологияның әлемдегі лидері болды. Ол ұялы байланыстан және интернеттен алда келе жатқан мемлекет. Швеция ғылыми журналдардың басылымымен әлемдегі ғылыми дәрежеде көріне бастады. Үкімет ғылымға көптеген қаражат жұмсауда.

Швецияның ғылыми жұмыстары университеттерде өткізіледі. Швеция халқының ғылыми деңгейі өте жоғары. Швецияның ғылыми техникағы өте күшті.

2004 жылы қабылданған мемлекеттің инновациялық даму стратегиясы, 2010 жылға дейінгі инновациялық аумақтарды кеңейтуге бағытталған. Бұдан мыналарды атап көрсетуге болады:

- Инновация қолдануындағы, ерекшеленген базалар;
- Кәсіпкерліктің инновациялығын дамыту;
- Инновациялық деңгейге мемлекеттің қатысуы;
- Адамзат қуатын дамыту.

2005 жылдың көктемінде Швеция үкіметі осы стратегияға сай жаңа бағдарламаларды дамытуға кірісті.

Осыдан келе Швециядағы инновациялық мәселелер үлкен көңіл аударғандықтан технологиялық мәселелерді шеше бастады.

Үшіншіден, әлеуметтік саясаттың жаңашаландыру моделі.

Швеция әлеуметтік қорғауда күшті моделдерге ие, бұлар бюджет арқылы әлеуметтік теңдікті қол жеткізу үшін құрылған.

1960 жылдан бастап қазіргі кезге дейін Әлеуметтік демократиялық партияның шығуынан бастап, мемлекетте салықтар, шығыстар тез арада өсті, кедейлерге көмектесетін әлеуметтік трансферттар шықты, бірақ орта деңгейдегілерге төленді.

1970 жылға дейінгі кризисте, мемлекет жалақыны азайтқанымен қоса, салықты да төмендетті.

Бүгінгі күні мемлекеттің бюджетінде әлеуметтік секторға бөлек қаражат бөлінген, яғни бұл Швед азаматтарының жоғарғы деңгейде білім алуына көмектеседі.

Швеция әлемдегі бес лидерлік мемлекеттердің қатарына енеді. Мемлекетте әлемдегі ең күшті тегін білім, денсаулық және қарттарғы төленетін пенсиямен қамтылған. Және де бұл жақтың ерекшелігі әйел адамның жалақысы ер адамға қарағанда өте жоғары, жұмыссыздық деңгейі 5.9% құрайды.

Әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландыру салықтың еншісінен. Швеция бүгінгі таңда салық жөнінен «әлем чемпионы» болып отыр. Швецияда 2005 жылы бюджетке салықтың түсімі 1366 млрд немесе 51.1% құрады. Көп бөлігі кіріс салығанан түссе, 40% барлық түсімнен 20% әлеуметтік салық береді.

Төртіншіден, өндірістегі өнімдерді дамыту. Швеция экономикасында өндірістегі өнімдерді дамыту негізгі мінездемесіне жатады. Бұл секторда фармацевтикалық, телекоммуникациялық, машинасалуды өндірісі жатады. Қазіргі кезде Швецияда металлургиялық өндіріс бәсекеге қабілеттіліктің үлкен деңгейін көрсетіп отыр. Бұлар жоғары сапалы өнімдерді өндіреді. Машинақұрылысында маңызды орынды әлемге танымал компания Volvo алып отыр. Швед экономикасында екінші орында дамып келе жатқан фармацевтикалық өндіріс. 90% фармацевтикалық швед өнімі экспортталады. Медициналық зерттеулерден биотехнологиялық өндіріс өнімі құрыла бастады. Швецияда биотехнология өсімдік және жануар шығаруымен айналысады. Швед барлық өнімдерінен, тамақ өнімі төртінші орында. Бұларға: ет, сүт және нан өнімдері жатады.

Осының салдарынан Швед экономикасы әлемдегі әлеуметтік – экономикалық құрылған, дағдарысты жеңе білген, бәсекеге қабілеттілігін дәлелдеген, қарқынды дамып келе жатқан бәсекеге қабілетті мемлекет.

#### «О конкурентоспособности стран: опыт Швеции»

Адеми Ерасылова – научный сотрудник отдела экономических исследований КИСИ при Президенте РК

Данная статья посвящена вопросам конкурентоспособности стран на примере Швеции. Конкурентоспособность на сегодняшний день является одним из актуальнейших вопросов во всем мире. Это наиболее важный фактор на пути достижения экономического роста и устойчивого социального развития. Конкурентоспособность определяется способностью страны на свободных и справедливых условиях рынка производить товары и услуги, которые проходят испытания международных рынков и одновременно поддерживают и расширяют реальные доходы населения в течение длительного времени.

#### “Competitiveness of the country: the experience of Sweden”

Ademi Erasylova – research fellow of the economic research department of KazISS under the President of RK

The given article is dedicated to the issues of competitiveness of states by the example of Sweden. The competitiveness is one of the most pressing issues in the world today. It is the most important way of achieving economic growth and sustainable social development. The competitiveness is determined by a country's ability to produce under free and fair market conditions goods and services, which are tested by international markets and at the same time support and expand real ages of population in the course of a prolonged period of time.

# Коммерциялық банктердің несиелік рейтингінің теориялық негіздері

**Төлеген ТӘЖІБАЕВ,**

М. Әуезов ат-ғы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті  
«Көдендік іс және ХЭҚ» кафедрасының оқытушысы;

**Әнуар БЕКЕШОВ,**

Қ. Сәтбаев ат-ғы Қазақ ұлттық техникалық университеті,  
«Экономика және бизнес» институты

**Б**үгінгі таңда халықаралық несиелік рейтингті иемдену қажеттілігі, алдымен отандық қаржы институттарының міндеті болып отыр. Өйткені олардың қызметі ішкі қарыз нарығынан сыртқы нарыққа бағыт алуда. Бұл жердегі басымдылық мынада: егер инвестор сенетін болса оған өзінің тәуекелділіктерін кепілдендіру қажеттілігі болмайды. Нәтижесінде несие арзанырақ түседі.

Несиелік рейтингтің бар болуы банктің объективті қаржы мүмкіншіліктерін көрсетеді, институттың инвестиция қабылдауға дайын екендігін және инвесторлармен келіссөзге келуге ашық екендігін көрсетеді. Арнайы мамандандырылған рейтингтік агентствосымен берілген біршама жоғары несиелік рейтинг коммерциялық банктің кез-келген қаржы операциясын орындауға мүмкіншілігін артады. Рейтингтің инвестиция тарту, несиелерді алу, бағалы қағаздарды шығару немесе банк қызметін кеңейту мақсатына байланысты несиелік рейтинг банк менеджментіне өзіне ыңғайлы шарттарда келісім-шарт жасауға мүмкіншілік береді.

Несиелік рейтинг банктердің несиелік қабілеттіліктерін ұзақ мерзімді келісім-шарттарға отырады инвесторларға, қарыз міндеттемелерін сатып алушыларға, контрагент-банктерге, жабдықтаушылар мен клиенттерге тиімді хабарлау құралы болып табылады. Рейтинг инвесторлармен қарым-қатынас құрудың жалпы бағдарламасының құраушы бөлігі бола отырып, жалпы инвестициялық тартымдылықты жоғарлатуға себепкер болады.

Рейтингтерді қолданудың себебі мынада: зайым алушы өзінің несиелік қабілеттілігі туралы толық біледі, ал кредитор болса ол туралы толық мәліметпен қамтылмаған, сондықтан зайым алушы өзінің тек қана жақсы жақтарын көрсете отырып бейнелеуі мүмкін. Ал потенциалды кредиторлар бұл туралы біледі. Өйткені кез-келген зайым алушы өзінің жақсы жағын көрсеткісі келіп, өзінің нақты жағдайын жасыруы мүмкін. Сондықтан инвесторға зайым алушының несиелік қабілеттілігі туралы толық мәлімет қажет, ал зайым алушы кредиторды өзінің сенімділігі туралы көндіруі қажет. Қарыз алу нарығының дамуына байланысты, несиелік тәуекелділіктерді жеке зерттеу, информацияның сенімсіз түріне жата бастады.

Атап өту қажет, рейтинг – бұл ұсыныс емес, ойлануға арналған ақпарат болып табылады. дегенмен несиелік рейтингтер инвесторлар арасында, зайымалушылардың дифференциациясының тиімді құралы ретінде қолданыла

бастады. Несиелік рейтинг – бұл эмитент пен инвестор арасындағы коммуникация құралы болып та саналады. Сол арқылы эмитент инвесторға «үшінші жақ»-тың жасаған кәсіби қорытындысын пайдалана отырып, өзінің қаржы жағдайы туралы көп мәліметтерді келтіре алады. Осының арқасында эмитент өзінің әлсіз жақтарын қоғамға жария етпеуге мүмкіндік алады.

Несиелік рейтингтер ең алғаш рет АҚШ-та пайда болғандықтан, ең ірі әрі танымал несиелік рейтингтерді беруге маманданған рейтингтік агентстволар Moodys investors, Standard & Poors, Fitch-IBCA болып табылады. Бұл агентстволар дүниенің ондаған мемлекеттерінде өкілеттіліктер бар және барлық елдерге жалғыз стандартты ғана қолданып қана қоймай, барлық елдерге шамамен бірдей несиелік қабілеттілікті бағалау мен несиелік рейтингтердің шкалаларын бағалау методикасын қолданады. Олар өз қызметінің коммерциялық құпиясын да сақтай біледі.

Халықаралық қызметтермен белгіленген стандарттар, рейтингтердің барлық елдерге бірдей болғаны, бір қатар кемшіліктердің бар болғаны айқындалды. Ең алдымен олар халықаралық қаржы нарықтарына бейімделген, ұлттық, аймақтық және муниципалдық спецификаны әрдайым ескермейді. Өзінің қызметінде халықаралық агентстволар американың бизнесін қолдай отыра, қызмет жасайды. Сондықтан оған қарсы мемлекеттер мен бизнес сфераларының рейтингілерін төмендетіп бағалайды.

Рейтингтерді тағайындау кезінде халықаралық агентстволар көптеген инвесторлар мен эмитенттердің мүддесін қорғай отыра, белгілі бір балансты ұстануы қажет, әсіресе мемлекеттік тәуекелділікті бағалауда олар үлкен қиындыққа ұштасады. Өкінішке орай, бұл кейде манипуляцияға алып келеді. Мысалға, Кипрда Moodys агентствосы өз өкілеттілігін құрып, осы жердегі кейбір банктерге сұраныссыз рейтингтер тағайындай бастады. Сонда ол рейтингтер бәсекелестерге қарағанда біршама төмен болған. Нәтижесінде банктер Moodys компаниясына өзінің репутациясын сақтау үшін толық зерттеу жүргізуге тапсырыс берді.

Бүгінгі таңда халықаралық рейтингтік агентстволармен рейтингтелетін зайымшылардың саны 10 мыңға жуық. Оның құрамына дүниенің барлық елдері, ірі корпорациялар және біршама мықты елдердің муниципалитеттері кіреді. Бір АҚШ-та ғана бүкіл тарихы бойынша 100 мың рейтингтер тағайындалған, бағалы қағаздардың бөлек эмиссиясының рейтингілерін қосқанда.

Банктік несиелік рейтинг – коммерциялық банктердің қаржылық төлем қабілеттілігінің және тұрақты қаржылық жағдайдың қысқа мерзімді интегралды рейтингтік бағалау болып табылады. Берілген несиелік рейтинг – банк аналитиктерінің эксперттік тобының бағаланып жатқан коммерциялық банктердің өзінің контрагенттері алдындағы міндеттемелерін уақытылы және толық көлемде орындай алу мүмкіндігі мен қабілетін көрсетеді.

Банктік рейтингтің эксперттері ретінде әртүрлі несиелік ұйымдардың компанентті банктік аналитиктер қатысады. Олардың мамандығының міндеті – өздерінің контрагенттерінің қаржылық тұрақтылығы мен төлем қабілеттілігін бағалау болып табылады.

Банктік рейтингтің негізгі ерекшеліктерінің бірі – әр эксперт өз жұмысында өзіне ғана тән индивидуалды (жеке) талдау әдістері қолдана алады, сондай-ақ қолында бар ресми және бейресми ақпаратты да қолдану мүмкіндігіне ие. Банктік рейтингтің тағы бір ерекшелігі – әрбір бағаланып жатқан банктер бойынша, сол банктің эксперттік тобындағы әрбір эксперттің ағымдағы рейтингтік салығын көрсете алады. Бұл рейтингтік салық сол эксперттің бағасының жиынтық рейтинг бағасынан ауытқығанда автоматты түрде өзгереді. Бұл «автоматты» әдіс теріс пиғылда немесе жеткілікті білімнің болмауынан болатын эксперттердің әрекеттерін болдырмайды. Сондай-ақ жоғарыда аталған себептерге байланысты эксперт өзі жұмыс істеп жатқан банкінің бағалануына қатыспайды.

Несиелік рейтингтің рейтингтік категориялары.

Жиынтық рейтингтік бағаны беру банктерді несиелік тәуекелдері бойынша бірнеше топтарға топтастыруға мүмкіндік береді. Бұл эксперттік баға қаржылық есеп беруді жан-жақты талдаудың және осы банктердің қаржы-шаруашылық іс-әрекеттер мен байланысты басқа қосымша ақпараттар нәтижесінде шығарылады.

\*\*\*\*\* – Өте төмен несиелік тәуекел. Несие алушының қаржылық есеп беруі мен оның қаржы шаруашылық іс-әрекетімен байланысты басқа да ақпараттарды жан-жақты талдау нәтижесінде, бұл ұйымның әрекетінде болашақта қаржылық тұрақтылық пен төлем қабілеттілігіне қандайда бір негативті моменттер мен тенденциялардың мүлделі болуын көрсетеді.

\*\*\*\* – Төмен несиелік тәуекел. Несие алушының қаржылық есеп беруі мен оның қаржы-шаруашылық іс-әрекетімен байланысты басқа да ақпараттарды жан-жақты талдау нәтижесінде, бұл ұйымның болашақта қаржылық тұрақтылығы мен төлем қабілеттілігіне әсер ететін негативті моменттер мен тенденциялардың жоқ болуын көрсетеді.

\*\*\* – Орташа несиелік тәуекел. Несие алушының қаржылық беруімен оның қаржы-шаруашылық іс-әрекетімен байланысты басқа да ақпараттарды жан-жақты талдау нәтижесінде, бұл ұйымның әрекетінде болашақта қаржылық тұрақтылық пен төлем қабілеттілігіне теріс әсер ете алатын моменттер мен тенденциялардың бар болуын көрсетеді.

\*\* – Орташадан жоғары несиелік тәуекел. Несие алушының қаржылық есеп беруі мен оның қаржы-шаруашылық іс-әрекетімен байланысты басқа да ақпараттарды жан-жақты талдау нәтижесінде, бұл ұйымның әрекетінде болашақта қаржылық тұрақтылық пен төлем қабілеттілігіне әсер ететін белгілі бір моменттер мен тенденциялар болашақта өзінің міндеттемелерін уақытылы және толық көлемде өтей алмай қауіпінің бар болуы.

\* – Жоғары несиелік тәуекел. Несие алушының қаржылық есеп беруі мен оның қаржы-шаруашылық іс-әрекетімен байланысты басқа ақпараттарды жан-жақты талдау нәтижесінде,

бұл ұйымның төмен қаржылық тұрақтылығы мен өз міндеттемелерін уақытылы және толық көлемде қайтара алу жағдайына кез-келген уақытта душар болуы мүмкіндігін көрсетеді.

Жиынтық рейтингтік бағалауды бергенде аралық рейтингтік категорияларды белгілеу үшін «+» пен «-» белгілерін де қолдануға болады.

Даму тенденциялары.

Банк дамуының тенденциялары қосымша рейтингтік бағалау болып табылады. Ол банк дамуының перспективасын сипаттайды.

«+» – он динамика;

«+ =>» – динамика тұрақты;

«=>» – тұрақтылық;

«- =>» – динамика тұрақтылықтан гөрі, теріс.

«->» – теріс динамика.

Түсіндіруші факторлар.

Факторларды түсіндіруші эксперттік бағалау талдауының банктің әр-түрлі рейтингтік бағалауларды иемдену процедуралардың себеп-салдарлы байланыстарын бөлшектеуге мүмкіндік береді.

Несиелік рейтингтің түсіндірмелі факторлары келесі:

– ресурстық база

– капитал

– активтер

– пайда

– акционерлер/ менеджмент

– ликвидтілік

– операциялардың негізгі бағыттарын бағалау

– қаржылық емес факторлар;

Түсіндірмелі факторларды бағалау бесбалды шкала бойынша есептеледі. Сондай-ақ «+» пен «-» белгілері де түсіндірмелі факторларды аралық бағалауда қолданылады.

Несиелік рейтингтер түрлі типтер мен категорияларға бөлінеді.

**Салыстырмалы несиелік рейтингтер бар (рэнкин-гтер)**, олар таңдап отырған бәсекелестердің арасындағы банктің несиелік қабілеттілігінің деңгейін бейнелейді. Мұндай рейтингтер несиенің қайтарылмау тәуекелділігі қай жерде көп немесе аз деген сұраққа жауап береді. Бірақ зайым алушының кредиторға деген қатынасына нақтылы іс-әрекетін болжамдай алмайды.

**Классикалық жеке рейтингтер** тиімдірек болып есептеледі. Ондағы әр эмитент белгілі бір кластағы рейтингке тек қана төлей алмай тәуекелділіктің деңгейіне ғана емес (**дефолт**), оның кредитормен қарым-қатынасының іс-әрекетінің мүмкін болатын жағдайымен де анықталады.

Классикалық рейтингтердің арасында жалпыларына эмитенттердің несиелік рейтингтері жатады – эмитенттің өзінің қаржы міндеттемелерінің орындаудың жалпы қабілеттілігі мен дайындығының бағасы.

Олардан басқа бөлек эмиссиялардың несиелік рейтингтері бар. Бұл эмитенттің нақтылы қаржылық міндеттемелерді, қаржылық міндеттеменің нақтылы типіне, немесе нақтылы қаржылық проектсіне несиелік қабілеттілігінің ағымдағы бағасы.

Тағыда ең нақтырақ несиелік тәуекелділіктерге баға ретінде арнайы қарыз міндеттемесін орындау рейтингтері жатады. Олар банк несиесіне, инвестициялық жобаларға және бағалы қағаздарды жеке орналастыруда қолданылады. Мысалыға жеке салымдар рейтингі міндеттемелердің орындалмауы қауіпі кезінде тәуекелділік деңгейін түсіру үшін кепілдік пен міндеттемелерге бағаны құрайды. Банктік ссудалардың рейтингтері синдицияланған несиелер нарығына жобалық

қаржыландыруға қызмет көрсетеді және кредитордың міндеттемелерді орындамау кезіндегі белгілі бір құралдарды алу перспективаларының бағасын қамтиды.

Валютасында проблемасы бар мемлекеттерде, оның ішінде Қазақстанда да жергілікті және шетел валютасында қарыз алу рейтингтері арасында айырмашылық бар. Бұл рейтингте эмитенттің қаржы міндеттемелерін мемлекетіміздің ұлттық валютасында немесе шетел валютасында орындауды көрсетеді. Мұнда эмитенттің рейтингі жергілікті валютада шетел валютасындағы рейтингтен жоғары көрінеді.

Несиелік рейтингтер уақыт өлшемі бойынша да бөлінеді. Осыған байланысты олар ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді болып бөлінеді. Ұзақ мерзімді рейтинг зайым алушының өз қаржы міндеттемелерін бір жылдан жоғары уақытқа уақытылы орындау мүмкіншілігін бағалау. Қысқа мерзімді рейтинг міндеттемелерді уақытылы төлеудің жергілікті нарықтарға сәйкес қысқа мерзімді болып саналатын міндеттемелерді бағалау. Ереже бойынша қысқа мерзімді рейтинг бір жылдан кем уақытқа тағайындалады. Осы екі рейтингтің түрін қосымша рейтингтік мінездеме байланыстырады – рейтинг болжамы кебір кезде ол бөлек болжам рейтингі болып есептеледі. Ол рейтинг бағытының жақын екі-үш жылда өзгеру мүмкіншілігін көрсетеді.

Барлық рейтингтер рейтингтік шкала принципі бойынша құрылады. Онда рейтингтің типтері, категориялары және класстары ерекшеленеді. Мысалы ретінде алдыңғы қатарлы рейтингтік агентстволардың несиелік рейтингтерді бағалық салыстыру таблицасын келтіруге болады.

Инвестициялық рейтингтер:

AAA–эмитенттің қарызды және процентті төлеу мүмкіндігі өте жоғары.

AA–эмитенттің қарызды және процентті төлеу мүмкіндігі жеткілікті жоғары.

A–эмитенттің қарызды және процентті төлеу мүмкіндігі жеткілікті жоғары, бірақ ішкі экономикалық жағдайға байланысты.

BBB–эмитенттің қарызды және процентті төлеу мүмкіндігі өтеу кезіндегі ішкі экономикалық жағдайға байланысты.

Спекулятивтік рейтингтер:

BB–ішкі экономикалық жағдайдың тұрақсыздығы эмитенттің төлем қабілеттілігіне әсер етуі мүмкін.

B–эмитенттің шектелген төлем қабілеттілігі, дегенмен де ағымдағы шығарылған міндеттемелердің көлеміне сәйкес келуі.

Аутсайдерлік рейтингтер:

CCC–біршама қызығушылықты қорғау кездеседі, бірақ тәуекелділік пен тұрақсыздық деңгейі жоғары.

CC–эмитенттің төлем қабілеттілігі ішкі экономикалық жағдайға қатты тәуелді.

C–эмитенттің төлем қабілеттілігі толығымен ішкі экономикалық жағдайға байланысты.

D–қарыздар өтелмейді.

Талданатын банктің танымалдылық рейтингі бұл – есепті айдағы эксперттік дауыс беруге қатысқан барлық эксперттердің құрамындағы осы банкке баға қойған эксперттердің проценттік үлесі болып табылады.

Эксперттердің келісуін бағалау.

Эксперттердің келісуі дегеніміз – талданатын банкке эксперттердің қойған ең төменгі және ең жоғары баға аралығындағы сан. Бұл коэффициент бірге жақын болған сайын жиынтық рейтингтің эксперттер арасында келісім соғұрлым жоғары болып табылады.

Банктің рейтингтегі орны.

Жиынтық рейтингтегі банктің эксперттердің қойған жиынтық рейтингтік бағасын көрсеткішіне байланысты. Бірнеше банктің рейтингтік бағалары бірдей болған жағдайда олардың рейтингтегі орны олардың әрқайсысының бағалық келісулеріне есепке алынып анықталады. Егер де келісілген бағалардың бірдей болған жағдайда банктің даму динамикасын бағалаулары ескеріліп, рейтингтегі банктің орны анықталады. Ал егерде бұл сандарда тең болса, орындардың тізімі түсіндірулу факторлар бағалары бойынша анықталады. Егер осы жоғарыда аталған банктің бағалары бірдей болса, банктің рейтинг тізімінде бір орында тұрады.

Несиелік рейтинг.

Қазақстандағы несиелік тәуекелдің қазіргі деңгейі несиелік рейтингтердің кең етек алуы өте актуалды болып табылады. Қазіргі таңда инвесторлар тарапынан туатын сұраныс фирманың нақты бір тауарды өндіру мүмкіншілігіне емес, жалпы несиелік мәдениеттілік деңгейіне байланысты болып келеді.

Қазақстанда жұмыс істеуді шешкен инвесторлар үшін тауарларды өндіру мен енгізілген капиталдан табыс табу мүмкіндігі қазіргі таңда нақты бір ұйыммен емес сол ұйымның орналасқан саламен анықталады. Нақты саланың нарық сегментіне ену үшін қай фирманы таңдау – деген сұрақ несиелік рейтингіне байланысты шектеледі. Себебі ол қазіргі таңда инвесторларда бағаланатын несие мәдениетінің критеріі болып табылады.

Ондаған жылдар бойы несиелік рейтингтері әлемдік қаржы нарықтарында компаниялардың ұзақ мерзімді міндеттемелерінің сапасын бағалайтын сенімді, оңай және ашық бағалау құралы болып келеді.

Несиелік рейтингтер жүйесінің даму барысында, уақыт өткен сайын несиелік рейтингі мен проценттік ставка арасындағы байланыс үлкейе береді. Сондай-ақ рейтингтік тарихы ұзақ және тұрақты болған компаниялардың имиджі жоғары болады.

Көптеген елдердің заңдарында инвестициялардың кейбір түрлерін жүзеге асырғанда несиелік рейтингтердің қолдану қарастырылған. Мысалы, батыс елдеріндегі зейнетақы қорлары мен сақтандыру компаниялары заңдарда бекітілген рейтингтен төмен тұрған бағалы қағаздарды сатып алу тиым салынған. Осыдан шығатын қорытынды: несиелік рейтингтер батыс елдері экономикасында бизнес тәуекелдерді бағалаудың тиімді құралы ретінде көрсете алды. Басқа жағынан қарасақ, рейтинг қор нарығын дамытудың катализаторы бола алады. Өйткені оны кәсіпорынсіби емес, көптеген инвесторлар пайдаланып, қор нарығының дамуына қосымша ресурстар тартады. Қазақстандық қор нарығының потенциалын ескерсек, рейтингтік жүйенің дамуының онды перспективасы бар. Сонымен несиелік рейтинг – қарыз алушының несиелік тұрақтылығын деңгейін бағалайтын универсалды құрал болып табылады. Ол өзінің иесіне келесі құқықтар береді:

- өзін басқа компаниялардан ерекшелену және сол арқылы инвесторлар ресурстарын тарту;

- өзінің қаржылық тұрақтылығы туралы хабарлау, бірақ коммерциялық құпия болып саналатын ақпаратты жариялау;

- оңтайлы несиелік тарифты және капитал нарығына шығу үшін қажетті қаржылық репутацияны жасау.

Ішкі несиелік рейтингтерді иемдену «ұлттық несиелік рейтинг шкаларына» сай жүргізіледі. Ол Қазақстандық нарық жағдайындағы несие тәуекелінің деңгейін бағалауға арналған. Бірақ ол несие рейтингін егеменді тәуекелді есептемей бағалайды. Бірақ, жоғарыда аталған ұлттық шкаланың егемендік тәуекелін ескермейтіні компания мен оның

қарыздық міндеттемелері халықаралық оқиғалар, тенденциялары мен тәуекелдері ескермейді – деген сөз емес.

Қаржылық тұрақтылық рейтингісі – дамыған елдерде мойындалған және практикада сақтандыру компаниялардың өзіне жүктелген сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша міндеттемелердің орындай алу мүмкіндіктерін анықтайтын құрал болып табылады.

Ақпаратты жинау, кездесулер мен талдауды арнайы құрылатын аналитикалық топ жүргізеді. Оның нәтижесі рейтингтік комитетке белгілі бір несие рейтингісін беру ұсынысымен жіберіледі.

Жібірілген барлық материалдарды қарап, рейтингтік комитет клиентке белгілі бір несиелік рейтингісін беру туралы шешім қабылдайды. Клиент хат ретінде оған белгілі бір рейтингтің берілгені хабарлайды, сондай-ақ рейтинг бағасын түсіндіретін рейтингтік есеп беру қоса жіберіледі.

Заң мерзімді несиелік рейтингтердің «ұлттық шкаласы» бойынша «кредит-рейтинг» компаниясының жасалған категорияларын ұсынамыз:

Инвестициялық деңгей 1-кесте

Иа ААА	Қаржылық міндеттемелерді орындаудың ерекше өте жоғары қабілеттілік.
Иа АА	Қаржылық міндеттемелерді орындаудың өте жоғарғы қабілеттілік.
Иа А	Қаржылық міндеттемелерді орындаудың жоғарғы қабілеттілік, бірақ коммерциялық, қаржылық және экономикалық жағдайлардағы теріс өзгерістердің әсер етуі мүмкін.
Иа ВВВ	Қаржылық міндеттемелерді орындаудың жеткілікті жоғарғы қабілеттілігіне ме, бірақ теріс өзгерістердің әсер етуі ықпалы күшті.

Инвестициялық емес (спекуляциялық деңгей)

Иа ВВ	Жағымсыз экономикалық жағдайлар кезінде төлемеу тәуекелі болу мүмкін.
Иа В	Қазіргі таңда қаржылық міндеттемелерді орындау қабілеттілігі болғанымен, жағымсыз экономикалық жағдайлар кезінде төлемеу тәуекелі жоғары болып табылады.
Иа ССС	Жағымсыз экономикалық жағдайлар кезінде төлемеу тәуекелі едәуір жоғары.
Иа СС	Қаржылық міндеттемелерді орындамаудың жоғарғы мүмкіндігі.
Иа С	Ағымдағы төлемдер дасалып жатыр, бірақ ағымдағы уақытта қаржылық міндеттемелерді орындамау күтілу.
Иа Д	Қаржылық міндеттемелер бойынша төлемдер келіссіз тоқтатылды, төлемнің уақыт келуіне дейін реструкциясы жасалды.

Инвесторлар тарапынан жасалатын сұраныс нақты тауарды өндіруге мүмкіндігінен емес, жалпы несиелік мәдениетпен анықталады. Қаржылық есеп беруді адекваттық формасы ретінде тек несиелік мәдениет бола алады. Ол корпоративтік басқару принциптерінің шынайылығын, сондай-ақ ең ақарына келгенде өзінің жүктелініп алынған қарыздар бойынша төлей алу қабілеттілігіне деген сұранысты білдіреді. Рейтингтеу – өзінің қаржылық тұрақтылығы туралы нарықтың басқа субъектілерге хабардаудың ең тиімді әдістерінің бірі болып табылады. Айта кету керек, несиелік рейтинг – потенциалды инвесторларға ойлануға берілетін, міндетті емес ақпарат көзі. Рейтингтік агенттілік бағалауын

қарастырғанда қабылданған инвестициялық шешімдердің нәтижелілігіне тек инвесторлар ғана толық жауапты болады. Ол дегеніміз егер инвестордың болжанған инвестициялық жоспарлардың орындалмаған жағдайында, инвестор несиелік рейтингі жасаушыларға ешқандай қарсылық қоя алмайды. Еске түсірсек, бірде бір халықаралық рейтингтік агенттік уақытылы және толық көлемде Enron және world com компанияларының қаржылық жағдайы туралы шынайы ақпарат беріледі.

Рейтингті қолданудың маңызы: Қарыз алушылар (заемшіктер) өздерінің несие төлей алу қабілеттілігі туралы потенциалды кредиторлардан жақсы біледі. Сол себепті олар жақсыжақтан көріну үшін қолдарында бар ақпараттарды өзгертіп, әдейі рейтингті бұрмалайды. Потенциалды кредиторлар қарыз алушының өзі туралы нақты жағдайы туралы ақпаратты өзгертуге мүдделі екендігін жақсы біледі. Сондықтан да инвесторға қарыз алушы несие қайтара алуы туралы шынайы ақпарат керек. Ал соңғыға – өзінің жағдайының тұрақтылығын арттыра жеткізу керек. Қарыз алу нарығының болашақта өсе түсетінін ескеретін болсақ, несие тәуекелділігін өз бетінше зерттеу инвестициялық шешімдерді қабылдау үшін сенімсіз ақпарат көзіне айналып барады.

Бұл проблеманы шешуге тәуелсіз халықаралық және ұлттық рейтингтік агенттіктердің несиелік рейтингтері көмектеседі. Несиелік рейтинг – бұл қарыз алушының тек қана жүктелген міндеттемелерді төлеу алу қабілеттілігі емес, және оны төлей алу дайындығы туралы берілетін қорытынды. Ол қарыз алушының жалпы несие төлей алу қабілеттілігін (немесе оның нақты міндеттемелерге қатысты несие төлей алу қабілеттілігін) көрсетеді. Уақыт өте келе несиелік рейтингтердің айтарлықтай мамандануы байқалуда. Қазіргі уақытта олардың негізгі типтері келесі:

- эмитенттердің несиелік рейтингтері;
- жекелеген эмиссиялардың несиелік рейтингтері;
- арнайы маманданған рейтингтер (банктік несиелердің, жеке меншік салымдардың, инвестициялық жобалардың және т.б.)

Рейтингтеу принциптері:

Бірінші принцип болып, объект өзінің рейтингісін алу үшін тапсырыс береді, ол үшін көп ақша төлейді және рейтингтік агенттікке өзінің ағымдағы әрекеті туралы барлық ақпаратты (тіпті коммерциялық құпия болып табылатын) өз еркімен ұсынады. Бұл схеманың кемшілігі – рейтингті тексеруіс, «жақсы» бағамен сату мүмкіншілігінің пайда болуы.

Екінші принцип – компания туралы қоғамдағы ақпаратты жинау болып табылады. Рейтингтік агентства атын иемденген ұйымдар «А» компанияның тапсырысы бойынша «А» компаниясы жұмыс жүргізгісі келетін «Б» компания туралы сыртқы, қоғамнан алынған ақпараттарды жинайды. Бұл схеманың кемшілігі – тек табылған ақпараттарды ғана қолдана алады. Ал табылған ақпараттардың өзі жалған, ескірген және т.б. болуы мүмкін. Мамандардың айтуынша, компания туралы жалпы көріністі тек жиналған қоғамдық ақпараттар көмегімен ғана жасауға да болады. Бірақ рейтинг бұл жағдайда сенімсіз болып қалуы да мүмкін. Шындығына келгенде бұл принцип бойынша жұмыс істейтін агенттіктер «рейтингтік» деп аталу құқығына ие болуы қиын.

Үшінші принцип – қаржылық көрсеткіштер туралы ақпараттар базасын құрастыру болып табылады. Әлемде компаниялардың жіберіп отыратын ақпараттарын жинақтап, өндейтін және оны өздерінің арнайы ақпараттық «банктерінде» сақтайтын тек бірнеше ғана агенттіктер бар. Мұндай мәліметтер базасына кіру үшін ұлттық компания агенттікке ең алдымен өтінішін жібереді, содан соң өзінің экономикалық

жағдай мен қаржылық көрсеткіштерін көрсету үшін арнайы анкета толтырады. Рейтингік агентства осы мәліметтерге сүйеніп, «досье» сенімді құжат жасайды және сұраныстар тускен жағдайда оны сұраған пайдаланушыларға ұсынады. Рейтингітеудің бұл әдісі де клиенттің несие төлей алу қабілеттілігін бағалаудың нағыз үлгісінен де алыс болып табылады, сол себептен бұл әдіс кең тарамаған.

Тәуелсіздік: несиелік рейтинг эмитенттің несие қабілеттілігі туралы рейтингтік компанияның тәуелсіз ой білдіруі. Standard and Poor's-тың тәуелсіз пікірі кез-келген нарық қатысушыларына, мемлекеттік және коммерциялық ұйымдарға несие қабілеттіліктерді бағалауға көмектесетін объективті шешім.

Аналитикалық критерийлердің жариялануы: инвесторларға Standard and Poor's-тың тәуекелділіктерді бағалаудағы аналитикалық тәсілдердің қолданылуы туралы толық мәлімет береді. Standard and Poor's-тың барлық критерийлері кез-келген тілде жазылған, және Standard and Poor's сайтында орналасқан.

Серіктестік: шешімдер қабылдау процедурасында аналитиктардың ой пікірлерінің кез-келген манипуляцияға жол берілмеуі. Рейтингік комитет несиелік рейтингті иемдену процесіндегі маңызды механизм, аналитиктар бағасының нақтылығын кепілдендіреді, сапаны бақылау және аналитиктерге шеттен қысымның болдырмауын бақылайды. Рейтингік комитет 5-9 арнайы салаға маманданған мамандардан құрылады. Рейтингік комитеттің мақсаты болып рейтингтік есеп беруді детальды талқылау және дауыс беру арқылы белгілі бір деңгейдегі рейтингті беру.

Интерактивтілігі: бұл принцип несиелік рейтингті иемдену процесінде және одан кейінгі бақылауға арналған эмитентпен қарым-қатынас. Standard and Poor's ең алдымен эмитенттің өзінен алынған информацияға сүйенеді. Ол информациялар талқыланады, барлық жағдайлар қарастырылады және несие қабілеттілікке әсер ететін факторлар талқыланады. Интерактивтілік эмитенттің басшылығымен жиі кездесулерді және үнемі информациялық ара қатынас орнатады. Осы арқылы болып жатқан өзгерістерге тез арада әрекет етуге көмектеседі.

Информацияның құпиялығы немесе конфиденциальдылығы: Standard and Poor's жұмысының принциптері аяқталған эмитентке информацияның қоғамға жария етілмеуіне кепілдік береді.

Рейтингтік шкалалардың қолдануы: шакала түрлі экономикалық табиғаттағы (корпорациялар, региондар, муниципалитеттер, банктер, сақтандыру компаниялары және басқалары) эмитенттер арасындағы несие тәуекелділіктерінің салыстыруға арналған.

Дефолт болу мүмкіндігін әрдайым зерттеу: барлық рейтингтік категориялар бойынша кең статистикалық талқылау негізінде рейтингтік ой-пікір сапасын бақылау үшін жүргізіледі.

Несиелік рейтингтер соңғы жылдары инвестициялық шешімдерді қабылдауға қажетті қосымша ақпарат көзі болып отыр. Қор нарығы дамыған елдерде соңғы жүз жыл бойы тәуелсіз несиелік агенттіктер айналысуда. Олардың ең көбі Швецияда – жетеу, Германияда – үшеу, Канадада – екеу, Россияда – екеу, алғашқы рейтингтік агентство Украинада да пайда болады. Олар эмитенттердің түрлі топтарына несие рейтингтерін қояды: ұлттық үкіметтерге, жергілікті және аймақтық билік органдарына, корпорацияларға, қаржылық және сақтандыру ұйымдарына, басқарушылық қорларға несиелік рейтингтеудің тәжірибесінде (практикада) ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді перспективаларға халықаралық, сондай-

ақ ұлттық шкаланы қолданып, оны шетелдік және ұлттық валютада көрсету қолданылады. Ұзақ мерзімді рейтингтер ең жоғарғы категориядан – AAA – ең төменгі категория – D-ға дейін бөлінеді. AA – дан CCC-ға дейінгі рейтингтер «плюс» және «минус» белгілерін қолдана алады. Олар категория ішіндегі орнын анықтайды. AAA, AA, A және BBB категориялар рейтингтері инвестициялық кластар болып табылады. Басқа барлық категориялар спекалятивті болып саналады да, «мусорлы» жаман лақап атқа ие. Рейтингіті иемдену екі-үш жылға арналған жоспар мен қоса жасалады:

- «позитивті»–жоғарлауы мүмкін;
- «негативті»–төмендеуі мүмкін;
- «тұрақты»–өзгеріске ұшырау мүмкіндігі аз;
- «дамушы»–жоғарылауы да төмендеуі де мүмкін;
- «NM»–бағалаудың мәні жоқ.

Инвесторлар арасында тәжірибесі мол халықаралық агенттіктердің рейтингтері үлкен сұранысқа ие. Олар келесілер: Standard & Poor's, Moody's Investors Service және Fitch IBCA. 90-жылдардың соңында осы аталған агенттіктердің несиелік рейтингтерінің Қазақстанда пайда болуы, Қазақстандық несие алушылардың капиталдық сыртқы нарығына шығуымен түсіндіріледі. Алғашында несиелік рейтингтер Қазақстан үкіметінің қарыздық міндеттемелеріне қойылған еді. Кейінірек рейтингтеуге қазақстандық банктер мен ірі компаниялар қатыстырылды.

Қазіргі уақытта халықаралық несиелік рейтингтерге иеленуге әрекеттері ішкі қарыздық нарықтардан аса бастаған ұлттық компаниялар мүдделі еді. Мұндағы пайдасы елеулі: оған инвестор сеніп тұрғанда, өз тәуекелдерін қайта сақтандырылуына қажеті жоқ. Соңында несие арзанға түседі. Мұндай мысалдар көп. Эстонияның ағымдағы рейтингсі Baal (Moody's рейтингсі) – мен 5% жылдық несие ала алады; Славания төменірек тұрған бірақ инвестициялық болып табылатын Vaas –пен 7.3%; Украина болса өзінін «спекулятивтік» B2-сімен жылдық 11% несие ала алады. Айырмашылық жер мен аспандай.

Жеке эмитенттердің рейтингтері ұлттық үкіметтің рейтингсімен бір деңгейде де, одан төмен де бола алады.

Қалай болғанымен ұлттық үкіметтің рейтингсі осы үкімет заңына бағынатын басқа барлық эмитенттердің рейтингтеріне бағыт бағдар болып табылады.

Қазақстанның несиелік рейтингсі төмен болғандықтан, ол оның несие алушыларын да рейтингтік шкаланың төменгі жағына орнаталады. Мұндай жағдайда несиелік рейтингтердің ұлттық шкаласының маңызы үлкейеді. Ол бойынша ұлттық қарыз алушылар егеменді тәуелсіз бағаланады.

Егер елде қандай да бір төнкеріс орын алса, онда кез-келген зауыт қаншама қаржылық жағынан сенімді болса да, шетелдік инвестор ақшасын қайтара алмайды.

Мамандардың пікірінше Қазақстандық компанияларға халықаралық шкала бойынша тек ортанғы төрт сатыға ғана сенуге болады. Сондықтан олар несиелік рейтингтердің ұлттық шкаласын қолдану бойынша кеңес береді.

Егер де несиелік рейтинг берілсе, ол тек қана ағымдағы уақытқа ғана жарайды. Кем дегенде тоқсанда бір рет рейтингтелетін объект бойынша ақпарат толық жаңаланады. Егер компания қажетті ақпараттар бермесе, немесе төлем ақы жасамаса, немесе өзгерістерге разы болмаса- рейтинг қайтарылады. Бұл факті несие алушының несие қайтара алу қабілеттілігінің нашарлауының жанама дәлелі бола алады.

Сыртқы нарықтарда 10 млн. долларға дейін салалардағы несие ала алатын ірі компаниялар, рейтингті де ала алады, яғни сыртқы нарықтан қосымша несие алуға мүмкіндігі болады. Мысалы, оны қаржыландыру шығындарын төмендетуге

жұмсауға болады (бағаны түсіру, зайымдар мерзімі мен көлемін көбейту). Сонымен бірге, көптеген институтция-налды инвесторлар рейтингсі жоқ эмитенттердің ұзақ мерзімді міндеттемелерімен ешқандай жұмыс істегісі келмейді. Бірақ мынаны есте сақтаған жөн: бұдан аз көлемде болатын зайымдар құны, ондаған мың доллар салаларды құрағанымен қайтара алмауы мүмкін.

Ұлттық рейтинг одан арзан тұрады – 10-20 мың доллар, оның болашағы қор биржасын дамуымен байланысты.

Қазақстанда эмитент статусына байланысты бағалы қағаздың сенімділігі анықталады. Егерде құнды қағаздар мемлекеттік болса – сенімділік жоғары болады, ал егер муниципалды болса – сенімділігі орташа болады, егерде әйгілі емес компанияныкі болса – сенімділігі төмен болады. Нарық қатысушыларының пікірінше, көптеген эмиссиялардың нарықтық белгісі жоқ болып табылады.

«Нарықтық емес» зайымдар көбнесе салық салуды оптимизациялауға арналған және корпоративтік облигациялардың орналастыруының негізгі мотиві болып табылады. Бұл эмиссиялар банктермен немесе эмитентке «жақын» адамдар мен компаниялармен сатып алынады. Мұндай «орналастыруларға» рейтингтердің қажеті жоқ. Ал қор нарығы нағыз «нарықтық» мінезде болса, (бүкіл қаржылық қауымдастықтың болашақтағы үміті), оның қатысушыларына өзінің бағалы қағаздарының сенімділігі туралы күш жұмсау қажет болады. Өкінішке орай біздің несиелік мәдениетіміз әлі дамымаған. Банктер әліде өз клиентінің несие төлем қабілеттілігінің басқа біреудің берген бағасына сенбей, өзінің бағасын қоюда.

Несиелік рейтингтер жайлы ситуация сиқырлы шеңберге ұқсас болып келеді: нарықтық эмиссия жоқ болса – рейтинг жоқ, рейтинг жоқ болса – нарықтық эмиссияның жағдайына жол жоқ. Бірақ бұл да жағдай жақын арада өзгеруі мүмкін. Қазақстанда «несиелік рейтинг» атты жекеменшік агент-

тік ашылды, ол Қазақстандық эмитенттердің төлем қабілеттілігін бағалауды қолға алды. Несиелік рейтингтерді қолданудың ең тиімді әдісі – АҚШ-та, бағалы қағаздар бойынша комитеттің (SEC) брокерлер позициясын анықтау үшін бағалады. Оның мағанасы келесіде: егер брокерде рейтингісі AAA болатын бағалы қағаз бойынша позициясы – 100\$ болса, ол тура сол бағамен сатылады, егер рейтингісі BBV болса құны – 75%-ға, ал егер рейтингісі CCC болса – 2\$-ға төмендейді. Соған қарап барлық позициялар бойынша резервтеу жасалады. Сонымен бірге Американдық зейнеткерлік қорлар бағалы қағаздарды несиелік рейтингтегі ақпараты бойынша орналастырады. Заңда арнайы рейтингісі AAA болатын бағалы қағаздың үлесі зенеряқы қорлары портфелінің 60%, ал AA және A – 30%-тен көп емес портфельдік үлес алу керек деп бекітілген. Тура осы заң сақтандыру компанияларына да қатысты.

Қазіргі экономиканың жаһандануына байланысты банк қызметіне көптеген талаптар қойылуда. Банктің қызметіндегі – кез-келген экономиканың маңызды қозғаушы күші болып табылады. Қазақстанның банк секторының қызметі ТМД елдері арасында беделді орын алады. Алайда банк қызметіне қойылатын талаптар көп. Банк қызметінің тұрақтылығы мен кепілдігінің маңызды бір факторы болып – несиелік рейтинг болып табылады. Несиелік рейтинг – бұл банк қызметін бейнелейтін тәуелсіз көрсеткіш. Оны халықаралық және ұлттық рейтингтік агентстволар бекітеді. Несиелік рейтинг арқылы біз кез-келген банктің инвестиция тартымдылығы деңгейін анықтай аламыз. Банктің несиелік рейтингі көптеген инвестициялар үшін сол банк туралы көзқарасты бейнелейді.

Қорыта келе, біз несиелік рейтингтің банк қызметіне әсерін біршама түсінген сияқтымыз. Банктің несиелік рейтингісі қазіргі таңда банк қызметінің қозғаушы құралы ретінде қолданылады.

#### «Теоретические основы кредитных рейтингов коммерческих банков»

**Толеген Тажобаев** – преподаватель кафедры «Таможенное дело и МЭО» Южно-Казахстанского государственного университета им. М. Ауэзова;

**Ануар Бекешов** – КазНТУ им. К. Сатпаева, Институт «Экономики и бизнеса»

Банковская система Казахстана – одна из передовых банковских систем стран Содружества. Ежегодно банковская система страны, в том числе кредитная политика банков, совершенствуется, виды кредитов увеличиваются. На сегодняшний день перед отечественными финансовыми институтами стоит задача – овладеть международным кредитным рейтингом. В статье рассматриваются особенности кредитной политики отечественных финансовых организаций, дается анализ системы кредитования банков.

#### “Theoretical bases of credit ratings of commercial banks”

**Tolegen Tajibaev** – lecturer of “Custom and international economic relations” department of South-Kazakhstan state university named after M. Auezov;

**Anuar Bekeshov** – KazNTU named after K. Satpaev. The institute of “Economics and business”

The bank system of Kazakhstan is one of the most advanced among the banks of the states of CIS. The annual growth of the economy of the country, the bank system, including credit policy of banks is being developed, and the types of credits are increasing. Presently national financial institutes are faced with the goal of obtaining international credit rating. The specific features of credit policy of national financial organizations are being examined. The article examines crediting of banks of Kazakhstan.

# Консерватизмнің негізін қалаушы Ж. де Местрдің ілімі

**Балташ ҚАРИПОВ,**  
«Фемида» Қарағанды заң академиясы Көкшетау филиалының директоры, доцент

**Б**ұл еңбек Ж. де Местрдің саяси ілімінің негізгі тұстарын сипаттауға арналған. Ж. де Местр және оның замандасы ағылшын Э.Берк консерватизм саяси теориясының жасаушылар, консервативтік ойдың негізін қалаушылар ретінде танылды. Соңғысының шығармалары батыс ғылыми дәстүрінде, сонымен қатар соңғы жылдары отандық ғылымда кеңінен және толық зерттелді. Ж. де Местрдің теориялық мұрасын зерттеуге байланысты проблемалар бүгінгі таңға дейін өзекті және ашық күйінде қалып отыр.

Граф Жозеф Мари де Местр 1753 жылы Савойи және Сардиния королдігіндегі Шамбериде туған, 1821 жылы Туринде қайтыс болған. Ол ХVIII ғасырда Савойиға көшіп келген лангодек графының тегінен тараған. Турин университетінің құқық бөлімін бітірген. Өз заманындағы әйгілі және беделді массондардың бірі болған. Француз төңкерісінен кейін шет елге кетуге мәжбүр болды. 1803 жылы мамыр айында Сардиния королі Виктор-Эмануил оны мәртебелі елші ретінде Санкт-Петербургке жіберді, онда ол 1817 жылға дейін тұрды. Петербург қоғамында беделге ие болып, император І Александрға ықпал ете алды. Өмірінің соңғы жылдарын Турин қаласында өткізіп, біраз құрметті лауазымдар атқарды.

Ж. де Местрдің негізгі шығармалары. 1765 ж. – «Пять парадоксов». 1796 жыл – «Рассуждения о Франции». Санкт-Петербургте жазған: «Опыты о принципе порождения политических учреждений и других человеческих установлений», СПб, 1810; «О сроках божественной справедливости», СПб, 1815; «О Папе», Lyon, 1819; «О галликанской церкви», Р., 1821; «Разъяснения о жертвах», «4 главы о России», «Рассмотрение философии Бэкона», Р., 1835.

Саяси теория жасаудың әдіснамалық негізіне келетін болсақ, шартты түрде Местрдің гносеологиясы мен онтологиясы туралы айтуға болады.

Оның гносеологиясында екі тармақ тарқатылады. Біріншісі білім саласының иерархиясына қатысты: дін, философия, ғылым. Ғылым философияға бағындырылған, өткені соңғысы қандай болмасын ғылымға негіз бола алады. Философия өз кезегінде дінге бағындырылған, «өйткені христиан ілімінен өз өзінен туындамайтын кез келген метафизикалық ереже кеселді ақымақтықтан басқа ештеңе де бола алмайды» [цит. по 6, 117 б.].

Екінші тармақ: таным механизмі. Мұнда де Местр орта ғасырлық философияда Августин әулиенің ғылымынан бастау алатын дәстүрдің ағымына еліктеп туа біткен идеялар жүйесінің жақтаушына айналады. Қашан да шындық идеясын, де Местр оның өтірік болуы мүмкін растамасынан ажыратады. Фома Аквинскийден кейін ол бірінші болып шындықты «растам мен оның объекті арасындағы тепе-теңдік» деп анықтады [8, 105 б.]. Адам табиғатының күнәхарлығы салдарынан адамның ақыл-ойындағы идеялар өзгерген. Бірақ барлық адамдарға

тән жалпы ақыл-ойда («la raison generale») өмір сүретін идеялар міндетті түрде ақиқат және өзгермеген (яғни адекватты). Мысалы, христиан ілімі кепілді ақиқат болып табылады. Олай болса, растау мен талдау үшін, яғни танып білу мүмкіндігі үшін бедел қажет.

Жалпы де Местр онтологияда беделге, атап айтқанда томистік дәстүрдің беделіне сүйенеді. Құдай адамның, әлемнің негізін қалады. Әрбір ғаламаттың ол имманенттік табиғат (ғаламат) заңы бойынша қозғалтады. Бірақ Құдай кейде бұл заңдарын бұза алады. Мұндай оқиғалар ғажайып деп аталады.

«Мәңгілік алдындағы геометр» қызметі адам бостандығымен сәйкес келеді. «Егер сіз барлық пружиналарының күші, салмағы, мөлшері, нысаны және орналасуы үздіксіз өзгеріп отыратын, бірақ уақытты жаңылмай көрсетіп тұратын сағатты көз алдыңызға елестетсеңіз, Жаратушының ерікті заттар мен ойлар қызметінің қатынасы туралы қандай да бір ұғымыңыз қалыптасады» [7, 11 б.].

Әлемдегі бар зұлымдық – Құдай жол берген адам еркі бостандығының салдары. Сонымен қатар, оған жаза және өтеу ретінде жол берілген. Олай болса, қаһар – жоғары биліктің қажетті рәсімі – құдайы және оны жүзеге асырушы патша билігі. Жазалау құқығын патшаға Құдай берген. Құдай қаһарының қажеттілігімен жеңдеттің қажеттілігі түсіндіріледі, әйтпесе түсініксіз болар еді.

Бірақ құдайдың қаһары адамның құқықтық сотында ғана емес, оның ауыруы, қайғыруы, соғысуы кезінде де көрінеді. Осы жерде пайда болатын теодицея проблемасын де Местр былай шешеді. Құдаймен қатынас субъектісі жалғыз адам емес, барлық адамзат, оның уақыттық және кеңістіктік аспектілері; сондықтан діндарлар жай ғана емес, адамдарға қатысты болғандықтан қасірет шегеді. Ол құдайдан бөлектенгені үшін кінәкәр. Содан бері оның өмір сүру заңы – тірі жандарды әрдайым бірі-біріне қарсы қойып қырғызып отыру. Соғыстар – патшалардың мен-мендігінің салдары емес, осы заңға байланысты. Бірақ адамзат бірлігі құрмалдық беру мүмкіндігін тудырып отыр. Оның ішінде ең Ұлысы Иса пайғамбар құрбаны (де Местр Оригеннің «Алтарь Иерусалимде болды, бірақ құрмалдық қаны бүкіл әлемді жуып кетті» деген сөздерін қайталайды [6, 7 б.]). Оған азапкерлер мен әулиелердің құрбандықтары қосылады. Сөйтіп, біреулердің ерікті құрбандық келтірулер, өзгелердің күнәларын жуады.

## 1. САЯСИ ТЕОРИЯ

### 1.1. Егемендік теориясы

Қоғамдастық адамның табиғи (иманенттік) жағдайы болып табылады. Құдай адамды жаратқандықтан, қоғамды да жаратты. Бірақ қоғам жоғары биліксіз, негізі орталықтандырылған мемлекетке айналатын егемендіксіз өмір сүре алмайды. «Мемлекет өзін-өзі қорғаудың табиғи сезімі өз бірлігі мен тұтастығын сақтауға итермелейтін тұлға

немесе ағза, ол үшін мемлекет сөзсіз бір ақылды жігерді басшылыққа алып, бір дәстүрлі ойға бағынуы керек. Өміршең және мықты болу үшін мемлекеттік басқару билігі міндетті түрде бір орталықтан шығуы қажет.» [цит по 9, 199 б.].

Егемендіктің рухани түп тамыры бар. Ол әр түрлі болуы мүмкін, бірақ аристократиялық құрылым кезінде ұлт бөлінеді (аристократия – егемендік артық дәрежелі саны шектеулі отбасыларға тиесілі), демократия кезінде – әлі күнге дейін ұсақталуда, одан «жынды шаң» ғана қалғанша солай бола береді (демократия – егемендікті көпшілік жүзеге асырады). Сөйтіп, монархия басқарудың ең жақсы түрі болып табылады. Ал егемендік құдайы болғандықтан, жердегі монархия, аспан монархиясының айнасындай. «Монархия – отанның отан идеясын тасушысы және өкілі ретінде сүйікті және әулиеге айналған бір адамда тоғысуы» [9, 200 б.].

Негізінде монархтың билігі шексіз. Бірақ, Құдай әлемді жаратуды, өзі жасаған заттардың негізін анықтайтын заңдарға сәйкес басқарады. Сондықтан жер билеушісі де басқаруда кейбір заңдарды басшылыққа алуы керек. Бұл заңдар жазылған конституциялар емес. «Кез келген жазылған заң, бір жапырақ қағаздан басқа ештеңе емес. Ондай конституцияның халық алдында билігі мен беделі жоқ.» [9, 199 б.]. Монарх қоғамдық организмнің негізін, оның жазылмаған конституциясын құрайтын «қасиетті заңдармен, олар адамдардың жүрегінде сақталғандықтан да кез келген конституциядан қымбат» заңдармен құралуы қажет [Cogordan J. J. de Maistre. P., 1984, 175 б.]. [6, 110 б.]. Бұл «қара және ұлы алып күштер» - адамдардың еркі мен келісімінсіз оларға әміршілік ететін әдет-ғұрыптар, нанымдар, идеялар. «Жазылған конституция әрқашан жансыз, ал істің негізі мемлекет құрайтын халықтың рухында жатыр ... Ол рух ең алдымен азаматтарды жандандыратын отансүйгіштік сезімнен көрінеді» «Монархия - отансүйгіштік сезімнің көрінетін және сезілетін формасы» [9, 199 б.]. Олай болса, патшаның жазылмаған заңды бұзуы өте қауіпті болуы мүмкін. «Төңкеріс ... үкімет билігін пайдаланып қиянат жасаудан орын алады.» [бұл да сонда, 202 б.].

Сословиелерге келетін болсақ, «әрбір сословие халықтан бөлінген және өз алдына бөлек саяси құқықтарға айналатын функцияларына қарай ұйымдастырылған фракция емес: ол тек атқарушы орган, монархияның қол шоқпары, халықты басқаратын державалық биліктің табиғи жалғасы («prolongement de la souverainete»). Мемлекеттегі жоғары сословие державалық монархиялық биліктің орындаушысы мен түсіндірушісі болды, олардың орталықтан н жер жерге жеткізілуі мен дәл орындалуын қадағалады. Дворяндар – сақталатын шындықтардың туа біткен сақшылары. Бұл үшін олар өздерінде екі қасиетті дамуы қажет: халыққа байланысты өкім жүргізе білу, өз патшасына қатысты тындай білу дағдылары. Нағыз еркіндік осы, қазіргі таңда бұл түсініктер өз құндылығын жойды – еркіндік, халық пен мемлекет жеке тұлғаны толық жұтып қоюынан тұрады» [9, 201 б.]. Елдің ең жақсылары өзінің ерекше құқықтары жайлы ойламауға тиіс, «noblesse oblige» («қайырымдылық міндеттейді») қағидатын басшылыққа ала отырып ерекше міндеттер атқаруға тиіс.

## 1.2. Шіркеу мен мемлекет

Шіркеу мен мемлекет арасындағы қатынас туралы мәселеде де Местр оны біріншісінің пайдасына шешеді. Шіркеу салтанаты (католиктік) адамзат дамуының мақсаты. Сөйтіп шіркеу - адамзат қоғамының жоғары түрі. Өрине ол егемендіксіз өмір сүре алмайды. Шіркеу егемендігі Папа болып табылады. Оның билігі шіркеуді басқару ісіне ғана емес, сенім мен мораль мәселелерінің бәрине таралады. 1869-1870 жылдары Ватикан сәборының жарты ғасырдағы шешімдерін қарастырып, де Местр Папаның қатесіз догматикалық беделі туралы (infallibilitas ex cathedra) қағида жасап шығарды. Папа - Исаның жердегі елшісі және шіркеудің басшысы – жердегі барлық патшалардан жоғары тұруы керек. Негізінде жердегі

кез келген патша дінді қорғауға және шіркеуге толық құрмет көрсетуге тиіс (билікті құдай жаратқанын ұмытпауға тиіс). Сонымен қатар, де Местр: «Егер мен әрі атеист, әрі патша болсам мен өз иелігімде тыныш өмір сүру үшін Папаны әулие деп жариялар едім» дейді [папаның Венадағы нунсиі монсенюр Североли, архиепископ Рагузскийге 1815 жылғы 1/13 желтоқсандағы хат]. [6, 110 б.].

Папаның билігі жердегі патшалардың билігін шектейді. «Бәрін істей алатын патшаға қиын соғады. Нақты қолдан бәрі келуі мүмкін емес, ол өзі үшін және біз үшін дұрыс» [6, 112 б.]. «Дін заңы бойынша қандай да бір егемендік билікпен қатар, оны құрықтап отыратын күш бар» [бұл да сонда]. Ол күш - Папаның билігі. Биліктің ең басты мүддесі - әділ болу, және оның бұл туралы ұмыту жағдайы өте сирек кездеседі. Соған қарамастан олар бұл туралы ұмытады, «кейбір патшалардың мінезі аталған қолайсыздықтарды көбейтіп жебереді». Олай болса, кейде біреулер өз патшасына бағынудан босатылған деп ойлауға болады. Бірақ олар мұны өздері істейтін болса, мойындарына жаңа шынжыр тағынады. Бірақ Папа патшаны аластатып, оның құлдарын бағынудан босата алады. Ол патша билігін тоқтата алады және билікті басқа біреуге бере алады. Мұнымен ол егемендікке зиян келтірмейді». Халық аластатылған патшаны көріп, «Оның билігі өте үлкен және биік екен, адам билігінен жоғары тұр екен, өйткені оны Иса пайғамбардың жердегі елшісі ғана соттай алады» дейді [бұл да сонда].

## 1.3. Төңкеріс және құдырет

Төңкеріс - жалпы оқиғалар тәртібіндегі ауытқу. Ол ғажап, яғни құдайдың құдыретінің жердің ісіне араласуы («... тәртіп жоқтығы анық болғанда, жоғары күш адамның күшін ауыстырып өзі әрекет етеді, сонда құдырет күші өте анық сезіледі, қазір біз соны көріп отырмыз» [7, 14 б.]). «... Француз төңкерісі адамдарды басқарып отыр, адамдар оны емес» [бұл да сонда]. Төңкерістің ең белсенді тұлғалары – көпшіліктің ықпалымен жүретін әлсіз тұлғалар. «Бірақ Француз төңкерісін тарихтағы ең бірегей және өзінше айтулы оқиға ететін оның негізі азғындығында: оған қараған адамның жанын жұбататын бір де бір жылылық жоқ: бұл адамзат билетін бұзылғандықтың шектен шыққандығы» [7, 64 б.].

Олай болса, төңкеріс – зұлымдық, ал құдай оған жаза және өтеу ретінде жол беріп отыр. Егер ол «нағыз қатыгез құралдарды қолданатын болса, оны жаңарту үшін жазалайды» [7, 18 б.]. Ал Францияны құдай не үшін жазалайды. «Әрбір ұлтқа, әрбір адамға міндет жүктелген, сол орындалуға тиіс» [7, 19 б.]. Франция Европаның дін жүйесінің басында тұр және оған өзінің толық әмірін жүргізеді. Бірақ ол бұл билікті теріс пайдаланды, өзінің арналған міндетіне қарсы шығып, «Европаны бүлдірді», сондықтан оны бұл міндеттерін орындауға осындай жан түршігерлік жолмен қайтарып жатқандығына таң қалмаса да болады» [7, 19 б.]. Де Местр бұл жерде ХVIII ғасырда философиялық рационализм, янсенизм және галликандық таралуын айтып отыр: «халықты діни сенімнен ада қыламын деп кеуделерін соққандар ... , метафизикалық софизмді меншік заңдарына қарсы қойғандар, сазайын беріндер, одан біз ұтсақ болды дегендердің» [бұл да сонда] бәрі. Зерттеуші Ж.-Л. «Француз революциясы ... Ағартушылық заманының қызы ... Реформация заманының қызы, ол оған (де Местрге) Жаңғыру заманынан бергі батыс эпистемиологиясына бағытталудың соңғы салдары ретінде көрінеді» [4, 206 б.] деген. Осылайша, Францияны жазалау барлық кәдімгі ережелердің шегінен, қолдау мен оған көрсетілгендер олардың шегінен шыққандай болады. Төңкеріс бір мезгілде жазалау құралы және зауал ретінде қолданылады. Тазалайтын қасіретті зауалда оның ететтіру ойы жатыр.

Кейін де Местрдің төңкеріске көзқарасы мынадай анықтамамен толықтырылады: «Бұл Құдайдың құдыреттілігінің жоғары және жан түршігерлік сабағы болды. Ол екі тармақтан тұрды. Төңкеріс – делінді – ол дәрісте – тек қана

үкіметтің билікті пайдаланып қиянат жасауынан туындайды; бұл патшаларға бағытталған бірінші тармағы. Бірақ қиянат жасау төңкеріске қарағанда жақсы; бұл екінші тармағы, халыққа қаратып айтылған» [9, 202 б.].

Сонымен қатар де Местрдің рухани эпохальдық төңкерісті түсінігін атап өту қажет. «Көп уақыттар бойы біз өзіміз куә болып отырған төңкерісті түсінбедік: ұзақ уақыт бойы біз оны оқиға ретінде қарастырдық. Біз адастық: бұл эпоха» [Discours a marquise de Costa 1794 // цит 4, 205 б.]. Де Местр, «... әрбір шынайы философ екі гипотезаның бірін таңдауға тиіс: жаңа дін құрылады немесе бір төтенше жағдаймен христиан діні жаңарады» [цит 6.]. Бұл мәселе бойынша Бердяев «Теңсіздік философиясында»: «Жозеф де Местр алыс жүргендігі сонша, ағынан жарылу мүмкіндігімен, Рухани Әулиенің ағынан жарылуымен келісті» [8, 489 б.].

## 2. ДЕ МЕСТРДІҢ ӘЛЕМДІК ОЙДАҒЫ ОРНЫ

Де Местр бастан кешкен әсерлер туралы айтар болақ, Л.П.Карсавиннің пікіріне жүгінуге болады, ол: екі ағым қосылды, де Местр соның арнасында тұрды деді. Біріншісі: әлгінде айтылған мистика (де Сен-Мертен, де Паскуалли); екіншісі неопалитанизм – Августин әулие – И.-С. Эриугена – Ансельм Кентерберийский – XII ғасыр мистиктері – М.Эхкерт – Н.Кузанский – Мальбранш замандарымен сипатталады. Қалай болғанда да де Местр орта ғасырлық философия дәстүрлерін білгендігін атап өтуіміз қажет, жалпы соның ағымында болған (Карсавин атаған ойшылдарға де Местр «Санкт-Петербург кештеріңді» мақтаған Фома Аквинскийді қосуға болады (8, 2 сұхбат)). Философия саласындағы бұрынғы ғалымдар мен ұстаздарына келетін болсақ – ол Платон. Саяси теория саласында – тағы сол Платон мен де Местр жоғары баға берген Макиавелли (7, 18-тарау). Сонымен қатар де Местрді күрделі қарым-қатынасы туралы жоғарыда айтылған ХҮІІІ ғасыр философиялық ойларынан бөліп қарауға болмайды.

Де Местрдің әлемдік ойға әсеріне келетін болсақ, ол ең алдымен консерватизмнің негізін қалаушы ретінде белгілі. Оның мықты державалық билік, мемлекеттің шектеулі құрылымы, ел өмірінде иерархияның қажеттігі, діннің басты ролі туралы және басқа да идеялары консервативтік идеялар деген атауға ие болды. Бірақ консервативтік идеялар кейін (XIX ғасырда) көп өзгерістерге ұшырады, әрқашан өзгеріп отырған және бүгінгі таңға дейін жеткен консерватизмнің идеялық негізін қалаушы ретінде әлемдік саясатта де Местрдің қаламдас ағылшын бауыры Эдмунд Беркт саналады. Бірақ де Местрдің ілімдері соғырлым бірегей әрі құнды бола түседі.

Де Местрдің әлемдік ойға еткен әсері шамамен алғанда осылайша және ол саяси тұрғыда ғана емес. Оның заңды мек-

тебі француз жазушысы, ультра монтанство жақтаушысы Луи Вейоға (1813-1883) қатысты деген пікірлер де бар. [Лесинь; 4, 212 б.]. Сонымен қатар, де Местрдің жазушылар Ш.Нодье мен Ш.Моррасаға ықпал еткендігі байқалады. Бірақ бұл аса беделді емес есімдермен қатар, Н.А.Бердяевтің пікірін еске салуымыз қажет, ол де Местрді социологиядағы натуралистік мектептің негізін қалаушы ретінде таныған. Огюст Конт пен Шарль Бодлер өздерін де Местрдің нағыз ізбасарларымыз деп санаған.

Де Местрдің орыс ойшылдарына ықпалы жайлы бөлек тоқталып өткен жөн. Де Местр ықпал еткен мемлекеттік қайраткерлердің тізімін (толық емес) келтіруге болады, олар: I Александр, граф Разумовский, граф Орлов, декабрист М.С.Лунин., Де Местрдің ықпалы мен оның идеясын мойындаған орыс ойшылдарының тізімі одан да көп, соның ішінде: Н.М.Карамзин, П.Я.Чаадаев, Ф.И.Тютчевті ерекше бөліп атауға болады. Өз еңбектерінде М.А.Бакунин (!) («Государственность и анархия»). С.С.Хоружий (10 б.) де Местрдің идеяларын негізге алып отырған. Бұл тізімге Л.Н.Толстойда енгізіледі. Де Местрдің кейбір ойларын жасғастырған Ф.М.Достаевскийді де атап өтуге болады. Сонымен қатар, XX ғасырдағы 2 орыс философтары Н.А.Бердяев пен Л.П.Карсавин оның ықпалында болды.

## ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бердяев Н.А. Новое средневековье. М., 1990.
2. Бердяев Н.А. Философия неравенства // Судьба России. М., 1998.
3. Виат О. Граф Жозеф де Местр // Жозер де Местр. Санкт-Петербургские вечера. СПб., 1998.
4. Дарсель Ж.-Л. Местр и революция // Ж. де Местр. Рассуждения о Франции М., 1997.
5. Карсавин Л.П. Жозеф де Местр // Вопросы философии, 1989, № 3.
6. Коплстон Ф.Ч. История средневековой философии. М., 1997.
7. Местр Ж. де. Рассуждения о Франции. М., 1997.
8. Местр Ж. де. Санкт-Петербургские вечера. СПб., 1998.
9. Соловьев В.С. О Жозефе Мари де Местре (статья из Энциклопедического словаря Ф.А. Брокгауза и И.А. Ефрона. СПб., 1897. Т. XX) // Ж. де Местр. Рассуждения о Франции. М., 1997.
10. Хоружий С.С. Карсавин и де Местр // Вопросы философии, 1989

### «Учение Ж. де Местра – основоположника консерватизма»

**Балташ Карилов** – доцент, директор Кокшетауского филиала Карагандинской юридической академии «Фемида»

Данная статья посвящена исследованию политического учения и основных взглядов Ж. де Местра. В ней дается анализ политической теории консерватизма; рассматриваются основы методологии политической теории Ж. де Местра, а также гносеология и онтология политических учений.

### «The teachings of J de Mestra the founder of conservatism»

**Baltash Karipov** – director of Kokshetau branch of the Karaganda law academy “Femida”

The given article is dedicated to the issues of political teachings and main views of J de Mestra. It includes the analysis of political theory of conservatism. The main methodology of political theory of J de Mestra is being examined as well as gnoseology and ontology of political teachings.

# Қазақстандағы мемлекеттік билік жүйесінің тарихнамасы

Сәбит ШІЛДЕБАЙ,

Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-дың доценті,  
тарих ғылымдарының кандидаты

**Қ**азақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде болып жатқан тарихи, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени-рухани өзгерістер барысында Еліміздің саяси тарихына деген қызығушылық күн санап арта түсуде. Әсіресе, тәуелсіз мемлекет болғалы Қазақстанның өткен тарихи кезеңдегі мемлекеттік құрылысының тарихына, мемлекеттік билік органдарының қалыптасуы мен дамуы барысына, олардың қызметі мен өзара арақатынасы, билікті бөлісуі және КСРО Коммунистік партиясы Орталық комитеті мен орталық билік аппаратының нұсқауларын жергілікті жағдайда жүзеге асырылу ерекшеліктеріне, арақатынасына, яғни Қазақстандағы мемлекеттік билік жүйесінің тарихына деген сұраныс күн санап күшейіп келеді. Бұл заңды құбылыс. Себебі, Қазақстанның мемлекеттік құрылысы мен мемлекеттік билік органдарының құқықтық тарихы Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейін негізінен заңгерлер тарапынан зерттелді [1]. Заңгерлердің зерттеу нысаны - мәселенің заңдық-құқықтық жағы болатыны өзінен-өзі түсінікті. Ал Қазақ АКСР-і құрылғаннан бергі Қазақстандағы мемлекеттік билік жүйесінің тарихы (қалыптасуы, дамуы және қызметі) кешенді түрде осы уақытқа дейін тарихшылар тарапынан толық зерттеле қойған жоқ.

КСРО ыдырағаннан кейін пайда болған посткеңестік республикалар, соның ішінде Қазақстан республикасы өзінің ұлттық мемлекеттілігін құруға кірісті. XX ғасырдың 90-шы жылдарының басында басталған тәуелсіз мемлекеттің мемлекеттік билік жүйесі мен мемлекеттік құрылысын қалыптастыру оңайға соққан жоқ. Содан бері Қазақстан Парламенттік Республикадан Президенттік Республикаға айналып, мемлекеттік билік органдарының тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін көптеген өзгерістер жасады. Мұның бәрі де сол жылдардағы еліміздің геосаяси, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени-рухани жағдайына байланысты болғаны белгілі. Арада оншақты жылдар өтпей осынау қысқа кезеңдегі тарихи оқиғалардың өзі халық зердесінен ысырылып, тарихқа айналуға.

Ал 1920 жылдан бергі Қазақстанның мемлекеттік құрылысы мен мемлекеттік билік жүйесінің тарихы бұлыңғыр елеске айналған. Сондықтан да, 1920-2007 жылдар аралығындағы Қазақстандағы мемлекеттік билік жүйесінің тарихын кешенді түрде зерттеп, ондағы өзгерістерге тарихи түсінік немесе баға беру аса қажет деп ойлаймыз. Мұның барлығы, біздің еліміздің өткен тарихи кезеңдегі саяси тарихын жүйелі жазып шығуға, болашағымыз үшін өткеннен нақты сабақ алып, қорытынды шығаруға керек. Өткен тарихи кезеңдегі мемлекеттік билік органдарының атқарушы жүйеден бюрократиялық басқарушы жүйеге айналу себептерін ашу, мемлекеттік қызметкерлер арасын жайлаған жемқорлық пен парақорлық, “бармақ басты, көз қыстылық” психологияның қалыптасу алғышарттарын тарихи тұрғыдан анықтау бүгінгі мемлекетіміздің болашағы үшін аса қажет.

Мемлекеттік билік жүйесінің тарихын зерттеу барысында біз оның органдарының құрылу алғышарттары, қалыптасуы

мен дамуы, қызметі сияқты мәселелерінің қоғамдық қатынастар процесіндегі даму заңдылықтарын қарастырсақ, мемлекеттік билік жүйесінің тарихнамасын талдау барысында сол дамудың танымдық заңдылықтарына, яғни мемлекеттік билік жүйесінің зерттелу тарихына, оны зерттеу барысындағы методологиялық өзгерістерге назар аударамыз.

Қазақстандағы мемлекеттік билік жүйесі тарихнамасының күрделі бір саласы – термин мәселесі. Байқап отырсаңыздар, осы мақаланың өзінде «мемлекеттік билік жүйесі» және «мемлекеттік билік органдары» деген терминдер қолданылып отыр. Сонымен қатар, бірқатар тарихи және мемлекет пен құқық тарихына арналған еңбектерде «мемлекеттік мекеме» [2], «мемлекеттік басқару органдары», «мемлекеттік билік пен басқарудың органдары» [3] деген терминдер қолданылған болатын. Бұл әдебиеттерде мемлекеттік биліктің басқару органдарының тарихы мен өкілеттілігі шеңберіндегі құқығына қатысты мәселелер қарастырылған. Сонымен қатар, Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Бас мұрағат басқармасы 1920-1977 жылдар кезеңін қамтыған «Қазақ КСР-нің мемлекеттік мекемелері» анықтамалығында «мекеме» термині қолданылған. Мұның өзі сол кезеңде КСРО көлемінде осы терминнің кеңінен қолданылуына орай болған еді. Ал Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты әзірлеген «Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары» атты анықтамалықта «орган» термині қолданылады. Мұның өзі, қазақ тіліндегі «мекеме» термині мемлекеттік билік органдарының сипатын дұрыс аша алмайды деген біздің көзқарасымызға сәйкес келеді.

Біз өз еңбегімізде 1920-2007 жылдар аралығындағы Қазақстандағы жоғарғы саяси билік пен мемлекеттік биліктің барлық тармақтарын қоса «мемлекеттік билік жүйесі» деп қарастырамыз. Себебі, мәртебесі бойынша қоғамдық-саяси ұйым болып табылатын Коммунистік партияның қолына іс жүзінде бүкіл мемлекеттік билік шоғырландырылды, мемлекеттік мекемелердің барлығына бақылау жасады және басқару органдары мен олардың аппаратын жасақтады. Яғни, Коммунистік партия мемлекеттік биліктің тұтас бір жүйесіндегі әр кезеңдердегі Конституциялар бойынша «Жоғарғы билік» болып табылатын Жалпықазақ сиезінен де, Жоғарғы Кеңестен де жоғары тұрды. Сондықтан да, біз осындай күрделі мемлекеттік құрылымды тұтастай алып, «мемлекеттік билік жүйесі» деп қарастыруды жөн санап отырмыз.

Жалпы, Қазақстандағы 1920-2007 жылдар аралығындағы мемлекеттік билік жүйесінің тарихнамасын қарастырғанда, тарихнамалық деректерді шартты түрде үлкен екі топқа бөлеміз. Біріншісі – кеңестік кезеңнің тарихнамалық деректері болса, екіншісі – тәуелсіз Қазақстан жағдайында жазылған тарихи еңбектер. Осы жерде, Қазақстандағы мемлекеттік билік органдары тарихының кеңестік кезеңде дербес зерттелмегенін, осының өзі Қазақстанның отар ел болғандығынан екенін ескеруіміз қажет. Ал заңгерлер тарапынан жасалған зерттеулер сол кезеңнің идеологиясы шеңберінде жүзеге асырылды және ол еңбектерде мемлекеттік биліктің жоғарғы органы мен жоғарғы басқару органдарының, салалық басқару

органдары мен жергілікті басқару органдарының Конституция бойынша өкілеттіліктері көрсетіліп, көбінесе қысқаша құрылу тарихы баяндалды. Ол еңбектердің өзі Орталықта жазылып жатқан еңбектердің Қазақстанға тән нұсқасы ғана болды. Ал Қазақстандағы мемлекеттік билік органдары Орталық билік органдарының тікелей көшірмесі, нақтырақ айтсақ «көленкесі» ғана еді. Сондықтан да, Қазақстандағы мемлекеттік билік жүйесінің кеңестік кезеңдегі тарихнамасы дегеніміз, іс жүзінде КСРО-ның мемлекеттік билік жүйесінің тарихнамасы болып шығады және мемлекеттік билік жүйесінің тарихын зерттеу методологиясы да сол кезеңде қалыптасты. Осындай ерекшеліктер тарихнамалық деректерді қарастыру барысында назарға алынды.

Мемлекеттік билік органдарының тарихын бір жүйеге келтіріп зерттеу Кеңес Одағында XX ғасырдың 50 жылдарының екінші жартысынан басталады. КСРО мемлекеттік мекемелерінің тарихын тұңғыш рет бір жүйеге келтіріп, кешенді түрде зерттеуге талпыныс жасаған ғалымдар А.Нелидов пен В.Цикулин болды [4]. Олардың еңбектері тарихшы-мұрағаттанушы студенттерге арналған оқу құралы болды және сонымен қатар, мұрағат қызметкерлеріне қажетті анықтамалықтың да рөлін атқарды. Бұл еңбектің бірінші томын (1917-1936 жылдар) А.Нелидов жазса, екінші томын (1936-1965 жылдар) В.Цикулин жазды. Бұл еңбек таза маркстік-лениндік методология негізінде, таптық көзқараспен жазылды. Мемлекет пен оны басқару органдары жүйесінің тарихы В.Ленин еңбектеріндегі кеңестік мемлекет туралы және жұмысшы табының диктатурасы туралы ілімге негізделіп жазылды. Сонымен қатар, бұл еңбекте 1956 жылғы XX сиез қорытындысы болып табылатын КОКП ОК-нің «Жеке адамға табыну және оның салдарлары туралы» қаулысының әсері анық байқалады. Кеңестік мемлекеттік билік органдарын құру мен қалыптастыру барысының барлық жақсы қырлары Компартияға телініп, жаман жақтарына И.Сталин кінәлі деген қорытындыға келіп саяды. Қалай дегенмен де, бұл еңбек өз заманындағы осы мәселеге арналған озық зерттеу болды. Осы еңбекте тұңғыш рет кеңестік мемлекеттік аппараттың капитализмнен социализмге өту кезеңіндегі даму сатылары талданып, КСРО және кеңестік социалистік мемлекеттердегі мемлекеттік биліктің жоғарғы органдары мен басқару аппаратының тарихы, жергілікті мемлекеттік билік органдарының тарихы, салалық басқарудың орталық және жергілікті органдарының тарихы мен КСРО және одақтас республикалардағы құқық қорғау және сот-бақылау органдарының тарихы бір жүйеге келтірілді.

Кеңестік социалистік мемлекеттің билік органдарының тарихын жүйелі түрде зерттеген ғалымның бірі Т.П. Коржихин болды. Оның еңбектері [5] Кеңес мемлекеті мекемелерінің тарихына тікелей арналды және жоғарыда атап өтілген еңбектерді методологиялық және теориялық жағынан толықтыра түсті. Автор кеңестік мемлекеттік мекемелердің тарихын үш кезеңге бөліп қарастырады:

- 1) 1917-1937 жылдар;
- 2) 1937 жылдан – 50-ші жылдардың соңына дейін;
- 3) 60-шы – 80-ші жылдар аралығы.

Автор мемлекеттік мекемелердің тарихын «Мемлекеттік билік пен басқарудың жоғарғы органдары», «Халық шаруашылығын басқарудың орталық органдары», «Әлеуметтік-мәдени құрылысты басқарудың орталық органдары», «Орталық әкімшілік-саяси органдары, әділет, сот, прокуратура органдары» және «Мемлекеттік билік пен басқарудың жергілікті органдары» деген бөлімдерге бөліп қарастырған. Осы жерде, мемлекеттік мекемелердің тарихын кеңестік кезеңде осылайша бөліп қарастырудың дәстүрге айналғанын атап өткен ләзім.

Т.П.Коржихинаның «КСРО мемлекеттік мекемелерінің тарихы: Деректану және тарихнама материалдары. 1917-1990

жж.» атты еңбегінде [6] КСРО мемлекеттік мекемелерінің тарихи және тарихнамалық деректері жүйеленіп, тізімі зерттеушілердің назарына ұсынылған. Мұндай еңбек зерттеушілерге нақты көмек болатыны белгілі.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған уақытқа дейін Еліміздің мемлекеттік билік жүйесі тарихының кейбір қырлары жекелеген тарихшылардың ғылыми зерттеулеріне арқау болды. Мысалы, 1919-1920 жылдары Қазақстанды басқарған Қырғыз өлкесін басқару жөніндегі Революциялық Комитет (Қырревком) қызметі А.Мұхтаровтың кандидаттық диссертациясында [7] талдауға алынса, Н.И.Кондратьеваның кандидаттық диссертациясы [8] Қазақ АКСР-нің құрылу тарихына тікелей арналған еді. Бұл еңбектер өз заманының идеологиялық талаптарына сәйкес жазылғандықтан да, онда Ресей отаршылдығы және ұлт мәселесіне қатысты келеңсіздіктер мүлдем көрсетілмеді.

Қазақстанда кеңестік билікті орнату мен нығайту жылдарындағы өкілетті билік органы - ауыл кеңестерінің құрылу тарихы, нығаюы мен қызметі К.Нұрпейісовтың докторлық диссертациясында [9] талдауға алынып, шаруа кеңестерінің тарихы мен қызметі жүйеленіп, олардың кеңес өкіметін орнату мен кеңестік құрылыс жолындағы тарихи рөліне баға берілді. Ал социалистік құрылысты орнату жылдарындағы Қазақстан Кеңестерінің қызметі С.М.Кенжебаевтың докторлық диссертациясында [10] қарастырылды.

Қазақстандағы мемлекеттік билік жүйесі тармақтарының тарихи-құқықтық жағы қазақстандық заңгерлер тарапынан жүйелі түрде зерттелді [Қараңыз: 1]. Мысалы, М.С.Сапарғалиевтің кандидаттық диссертациясында [11] Қазақ кеңес автономиясының құрылу тарихының құқықтық қырлары зерттелсе, Т.Ағдарбековтың диссертацияларында [12] РКФСР ХКК-нің Қазақстанда ұлттық кеңестік мемлекеттілік құруы мен нығайтуындағы рөлі, Қазақ АКСР-дегі ұлттық-мемлекеттік құрылыстың негізгі мәселелері талдауға алынды. Бірақ бұл еңбектер мәселенің тарихи-құқықтық жағын қарастырғандықтан да, тарих ғылымының мәселері назардан тыс қалған.

Қазақстандағы социалистік мемлекеттік құрылыс пен халық өкілеттілігінің жоғарғы органы тарихының құқықтық мәселелері, Қазақ АКСР-нің құрылуы мен даму тарихы ғалым С.Сартаевтың диссертацияларында [13] зерттелді. Ол Қазақстандағы мемлекеттік биліктің жоғарғы органы өкілеттілігі мен оның халық шаруашылығын басқарудағы рөлін ашып көрсетті. Сонымен қатар, Қазақстандағы мемлекеттік биліктің жоғарғы органы – Қазақ АКСР Кеңестерінің Сиездері тарихының құқықтық қырлары Б.С.Кенжебаевтың кандидаттық диссертациясында [14] қарастырылып, социалистік құрылыс орнатудағы Қазақ Кеңестері сиездерінің басшылық рөлі көрсетілді. Ал К.Ф.Котов өз диссертациясында [15] Қазақстандағы кеңестік мемлекеттік аппаратты жергіліктендіру саясаты тарихының құқықтық-заңдық мәселелерін қарастыра отырып, жергіліктендіру саясатына он баға береді. Ал шын мәнінде, жергіліктендіру саясатының құр сандық қана тұрғыдан жүргізіліп, сапалық дәрежесінің өте төмен болғандығы бүгінде бізге белгілі. Жалпы бұл еңбектердің барлығы да Қазақстандағы мемлекеттік билік жүйесі тарихын зерттеуге қосылған үлес болып табылады. Ал олардың теориялық және методологиялық негізі тарих ғылымының дамуына, идеологиялық қыспаққа тәуелді еді.

Биыл Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғанына 16 жыл толады. Бірақ, тәуелсіз елдің мемлекеттік билік жүйесінің тарихы кешенді түрде зерттеу нысаны болмады. Мемлекеттік билік органдарының жекелеген салаларына қатысты кейбір зерттеу жұмыстары Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Бас мұрағат басқармасы 1920-1977 жылдар кезеңін қамтып, 1979-1992 жылдар аралығында шығарған «Қазақ КСР-нің

мемлекеттік мекемелері» анықтамалығының деңгейінде қалып қойды. Мұның өзі, Қазақстандағы мемлекеттік билік жүйесінің тарихын кешенді түрде зерттеп, жүйелеудің аса қажеттілігін тағы бір көрсетеді деп ойлаймыз.

Қазақстанның мемлекеттік билік мекемелерінің тарихына арналған алғашқы зерттеу жұмыстарының бірі Ш.Тәукебаеваның «Қазақстанның білім, мәдениет және ғылым бойынша мемлекеттік мекемелерінің қалыптасуы (1917-1936 гг.)» атты диссертациялық жұмысы [16] еді. Зерттеуші өз еңбегінде Қазақ АКСР-дегі аталмыш мекемелердің құрылуы мен қалыптасу тарихын жүйелеп жазуға тырыса отырып, олардың өкілеттілік шеңбері мен жауапкершілік аясын, қызметтік ерекшеліктерін талдауға алады. Бірақ, зерттеуші еңбегінде аталмыш мекемелердің осы жылдардағы қызметкерлерінің құрамы (номенклатурасы) толық талданбады. Ал Г.Молдаханованың диссертациялық жұмысында [17] Біріккен мемлекеттік саяси басқарманың (БМСБ – ОГПУ) Қазақстандағы 1922-1934 жылдардағы қызметі қарастырылған. БМСБ-ның Қазақстандағы Компартия билігін орнату жолындағы отаршылдық қызметі мен қазақ ұлтының ұлтшыл қайраткерлерін осы жылдары қуғын-сүргінге қалай салғаны аталмыш еңбекте талданады.

Мемлекеттік билік пен басқару органдары номенклатуралық мамандарының сандық және сапалық құрамына қатысты алғашқы әлеуметтік-демографиялық талдау жасауға ұмтылыс И.Аубакированың диссертациялық жұмысында жасалынды [18]. Ол Орталық Қазақстанның мысалында 1960-1990 жылдардағы номенклатуралық мамандардың ұлттық, әлеуметтік, жас құрамына, біліміне, қызметтік есу жолдарына нақтылы талдау жасады.

XX ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы Қазақстанда жүргізілген социалистік құрылысты жүзеге асырушы мемлекеттік билік жүйесінің күштеу, жазалау, мәжбүрлеу және қорқытып-үркіту шараларын жүзеге асырушы органдарының тарихы С.Саржанованың «Сот-тергеу, әкімшілік органдары кеңестік зорлық-зомбылық шараларын жүзеге асырушы: тарихы және сабақтары (1925-1932 жылдар)» атты кандидаттық диссертациясында [19] зерттеу нысаны болды. Аталмыш еңбекте күштеп ұжымдастыру, «кәмпескелеу» шаралары мен мәжбүрлі еңбек міндеткерліктерінің мемлекеттік билік органдары тарапынан ұйымдастырылу жолдары мен сүркія әдістері талданып, көрсетіледі.

Қазақ АКСР-індегі мемлекеттік билік жүйесінің тарихын кешенді түрде зерттеуге тұңғыш ұмтылыс Ақмарал Сыдығалықызының тарапынан жасалынған еді. Оның «Кеңестік Қазақстандағы Республикалық басқару органдарының қалыптасуы мен қызметінің тарихы (1920-1936)» атты диссертациясында [20] алғаш рет Қазақстандағы мемлекеттік басқарудың жоғарғы органдарының қысқаша тарихы мен олардың өкілеттіліктері мәселелері, халық шаруашылығын басқару органдарының, сот-тергеу және құқық қорғау органдары мен әлеуметтік салаларды басқару органдарының тарихы бір жүйеге келтіріліп, жазылған еді. Бұл еңбек Қазақстандағы мемлекеттік билік жүйесінің жалпы сұлбасын көрсеткенімен, аталмыш мәселеге бүгінгі тарих ғылымы тұрғысынан жауап бере алмасы хақ. Әрине, бұл еңбектің кандидаттық диссертация талабына толық сәйкес келетінін және автор ізденісінің сол кезеңдегі аса маңыздылығын атап өткен жөн. Зерттеу жұмысы өз тақырыбының негізін ашып көрсеткен. Бірақ, автор қарастырып отырған кезеңдегі мемлекеттік биліктің жоғарғы органдарының тарихы және алғашында РКП (б), кейіннен БКП (б) қазақ бөлімшесінің (жалпы атап отырмыз) мемлекеттік билік пен басқарудың жоғарғы органдары мен салалық органдарына жасаған саяси билігі, оның жүзеге асырылу механизмдері бүгінгі таңда зерттеуді талап ететін отандық тарих ғылымының өзекті мәселесі болып табылады.

1946-1985 жылдардағы Қазақстандағы мемлекеттік билік жүйесінің бір саласы болып табылатын өндіріс орындарын басқарудың орталық органдарының тарихы мен Қазақ КСР үкіметінің номенклатурасы С.Мухамеджанованың докторлық диссертациясы жолындағы зерттеу жұмысына [21] арқау болды. Монографияда тікелей республикалық өндіріс орындарын мемлекеттік басқарудың жүйесі қарастырылғандықтан да, осы салаға қатысты министрліктердің, басқармалардың, комитеттердің қысқаша тарихы жүйеленіп жазылған және олардағы қайта құрулардың себептерін көрсетуге тырысқан. Біздің ойымызша, монографиядағы ең құнды бөлім – төртінші тарау болып табылады [21.217-291 беттер]. Онда осы жылдардағы үкіметтердің құрылу тарихы, оның құрамы, номенклатураның сандық, сапалық, әлеуметтік, ұлттық құрамы, үкімет мүшелерінің білім деңгейі мен өсу жолдарына әлеуметтік-статистикалық талдау жасалған. Біздің ойымызша, бұл зерттеу жұмысының алдыңғы үш тарауы Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Бас мұрағат басқармасы 1937-1977 жылдар кезеңін қамтып, 1989 жылы шығарған «Қазақ КСР-нің мемлекеттік мекемелері» анықтамалығының екінші томының екінші бөлімі деңгейінен алысқа ұзай қоймаған сияқты. Сондықтан да, бұл авторды өзі қарастырған хронологиялық кезеңдегі мемлекеттік билік жүйесінің тарихын зерттеуді алғаш қолға алушылардың бірі ретінде ілтипатпен атап өткен жөн.

Қорыта келе, 1920-2007 жылдар аралығындағы Қазақстандағы мемлекеттік билік жүйесінің тарихын кешенді түрде зерттеп, мемлекеттік билік пен басқарудың жоғарғы органдарының, салалық басқару органдарының тарихы мен жергілікті билік органдарының қалыптасу мен даму тарихын жүйелі түрде жазып шығу, ондағы өзгерістерге тарихи түсініктеме немесе баға беру аса қажет деп ойлаймыз.

## ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сапарғалиев Г. Советское государство в борьбе за развитие социалистической культуры в Казахстане. – Алма-Ата: Изд-во Акад. Наук Каз ССР, 1957. – 143 с., Осы автор: Принципы организации и деятельности Советского государственного аппарата в новой Конституции СССР. – Алма-Ата: «Знание» КазССР, 1978. – 18 с.; Зиманов С. Некоторые вопросы теории советской национальной государственности (По материалам республик Средней Азии и Казахстана). Материалы для обсуждения на Всесоюзной научной сессии, посвященной проблеме: «Закономерности перехода ранеесталых народов к социализму и коммунизму, минуя капитализм». – Алма-Ата, 1962. – 24 с., Осы автор: Пролетариат диктатурасы мемлекетінің жалпы халықтық мемлекетке ұласуы. – Алматы: Қазмембаспасы, 1963. – 64 б., Осы автор: В.И. Ленин и советская национальная государственность в Казахстане. – Алма-Ата: Наука, 1970. – 303 с.; Сартаев С. Образование и становление Казахской советской государственности. – Алма-Ата: Казгосиздат, 1960. – 130 с., Осы автор: Представительные органы государственной власти Казахской ССР (Материалы в помощь лектору и пропагандисту). – Алма-Атаб 1975. – 31 с.; Котов К. Сельские и аульные Советы – органы государственной власти. – Алма-Ата: Казгосиздат, 1959. – 39 с., Осы автор: Коренизация советского государственного аппарата Казахстана (1920-1936). // Труды Казахского государственного университета им. С.М.Кирова. Серия Юридическая. Т. 2. – Алма-Ата: Казгосиздат, 1956., Осы автор: Высший орган народной власти. – Алма-Ата, 1970. – 29 с.; Агдарбеков Т. Роль СНК РСФСР в создании и упрочении национальной советской государственности в Казахстане (1917-1924

- г.): Дисс. Кан. Юр. Наук. – Алма-Ата, 1971. – 240 с., Осы автор: Проблемы Национально-государственного строительства в Казахстане (1920-1936 гг.). – Алма-Ата: Наука, 1990. – 182 с., Осы автор: Основные проблемы национального строительства в Казахской АССР, 1920-1936 гг. Дис. Р-ра юрид. наук. – Алма-Ата, 1990. – 278 с. және т.б. еңбектер.
2. Нелидов А.А. История государственных учреждений СССР. 1917-1936 гг. – Москва, 1962. – 748 с.; Цикулин В.А. История государственных учреждений СССР. 1936-1965 гг. – Москва, 1966. – 2 т. – 358 с.; Коржихина Т.П. История и современная организация государственных учреждений СССР. 1917-1972 гг. – Москва, 1974. – 310 с., Осы автор: История государственных учреждений СССР: Учебник для студентов вузов, обучающихся по спец. «История». – Москва: Высшая школа, 1986. – 399 с.
3. Шеремет К.Ф., Лазарев Б.М. Органы государственной власти и управления. – Москва: «Знание», 1977. 48 с.; Таукибаева Ш.Ж. Становление государственных учреждений Казахстана по образованию, культуре и науке (1917-1936 гг.): Дисс. к.и.н. – Алматы, 1999. – 154 с.; Ысқақ А.С. Кеңестік Қазақстандағы Республикалық басқару органдарының қалыптасуы мен қызметінің тарихы (1920-1936): Тар. ғыл. канд. дис. – Алматы, 2002. – 175 б.; Мухамеджанова С.Ш. Государственное управление и номенклатура Казахстана (История центральных органов управления промышленностью и правительства Казахской ССР 1946-1985 гг.). – Астана: ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, 2005. 335 с.
4. Нелидов А.А. История государственных учреждений СССР. 1917-1936 гг. – Москва, 1962. – 748 с.; Цикулин В.А. История государственных учреждений СССР. 1936-1965 гг. – Москва, 1966. – 2 т. – 358 с.
5. Коржихина Т.П. История и современная организация государственных учреждений СССР. 1917-1972 гг.: Учебное пособие. – Москва, 1974. – 310 с.; Осы автор: История государственных учреждений СССР: Учебник для студентов вузов, обучающихся по спец. «История». – Москва: Высшая школа, 1986. – 399 с.
6. Коржихина Т.П. История государственных учреждений СССР: Материалы к источниковедению и историографии. 1917-1990 гг. – Москва: РГГУ, 1992. – 234 с.
7. Мухтаров А. Деятельность Революционного Комитета по управлению Киргизским (Казахским) краем в 1919-1920 годах: Дисс. к.и.н. – Алма-Ата, 1952. – 336 с.
8. Кондратьева Н.И. Образование Казахской Автономной Советской Республики: Дисс. К.и.н. – Москва, 1950. – 292 с.
9. Нурпеисов К. Крестьянские Советы Казахстана в 1917-1929 гг. (История организации, укрепления и практической деятельности аульных Советов): Дисс. д.и.н. – Алма-Ата 1973. – 364 с.
10. Кенжебаев С.М. Советы Казахстана в период строительства социализма (1917-1937 гг.): Дисс. д.и.н. – Алма-Ата, 1970. – 537 с.
11. Сапарғалиев М.С. Создание советской автономии Казахстана (1918-1920 гг.): Дисс. К.ю.н. – Алма-Ата, 1945. – 232 с.
12. Агдарбеков Т. Роль СНК РСФСР в создании и упрочении национальной советской государственности в Казахстане (1917-1924 гг.): Дисс. К.ю.н. – Алма-Ата, 1971. – 240 с.; Основные проблемы национального строительства в Казахской АССР: 1920-2936 гг.: Дисс. Д.ю.н. – Алма-Ата, 1990. – 278 с.
13. Сартаев С.С. Образование и развитие Казахской Автономной Советской Социалистической республики: Дисс. К.ю.н. – Москва, 1952. – 370 с.; Строительство социалистической государственности и проблемы высшего органа народного представительства в Казахстане: дис. д-ра ю.н. – Алма-Ата, 1969.
14. Кенжебаев Б.С. Съезды Советов Казахской Автономной Социалистической Республики: 1920-1937 гг.: Дисс. К.ю.н. – Алма-Ата, 1983. – 191 с.
15. Котов К.Ф. Коренизация советского государственного аппарата Казахстана (1920-1936 гг.): Дисс. к.ю.н. – Алма-Ата, 1950. – 289 с.
16. Таукибаева Ш.Ж. Становление государственных учреждений Казахстана по образованию, культуре и науке (1917-1936 гг.): Дисс. К.и.н. – Алматы, 1999. – 154 с.
17. Молдаханова Г.И. Деятельность ОГПУ в Казахстане (1922-1934 гг.): Дисс. К.и.н. – Алматы, 1999.
18. Аубакирова И.У. Номенклатурные кадры Центрального Казахстана в 1960-1990 гг.: социально-демографический аспект. – Караганда, 1999. – 170 с.
19. Саржанова С.С. Сот-тергеу, өкімшілік органдары кеңестік зорлық-зомбылық шараларын жүзеге асырушы: тарихы және сабақтары (1925-1932 жылдар): Тарих ғ.к. дисс. – Алматы, 2001. – 129 бет.
20. Ысқақ А.С. Кеңестік Қазақстандағы Республикалық басқару органдарының қалыптасуы мен қызметінің тарихы (1920-1936): Тарих ғ.к. дисс. – Алматы, 2002. – 175 бет.
21. Мухамеджанова С.Ш. Государственное управление и номенклатура Казахстана (История центральных органов управления промышленностью и правительства Казахской ССР 1946-1985 гг.). – Астана: ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, 2005. – 335 с.

### «Историография государственной властной системы Казахстана»

Сабит Шилдебай – доцент КазНТУ им. К.Сатпаева, кандидат исторических наук

Исследование системы государственной власти Республики Казахстан в советский период имеет большое значение в исторической науке независимого Казахстана. В данной статье рассматриваются история государственного строительства и система государственной власти Казахстана, начиная с 1920 г.; проведен анализ специфики управления посредством основополагающих документов в области госуправления и политической власти.

### “History of state power system of Kazakhstan”

Sabit Shiildebay – lecturer of KazNTU named after K. Satpaev, Candidate of History

Research of the system of state power of Kazakhstan in the Soviet period is vital in the historical science of independent Kazakhstan. In the given article the history of state building and the system of state power of Kazakhstan from 1920s are being examined. It includes the analysis of the specific features of administration on the basis of fundamental documents in the sphere of state management and political power.

# С.Е. Жүсіповтың рухына

2007 жылдың 19 ақпанында есімі қазақстандықтардың барлығына болмаса да, көпшілігіне танымал адам өмірден озды. Оның есімі – Сәбит Ебентайұлы Жүсіпов.

Халықтар мен мемлекеттердің тарихын адамдар жасайды, ал тарихта қалу үшін міндетті түрде жоғарғы қызметте болу шарт емес. Көптеген ұлылар Тарихтың есінде жоқ. Бірақ ол басқаларды ұмытқан жоқ. Олар адамдардың көңілінде игі із қалдырғандар. Олар үшін қарапайым адамдарға тән «ар», «ұят», «тазалық» жәй ғана сөз емес. Олар үшін «сөз» бен «істің» айырмасы жоқ. Олар үшін мемлекеттік мүдде, халықтың бақытты және жақсы өмір сүруі бірінші орында тұрады. Сәбит Ебентайұлы нақ осындай тұлғалар қатарына жатады.

Ол «диссидент» болған жоқ және билікке қарсы келгенде емес, бірақ оның ойлары мен ұсыныстары кейде ресми көзқараспен қарама-қайшы келіп жүрді. Оның әрқашанда жеке көзқарасы болатын, жұмыста кәсіпқойлықты талап ететін, өзіне тиімсіз болса да халыққа және өзінің қарамағындағыларға келгенде шындық үшін күресетін. Ол Сарапшы және Талдаушы болды. Иә - үлкен әріпті тұлға еді.

Оның жүріп өткен жолы – білімі мен өмірлік тәжірибесін қазақстандықтардың өмірі жақсы, еркін және әділ болуы үшін жұмысаған адамның жолы. Ол басқаларға қарағанда Қазақстанның алдында тұрған қиындықтарды жақсы түсінді, ең бастысы – оларды жасыруға болмайтынын, мәселені мүмкіндігінше сезініп оны ашық талқылағанда ғана оң шешім қабылдауға болатынын білетін.

Ол өзінің ойлары мен іс әрекетінде ерекше тұлға еді. Бүкіл ел оқиғаларды «ас бөлмесінде» талқылап жатқан кезде, ол баспасөз арқылы көзқарасымен бөлісіп, мемлекеттік және партиялық органдарды өзінің хаттарымен шабуылдайтын. Ол солай өмір сүрді, басқашаны ол қаламайтын және оның қолынан келмейтін.

Оны «қиялшыл» деп де айтуға болады, өмір де осы қиялшыл адамдардың арқасында тұр. Өкінішке орай, мұндай

адамдар өмірден ерте өтеді. Бұл оларды түсінбегендіктен де емес. Өйткені олар басқа адамдардың қайғы-қасіреттерін өзінікіне қарағанда жақын қабылдайды. Мұндай адамдар халықтың қиындықтарын көре отырып, және осы үшін жауапкершілікті сезіне ерекше жағдайда басқалардан бөлек өмір сүре алмайды. Қиялшыл адамдар – атақ-қызметтерімен массаттанбайтындар, керісінше өз жұмысын аброймен атқарады. Бұлар үшін, адамдардың қарапайым қасиеті бәрінен де жоғары.

Сәбит Ебентайұлы нақ осындай адам еді. Ол өзін қарапайы, бірақ абройлы ұстайтын. Онымен пікір алмасу әр кезде қызық болатын. Оның энциклопедиялық таным ақыло-ой қисынымен және ойын қарапайым жеткізумен үйлесетін. Онымен жиі-жиі кездесіп қордаланған мәселелерді тағы бір талқылағын келіп тұратын.

Адамдар туралы естелік оның істері мен шәкірттерінде қалады деп айтады. Сәбит Ебентайұлының атқарған істері қыруар, ойлағандары жетіп артылады. Ол тек кеңселік ғалым ғана болған жоқ, сонымен қатар ол жақсы ұйымдастырушы және талантты публицист еді. Бұған оның Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігінде, ҚР Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтында және бүгінгі Қазақстанның саяси жүйесін жетілдіруге қатысты жобаларға белсене араласуы мысал бола алады.

Ол Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық ақпараттану және болжау институты мен «Правила игры» сараптама-талдау басылымын құрды, отандық және халықаралық зерттеу жобаларына жетекшілік етті. Екі жобада – қазақстанның сараптамалық және талдау алаңында маңызы зор. Осы жобалар шеңберінде іс жүзіне асып жатқан идеяларды бүгінгі таңда отандық социология және саясаттану ғылымдарының негізгі жетістіктеріне жатқызуға болады.

Әріптестері мен шәкірттерінің оның бастап кеткен игі істері мен идеяларын әрі қарай жалғастырулары – Сәбит Ебентайұлының жарқын бейнесіне естелік болмақ.

**К. Л. СЫРОЕЖКИН,**  
саяси ғылымдарының докторы, профессор